

## Бесінші бөлім

### ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### §49. Республика егемендігін жариялау

1. Демократиялық қоғамға өтудің басталуы. 1989 жылы мамыр–маусым айларында өткен КСРО халық депутаттарының I съезінде саясаттағы, экономикадағы және қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани салаларындағы жағдайларға өткір, сыни және табанды талдау жасалды. Кеңес қоғамына төнген дағдарыстың себептерін іздеуге әрекет етілді. Съезде барлық дәрежедегі партия және мемлекеттік органдар қызметтерінің арасын ажырату мәселесіне арнайы тоқталынды.

Демократиялық қоғамға өтудің басталуы одақтас республикалар мен олардың мемлекеттік-құқылық формациялары арасындағы қатынастардың қалыптасқан практикасын қайта қарауға әкелді.

Жаңа одақтық келісімшарттың жасалу мүмкіндігі жайлы мәселені 1988 жылдың өзінде-ақ ең алдымен Балтық жағалауы республикалары ұлттық-демократиялық қозғалыстарының өкілдері көтере бастады. КСРО халық депутаттарының I съезінде де кейбір депутаттар тарапынан бұл мәселе көтерілді. Съезде унитарлық мемлекетке тән хал-ахуалдың түрін өзгертіп, қалыптасқан конфедерациялық құрылымды жаңа мазмұнмен байытуға, орталық пен республикалар арасындағы кейбір құқықтар мен міндеттерді қайта бөлуге деген ұмтылыс басым болды.

КСРО халық депутаттарының 1990 жылғы 15 наурыздағы кезектен тыс III съезінде Кеңес Одағының алғашқы президенті болып М. С. Горбачев сайланды. Бұдан кейін Одақтас республикаларда да президент сайлаулары өткізілді. Қазақ КСР-інің 1990 жылғы 24 сәуірдегі XII шақырылған Жоғарғы Кеңесінің I сессиясында Н. Ә. Назарбаев Республиканың тұңғыш Президенті болып сайланды. Мемлекет басшысы – ҚазКСР-інің Президенті мәртебелі лауазымын енгізуге «Президент қызметін бекіту және ҚазКСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» ҚазКСР-інің Заңы құқықтық негіз болды. Аталмыш заңға сәйкес Президент қызметі республикадағы жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси қайта құрулардың одан әрі дамуын, конституциялық құрылысты, азаматтардың құқықтарын, бостандығы мен қауіпсізді-

гін нығайту, жоғары мемлекеттік билік пен басқару органдарының өзара қатынасын үйлестіріп отыру үшін енгізілді. Президент республиканың егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдайды. Мемлекет басшысы – ҚазКСР Президенті мәртебелі лауазымы енгізілген уақыттан бері Республика Президентінің құзыреті күшейді.

**2. «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация.** 1989 жылдың өзінде КСРО-ны конфедерация принциптері негізінде өзгертудің нақты көріністері байқалды. Алайда ол жүргізілмеді. Осыдан соң республикалар өздерінің бөлінетіндігі жайлы батыл мәлімдей бастады. Орталық теледидар, «Правда», «Советская Россия» газеттері «Балтық жағалауы республикаларында адам құқықтары бұзылып, орталық басшылық бұл республикаларға экономикалық және саяси қысым көрсетіп жатыр» деп дауды күшейте түсті.

*Балтық жағалауы республикаларының, онан кейін Украина, Қырғызстан және Ресейдің парламенттері өз дербестігін қорғай отырып, Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылдады.* Егемендік туралы Декларацияны қабылдай отырып, одақтас республикалардың көпшілігі республикалық заң шығарудың басым тұстарын көрсететін арнайы бөлімдер енгізді. Республикалардың өз дербестігін кеңейту туралы әрбір талаптарынан орталық ведомстволар сепаратизм мен жікшілдік белгілерін іздеді.

КСРО басшыларының шындықты бағалап, түсінуге қабілетсіздігі, республика халықтарының ыңғайына барғысы келмеуі олардың беделін түсірді. Ресей Федерациясы да өзінің егемендігін жариялады. Бұл кеңестік жүйеге үлкен соққы болып тиді, Ресей «КСРО-ның бел омыртқасы» болып саналатын. КСРО-ның болашағы туралы мәселе түпкілікті шешілмей, ол ірі ел ретінде өмір сүре берді.

Қазақстан өзінің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын 1990 жылы 25 қазанда жариялады.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация Республика егемендігін заң жүзінде бекітудің бастамасы болды. Онда ҚазКСР аумағында Республика Конституциясы мен заңдарының, ұлттық мүдденің үстемдік ететіні айтылды. Одақтың Жоғарғы органдарының ҚазКСР-і Конституциясы мен егеменділік құқықтарын бұзатын заңдарының және басқа да актілерінің өз аумағында күшін жоятыны көрсетілді. Қазақ КСР-інің өзіндік меншігі, жер және оның қойнауы, су, ауа кеңістігі, өсімдік және жануарлар әлемі, халықтың мәдени және тарихи қазыналары бар екені атап айтылды. Республиканың Одақтық алмаз, валюта және алтын қорында өзіне тиесілі үлесі болатыны анықталды. Декларацияға сай Президент Республика басшысы саналды, заң шығару билігі Жоғарғы Кеңеске берілді. Сот билігі Жоғарғы Соттың құзырына өтті. Қазақстанды демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қайта жаңарту идеялары қамтылған Декларация қабылданғаннан кейін Республиканың жаңа Конституциясы жобасын жасау басталды.

**3. 1991 жылғы 19 тамыздағы Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитет (ТЖМК).** 1991 жылы 19 тамызда таңертең Кеңес Одағының радиостанциялары КСРО вице-президенті Г. И. Янаев, КСРО премьер-министрі В. С. Павлов және КСРО Қорғаныс Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары О. Д. Бакланов қол қойған мәлімдемені жария етті. Мәлімдемеде КСРО Президенті М. С. Горбачевтің денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқара алмайтындығы, бұл қызметтің КСРО вице-президенті Г. И. Янаевқа өтетіндігі туралы айтылды. Елді басқару және төтенше жағдай тәртібін тиімді жүзеге асыру үшін құрамына жоғарыда аталғандардан басқа КСРО КГБ (МҚК) төрағасы В. И. Крючков, КСРО Ішкі істер министрі Б. К. Пуго, КСРО Қорғаныс министрі Д. Т. Язов т.б. кірген 8 адамнан тұратын төтенше жағдай жөніндегі КСРО Мемлекеттік комитеті құрылды.

Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитет елдің ауыр экономикалық және саяси жағдайын суреттей келіп, барлық кінәні реформа саясатына аударып, кеңес халқына үндеу тастады. Үндеу өткен уақыттың дақпыртты ұрандарымен көмкеріліп, аяғында өздігінен құрылған комитетке жан-жақты қолдау көрсетуге шақырды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы А. Лукьянов қол қойған «Кеңес халқына үндеу» мәлімдемесі басылды, онда ол халықты төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитетті қолдауға шақырды.

*Конституцияға қарсы ТЖМК құруды мемлекеттік төңкеріс (путч) деп атаудан басқа жөні болмады.* ТЖМК бағаның өсуі, тауардың жетіспеушілігі, алыпсатарлық пен КСРО-ның күйреуіне наразы бұқараның қолдауына ие болуға тырысып бақты. Елде шиеленіскен жағдай қалыптасты.

ТЖМК-ның №1 қаулысы бойынша КСРО-ның барлық билігі мен басқару органдары, одақтық және автономиялы республикалар, өлке, облыс, қала, аудан, кенттер және ауылдар төтенше жағдай тәртібін мүлтіксіз орындауға міндеттенді. Осы қаулы негізінде саяси партия, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық қозғалыстардың қызметі тоқтатылды, митинг, шеруге шығу, ереуіл жасауға тыйым салынды. Бұқаралық ақпарат құралдарына қатаң бақылау орнатылды.

19 тамызда тағы бірқатар жарлықтар шықты. ТЖМК қаулысында демократия мен прогреске айрықша ықылас көрсеткен «Комсомольская правда», «Московские новости» газеттерінің басылуына тыйым салынып, «Известия», «Труд», «Рабочая жизнь» басылымдарын шығаруды шектеді.

**4. Қазақстан халқының ТЖМК-ға көзқарасы.** Қазақстан халқының Мәскеудегі тамыз төңкерісіне көзқарасы әр түрлі болды. ТЖМК-ның келгенін қуана қоштаушылар да табылды. Халықтың басым көпшілігі құрылған комитетті құптамады. «Азат», «Желтоқсан», Қазақстанның социал-демократиялық партиясы ТЖМК-ны қабылдаған жоқ және тұрғындарды оның жарлықтарына бағынбауға шақырды. 19 тамызда Президент резиденциясында министрлер,

әскерилер, кеңес қызметкерлері мен Қазақстан Компартиясы ОК басшыларының қатысуымен кеңейтілген мәжіліс өткізілді.

Мәжілісте түрлі ұсыныстар айтылды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің екінші хатшысы В. Г. Ануфриев бірнеше рет сөз сөйлеп, ТЖМК-ны қолдауды жақтады. Мәжіліс барысында жұмыс комиссиясы құрылды. Осы күні кешке қарай Н. Ө. Назарбаев қазақ теледидары бойынша республика халқы алдында сөз сөйледі. «Еліміз үшін аса бір жауапты сағатта, – деді ол сөзінде, – сіздерді тыныштық пен сабыр сақтауға шақырамын». Қазақстан Президенті республика егемендігін нығайту саясатына, демократия принциптеріне, КСРО-ның біртұтастығын сақтауға жақтастығын танытты. Ол Қазақстан аумағында төтенше жағдайдың енгізілмейтінін айрықша атап өтті.

Президенттің бұл үндеуі республика тұрғындарын тыныштандырды. Бұл кезде Мәскеуде жағдай аса ауырлап, шиеленісе түсті.

20 тамызда да қауіп бұлты сейілмеді. Бұл күні Н. Ө. Назарбаев жаңадан мәлімдеме жасады. Республика Президенті КСРО-ның қауіпті кезеңге таянғаны жөніндегі шешіммен келісе отырып: «Төтенше жағдайды тек конституциялық құқықтылық негізге сүйене отырып жариялауға болады... КСРО және республикалық Жоғарғы Кеңестердің қатысуынсыз үш адамнан құрылған комитет, басқасын былай қойғанда егемендік жөніндегі республикалар декларациясын аяққа басатын, нарықты экономикаға таңдап алынған бағытты кемсітетін заңсыз құжаттарды дүниеге келтіреді», – деп мәлімдеді.

**5. Демократиялық күштердің жеңісі.** ТЖМК-ның әрекетіне республикалардың көзқарасы өткен тәуліктердің ішінде күрт айқындала бастады. Украина, Қырғызстан өз республикалары аймақтарында жаңа үкіметтің жарлықтары жүрмейтіндігін мәлімдеді. Әскерилердің бір бөлігі халық жағына шықты.

Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитет (ТЖМК) мүшелерінің КСРО халықтары арасынан кең қолдау табылады деген үміті ақталмады. Оларды жоғары шендегі әскерилер мен партиялық номенклатураның шағын бөлігі, соның ішінде Қазақстандағы партия басшыларының азғана тобы қолдады. ТЖМК шегінуге мәжбүр болды.

21 тамызда оның жеңілетіндігі айқын болды. Бүлікшілердің мақсаты түбегейлі күйреді. Мұның негізгі себептерінің бірі – кеңес адамдарының қайтадан қатаң авторитарлық ереже бойынша өмір сүруді қаламайтындықтарында еді. Халықтың қолдауы демократиялық күштер мен заңды түрде сайланған өкіметтің жеңіске жетуін қамтамасыз етті. ТЖМК басшылары тұтқындалып, сотталды.

*ТЖМК басшыларының әкімшілік жүйені қайта жандандырып, республикаларды егемендіктен айыруға деген әрекеті ақыр соңында КСРО-ның күйреуіне әкеліп соқтырды.* 20 тамызда жасалуға тиісті Одақтық келісімшарт біржолата жойылды. Украина, Өзірбайжан өз әскерін құратындықтарын мәлімдеді. Қазақстан Президенті Н. Ө. Назарбаев «Қазақ КСР-інің Қауіпсіздік Кеңесін құру жөнінде», одан кейін «Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды Қазақ КСР-і үкіметінің қол астына көшіру жөнінде»,

«Қазақ КСР-інің алтын-алмаз қорын құру», «Қазақ КСР-інің сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыз ету жөнінде» Жарлықтар шығарды. Бұған қоса, республика Президенті Н. Ә. Назарбаев 1991 жылы 29 тамызда «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл жарлықтар одақтық ведомстволардың үстемдігін жойды, бірақ республиканың шынайы егемендігіне жетуге ерте болатын.

**6. Қазақстан Компартиясы қызметінің тоқтатылуы.** 1991 жылы тамызда Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев КОКП ОК Саяси бюросы мүшелігінен шығатыны жөнінде мәлімдеді. Кейіннен Қазақстан Компартиясы өзі де КОКП құрамынан шығып кетті.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1991 жылғы қыркүйек пленумында төтенше съезд өткізу жөнінде ұйымдастыру комитеті құрылып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қызметін тоқтатқаны жөнінде мәлімдеді.

1991 жылы 7 қыркүйек күні сағат 10-да Алматыда Қазақстан Компартиясының кезектен тыс және төтенше съезі ашылды. Ұзаққа созылған айтыстардың нәтижесінде *съезде Қазақстан Компартиясын тарату және жаңа партия құру туралы шешім қабылданды.* Жаңа құрылған партия социалистік болып аталатын болды.

Бірнеше айдан соң негізінен егде жастағы адамдардың бір тобы жаңа ұйым Коммунистік партияны құрды. Қазақстан Компартиясының ізбасары Социалистік партия қатарында лайықты басшы болмай, ақыры таратылды.

КОКП мүшелерінің бір бөлігі 1991 жылы 5 қазанда құрылған Қазақстанның халық конгресі партиясының құрамына кірді. Бұл партияның негізгі міндеті, оның бағдарламалық құжаттарында айтылғандай, парламенттік тәсілді пайдалана отырып, республиканың бұдан былайғы әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету болды. Партияның тең төрағалары болып көрнекті қоғам қайраткерлері, жазушылар О. Сүлейменов пен М. Шаханов сайланды.

Елде жүріп жатқан саяси үдерістер мен түрлі жағдайлар қалың бұқараның басын құрайтын жастар ұйымын айналып өтуі мүмкін емес еді. 1987 жылдан 1990 жылға дейін комсомол қатарының азаяуы үздіксіз жүріп отырды. Ұйымның жастар арасында беделі түсті.

1991 жылы қазанда Қазақстан ЛКЖО XVIII кезектен тыс съезінде Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы атауын Қазақстан жастар одағы деп өзгертуге шешім қабылданды. Осылайша, партиядан соң комсомол, оның ізінше пионерлер ұйымы да өмір сүруін тоқтатты.



Конфедерация, суверенитет, путч, ұлттық мүдде, резиденция

**Назар аударыңдар!**  
**Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!**



**Конфедерация** (кейінгі лат. confederatio – одақ, бірлестік) – 1) әрқайсысы өз тәуелсіздігін сақтайтын өзінің мемлекеттік өкімет және басқару органдары бар егеменді мемлекеттер бірлестігінің формасы. Конфедерация мүшелері белгілі бір салаларда барлық мемлекеттердің мүддесіне сай мәселелер мен әрекеттерді үйлестіру мен талқылау үшін арнайы органдар құрады; 2) қандай да бір қоғамдық немесе басқа ұйымдардың атауы.

**Суверенитет** (егемен) – мемлекеттің өзінің ішкі істері мен сыртқы саясатын жүргізудегі басқа мемлекеттерден толық тәуелсіздігі.

**Путч** (нем. putch) – шағын топтың мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатын көздеген бүлігі.

**Ұлттық мүдде** – үкімет белгілейтін мемлекет мүддесі.

**Резиденция** (лат. residentia) – мемлекет басшысының, үкіметінің, шет мемлекеттің елшісі орналасқан жер.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

- КСРО халық депутаттарының I съезінде қандай проблемалар қарастырылды?
- Республикалардың өз билігін дербес шешуге ұмтылуына бүкілодақтық басшылық қалай қарады?
- Қазақ КСР-інің Президенті қызметі қай жылы енгізілді?
- 1991 жылы 19 тамызда қандай оқиға болып өтті?
- 1991 жылы тамызда Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев қандай Жарлықтар жариялады?
- «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қашан жарияланды?
- Қазақстан Компартиясының қызметі қашан тоқтатылды?
- Қазақстан ЛКЖО атауы қалай өзгертілді?



### Шығармашылық тапсырмалар

- Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:
  - КСРО-ның 1991 жылы тамыздағы қоғамдық-саяси жағдайы.
  - 1991 жылғы «Тамыз бүлігі» және оған қатысты Қазақстан басшылығының ұстанымы.
  - Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация.
- Кестені толтырыңдар.

### Республика егемендігін жариялау

Қазақ КСР Президентінің құзыреті	«Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның негізгі идеялары	Семей ядролық полигонының жабылған жылы



## Тест тапсырмалары

1. КСРО-ның өмір сүрген жылдары:

- а) 1922–1986 жылдар
- ә) 1917–1991 жылдар
- б) 1922–1991 жылдар
- в) 1922–1990 жылдар
- г) 1920–1990 жылдар

2. Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитет (ТЖМК) құрылған жыл:

- а) 1985 жыл
- ә) 1980 жыл
- б) 1989 жыл
- в) 1988 жыл
- г) 1991 жыл

3. Қазақстан Компартиясы таратылғаннан кейін 1991 жылы қыркүйекте құрылған партия:

- а) социалистік
- ә) социал-демократиялық
- б) либерал-демократиялық
- в) демократиялық
- г) халықтық-демократиялық



## МӘТІНДІ КӨҢІЛ ҚОЙЫП ОҚЫҢДАР

*Ел президентінің көп қырлы қызметінің бір жағы жөнінде ауызша хабарлама жасаңдар.*

**НАЗАРБАЕВ** Нұрсұлтан Өбішұлы (06.07.1940 жылы Алматы облысының Қаскелең (қазіргі Қарасай) ауданындағы Шамалған ауылында туған) – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды металлургия комбинатында істеді. Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітіріп, инженер-металлург мамандығын алды. Өндірістік, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды жетік білуі, жұртшылықпен жақсы тіл табыса алуы, олардың қажеттіліктерін терең түсінуі, өз көзқарасы мен сенімін табандылықпен қорғай білуі, принципшілдігі мен биік



беделі Н. Ө. Назарбаевты қоғамдық жұмысқа тартуға ықпал етіп, осылайша оның саяси өмірбаяны басталды. Он жылдан астам уақыт бойы Қарағанды облысында жастар жетекшісі, кейінірек партия басшысы болды. Н. Ө. Назарбаев 1984 жылдан Республика үкіметін басқарды. 1989 жылы Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшылығына сайланды. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметін қоса атқарды. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Н. Ө. Назарбаев Қазақ КСР-інің Президенті болып сайланды. 1991 жылғы 1 желтоқсандағы бүкілхалықтық сайлау қорытындысы

бойынша Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. 1995 жылғы бүкілхалықтық референдумда оның Президенттік өкілеттігі 2000 жылдың желтоқсанына дейін ұзартылды. 1999 жылы 10 қаңтарда өткен бүкілхалықтық сайлауда Н. Ә. Назарбаев тағы да мемлекет басшылығына сайланды, баламалы негізде өткен осы сайлауда сайлаушылардың 79,78% даусына ие болды. 2005 жылғы 4 желтоқсанда 7 жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенттігіне балама негізде қайта сайланды. 2011 жылы 3 сәуірде өткен Қазақстан Республикасы Президентін сайлауда Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып тағы да қайта сайланды.

Н. Ә. Назарбаевтың есімімен халықтың ғасырлар бойы аңсаған арманының орындалуы – 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттілігінің жаңғыруы тығыз байланысты. Н. Ә. Назарбаевтың басшылығымен бір кездегі біртұтас халық шаруашылығы кешені қирағаннан кейінгі терең дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын нарықтық қатынастарға бағыттайтын шаралар қарастырылып, жүзеге асырылды. Нәтижесінде 1997 жылдың басында елдегі инфляция тоқтатылды, өндіріс жандана бастады; қаржы-бюджет, салық және жинақтаушы зейнетақы жүйелері құрылды, жекешелендіру жүргізілді; тұрғын үй, коммуналдық-шаруашылық реформалары орындалды. Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан –2030» стратегиясы елдің күш-қуаты мен ресурстарын басым бағыттарға жұмылдырды. 1999 жылдың соңына қарай Қазақстанда экономиканың тұрақты және серпінді даму тенденциясы байқалды. Саясаткер өрі экономист Н. Ә. Назарбаевтың жеке басының беделі Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройының арта түсуіне игі ықпал етті. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті. «ЭКСПО–2017» көрмесін Қазақстанда өткізу бұл тікелей Елбасының жеңісі.

Республикада ауыл өмірін жақсартуға, кедейшілікпен күреске, тұрғын үй құрылысын дамытуға т.б. бағытталған кең көлемді әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру басталды. Н. Ә. Назарбаев халықаралық ынтымақтастықтың сапалы түжырымдамасын қалыптастырды. Президенттің көптеген зерделі ойластырылған бастамалары, мәселен, Семей ядролық полигонын жабуы, ядролық держава мәртебесінен бас тартуы, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жігерлі еңбегі жоғары бағаланды. Н. Ә. Назарбаев мәдениеттер, діндер және өркениеттердің өзара түсіністігін орнықтыруға зор көңіл бөледі. Ол ғылыми ойдың дамуына, білім беру жүйесін қайта құруға зор үлес қосуда. Президенттің «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда, ол бойынша білікті жастар өлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алуда. Аса дарынды жастар үшін Президенттің «Дарын» сыйлығы тағайындалған. Н. Ә. Назарбаев – бірқатар ғылыми кітаптардың, әлеуметтік-экономикалық дамудың проблемалары мен қоғамдық-саяси тақырыптардағы еңбектердің авторы.

## **§50. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында**

**1. Қазақстан Республикасы Президентін бүкілхалықтық сайлау.** Республика егемендігінің орнығуымен Республика Президентін бүкілхалықтық сайлау қажеттігі туындады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 қазандағы қаулысымен сайлауды 1991 жылдың 1 желтоқсанында өткізуге шешім қабылдады. Бұл мемлекет



басшысын тұңғыш рет бүкілхалықтық сайлау болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында «Президент сайлау жөніндегі Заң» қабылданып, Президенттік қызметке Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Н. Ө.Назарбаев кандидат етіп ұсынылды.

Қазақстан халқының көпшілігі Н. Назарбаевтың кандидатурасын қолдады. «Желтоқсан» ұлттық-демократиялық партиясының төрағасы Хасен Қожахметов қажетті 100 000 дауысты жинай алмай, кандидат есебінде тіркелген жоқ. 1991 жылғы 1 желтоқсандағы бүкілхалықтық сайлаудың қорытындысымен Н. Ө. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Сайлауға дауыс беруге тіркелген сайлаушылардың 89% -ы қатысты, сайлаушылардың 99% -ы өз дауыстарын Н. Ө. Назарбаевқа берді. Бір мезгілде вице-президентті сайлау да өткізілді. Вице-президент болып Е. М. Асанбаев сайланды. 10 желтоқсан күні жергілікті уақытпен 15 сағатта Алматыдағы Республика сарайында Президенттің өз қызметіне кірісу салтанаты (инаугурация) болып өтті. Н. Ө. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті ретінде ант берді. Қазақ халқының дәстүріне орай ол ұлттық киім киіп шықты. Ақсақалдар оған алдағы уақытта табыс тіледі және республикада тыныштық сақтауды аманаттады.

**2. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту.** Әкімгершілік жүйенің ауқымынан босап шыққан республикалардың көпшілігі «кеңестік» және «социалистік» деген атаулардан бас тарта бастады. 1991 жылғы 10 желтоқсанда Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын **Қазақстан Республикасы** деп атау жөнінде шешім қабылданды. Бұрынғы атаудың идеологиялық астары болғандықтан, республикадағы қазіргі шынайы өмірді бейнелей алмайтын еді. Осымен бір мезгілде туған жер туралы құнды мағлұматтар беретін тарихи атауларын қайтару мақсатымен еліміздің қалаларының, көшелерінің, алаңдарының аттарын өзгерту жұмысы басталды. 1989–1992 жылдары Гурьев қаласы – Атырау, Целиноград – Ақмола, Шевченко – Ақтау, Голощекин ауылы – Приуралье болып өзгертілді. Республика картасынан «Коммунистік», «Социалистік», «Октябрь» деген сөздер жоғала бастады.

*Еліміздің тарихында елеулі рөл атқарған: Йасауи, Жәнібек, Керей, Қасым, Тәуке, Абылай, Қабанбай, Шәкәрім, Төле би тәрізді халықтың ардагер азаматтарының есімдері қайта оралды. Олардың атымен көшелер мен елді мекендер атала бастады.*

**3. Кеңестік кезеңдегі заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды ақтау.** Заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды құқықтық негізде ақтау жұмысы жолға қойылды. 1990 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Президенті Н. Ө. Назарбаев «30–40-жылдар аралығында және 50-жылдардың басында заңсыз қуғын-сүргіннен зардап шегіп, кейіннен ақталған азаматтарға жәрдем көрсету жөніндегі шаралар туралы» Жарлық шығарды.

Бұл – мемлекеттің өз азаматтары алдында кеш те болса кінәсін мойнына алуға жасалған алғашқы қадамы еді. Сталиндік лагерьлерде жазықсыз дүние салған А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев, Ө. Бөкейханов сияқты ақындардың, жазушылардың, қайраткерлердің есімдері мектептер мен елді мекендерге, көшелер мен алаңдарға берілді. Мысалы, Петропавл қаласының орталығындағы саябақ қазақтың көрнекті ақыны М. Жұмабаевтың есімімен аталды. Сол кездегі Торғай облысында А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың құрметіне мерекелік шаралар жүзеге асырылды. Абылай хан, Исатай мен Махамбет батырлардың мүшелтойлары салтанатты жағдайда аталып өтті. Көптеген қиындықтарға қарамастан, халық өзінің аса көрнекті ұлдарын жадынан шығарған жоқ. 1991 жылы 12 желтоқсанда Н. Ө. Назарбаев «1986 жылғы 17–18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде» Жарлық шығарды.

Жарлық бойынша желтоқсан оқиғаларына қатысқаны, қылмыстық, әкімшілік және тәртіп бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылғандар ақталды. Бірақ Жарлық қасақана құқық бұзу әрекеттері үшін сотталғандарға жүрмеді. Жоғарғы Кеңеске Желтоқсан оқиғасына байланысты ішкі істер бөлімінің әскери қызметкерлері мен құқық қорғау орындары қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен наградтау жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығының күшін жою ұсынылды. Сондай-ақ осы оқиғаға байланысты барлық лауазымды адамдарды КСРО медальдары және ордендерімен наградтау жөніндегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығын жою жөнінде КСРО Жоғарғы Кеңесіне өтініш жасау көзделінді.

**4. КСРО-ның таратылуы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы.** РКФСР, Беларусь және Украинаның басшылары 1991 жылдың желтоқсан айының басында Беларусь астанасы Минск қаласында бас қосты. Бұл республикалардың басшылары жүргізілген келіссөзден соң 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы келісімшарт күшін жойғанын мәлімдеп, *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру жөніндегі келісімге қол қойды.*

1991 жылы 13 желтоқсанда Ашхабадқа Қазақстан мен Орта Азия республикаларының басшылары жиналып, Минскіде қабылданған шешімді қолдайтындықтары жөнінде хабарлады. Бұл бұрынғы КСРО республикаларының, қазіргі тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматыдағы кездесуін ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

1991 жылы 20 желтоқсан күні Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) төңірегіндегі бірқыдыру мәселелерді талқылау үшін Өзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, РКФСР, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстанның басшылары Алматыға жиналды. Оған Грузия бақылаушы ретінде қатысты.

1991 жылы 21 желтоқсан күні жергілікті уақыт бойынша 11 сағат 30 минутта тәуелсіз мемлекеттердің басшылары Қазақстан Президентінің резиденциясында жиналды. М. С. Горбачев бұл жиын-


ға шақырылған жоқ. Сағат 15-ке қарай күні бұрын дайындалған құжаттарды талқылау аяқталды. Жергілікті уақыт бойынша сағат 17-де он бір республиканың басшылары мәжілістің қорытынды құжаттарына қол қойды. Осы уақыттан бастап *КСРО іс жүзінде өзінің өмір сүруін тоқтатты* және құрамына кірген республикалар тең құқылы құрылтайшысы болып саналатын *Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы дүниеге келді*.

**5. ТМД елдерінің саяси-экономикалық байланыстарын нығайту.** Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы мен жүйеленуі кеңес адамдарының қоғамдық санасында бір-біріне қарама-қарсы пікірлер туғызды. Біреулер ТМД-ны оған кірген мемлекеттердің өзара қарым-қатынасының табиғи және болашағы бар формасы, бұл қатынастар біртіндеп кемелдену барысында конференция негізіндегі тығыз экономикалық интеграциялық одаққа жеткізеді деп есептеді.

Ал кейбіреулер ТМД-ны бұрынғы КСРО республикаларының мәдениетті түрде ажырасу формасы ретінде қабылдап, уақытша байланысты жоғалтпай, ортақ мүлікті келісіммен бөлісуге ыңғайлы мүмкіндік деп қарады. ТМД-ның құрылуы оңай болмады. Дүние-мүлікті бөлісу, бірыңғай сомдық аймақ құру және КСРО-ның ортақ қару-жарағын бөлісуде қиыншылықтар пайда болды. Бірқатар республикалар (Балтық бойы республикалары, Молдова, Грузия) ТМД-ға кіруден бас тартты.

1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Лиссабон хаттамасына қол қойып, Қазақстанның ядролық қарусыз аумаққа айналатыны жөнінде мәлімдеді. Тәуелсіздік алған республикалар өздері үшін қауіпсіздіктің қосымша кепілдемелерін талап ете бастады. Оларды Ресейдегі саяси тұрақсыздық, әр түрлі саяси күштер мен қозғалыстардың күресі алаңдатты. Ресей мен Украина басшылығының арасында Қара теңіз флотын бөлісу

### Тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған міндеттері



жөнінде тартыс басталды. Қазақстан аумағындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағына да ешбір негізсіз талаптар қойылды. Әлемдегі ең үлкен мемлекет – КСРО-ның ыдырауы және оның құрамындағы республикалардың саяси бостандық алуы көптеген сауалдарды туғызды. Ал олардың бәрі бірдей бейбітшілік жолмен шешімін таппады, оған: Молдова (Днестр жағалауындағы аймақ), Грузия (Осетия мен Абхазия), Таулы Қарабақтағы қантөгіс мысал бола алады.

Жинақталып қалған проблемалардың бірталайын шешуге ТМД елдері басшыларының 1993 жылғы қаңтардағы Минскідегі кездесуі көмектесті. Кең ынтымақтастыққа жол ашып, достастықтың заң жүзіндегі негізін қалау үшін және оған мүше елдерге саяси бағыт беру мақсатында мемлекет басшылары көптеген құжаттарға қол қойды. Минскідегі кездесу Достастықтың нығаюы мен экономикалық және саяси байланыстардың одан әрі дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты. Бірақ кейде саяси айтыс-тартыстардың мәдени шеңберден шығып, қантөгіске әкеп соққан кездері де болды.

**6. Қазақстан Республикасының жаңа идеологиясын қалыптастыру.** Қазақстанның егемендік алуы – Қазақстанда тәуелсіз мемлекет құрудың бағыттары анық айқындалған жаңа идеологияны қалыптастыруды талап етті.

Халықтың көпшілігі «казармалық социализм» категориясымен ойлауды берік ұстанған, ал кейбіреулерді әлеуметтік жалқаулық депен алған Қазақстан жағдайында нарық негіздерін енгізумен қатар тәрбие жұмыстарын жүргізудің маңызы зор болды. Осы мақсатпен Ұлттық Кеңес Н. Ә. Назарбаевқа Республика азаматтарын өз концепциясымен таныстыруды ұсынды. *Қазақстан Республикасының Президенті өз көзқарасын, негізгі қағидаларын «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде баяндап берді.* Н. Ә. Назарбаев бұл еңбегінде Қазақстанға жаңа үлгідегі идеология керек пе, жоқ па деген мәселеге кеңірек тоқталды. Ол идеологияның кез келген мемлекетте, әсіресе, дамушы мемлекеттерде ішкі және сыртқы саясаттың принциптерін анықтайтындығын баса айтты. Еңбекте Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайына баға берілді. Өтпелі кезеңнің болмысы, Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұрақтылығын сақтауға мүмкіншілік жасайтын бағыт айқын көрсетілді. Мұндай еңбектің пайда болуы айтулы оқиға болды.



Республика, инаугурация, президент, президенттік басқару, казармалық социализм

### Назар аударындар!

Бұл сөздердің білгірліктеріңді арттырады!



**Республика** (лат. – қоғамдық іс) – мемлекет басшысын (мысалы, президент) халық немесе арнайы сайлау коллегиясы сайлайтын басқару формасы. Заң шығарушылық билікті сайланып қойылатын өкілдік орган (парламент) жүргізеді.

**Инаугурация** (лат. inauguro – арнаймын) – мемлекет басшысы мен басқа да сайланып қойылатын басшылардың өз қызметіне кірісуінің салтанатты рәсімі.

**Президент** (лат. praesidens, сөзбе-сөз – алдыңғы қатардағы) – 1) қазіргі заманғы мемлекеттердің көпшілігінде мемлекеттің сайланып қойылатын басшысы; 2) бірқатар қоғамдық және ғылыми мекемелердің, ұйымдардың (оның ішінде халықаралық ұйымдардың) атқарушы органының сайланып қойылатын төрағасы.

**Президенттік басқару** – төтенше жағдай жарияланған аймақтардағы азаматтардың мүдделерін қамтамасыз ету үшін заңмен қарастырылған, президент енгізетін уақытша басқару (мысалы, Үндістанда, АҚШ-та). Президенттік басқару кезінде мемлекеттік билік пен басқару органдарының өкілеттілігі уақытша тоқтатылады, ал олардың міндеттерін атқару президент құрған органға немесе ол тағайындаған қызмет адамына тапсырылады.

**Казармалық социализм** – қатаң, тоталитарлық тәртіпке негізделген социалистік құрылым.



## ДӘУІР ҚҰЖАТЫ

### Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының заңы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы

Республиканың көп ұлтты халқының өзін-өзі билеу принциптеріне, адам құқы мен бостандықтарының мызғымастығына, қоғамның саяси, экономикалық және идеологиялық жағынан саналуандығына негізделген демократиялық, тәуелсіз, бейбітшілік сүйгіш, құқылы мемлекет құруға ұмтылысын басшылыққа ала отырып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді.

1. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілсін.

2. Қазақ КСР Конституциясы (Негізгі Заңы) мен Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияға, Қазақ КСР заңдарына және мемлекеттік органдарының өзге де актілеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

Алматы қаласы, 1991 жылғы  
10 желтоқсан.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



#### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі келісімге қайда және қашан қол қойылды?
2. Қазақстанның тұңғыш Президенті болып кім сайланды?
3. Қазақстанның тұңғыш Президентінің инаугурациясы қашан өтті?
4. Қазақстанда заңсыз қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау ісі қай жылы басталды?

5. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауы Қазақстан Республикасы болып қашан өзгертілді?

6. Қазақстанды ядролық қарудан тыс аумақ деп жариялаған Лиссабон хаттамасына қай жылы қол қойылды?



### Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- КСРО-ның құрылу және өмір сүру тарихы.
- Қазақстандағы қоғамдық өмірдің демократиялану үдерісі.
- Қазақстанның тәуелсіздікке ие болу тарихы.
- 90-жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі.



### Тест тапсырмалары

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылған жылы:
  - а) 1991 жыл
  - ә) 1985 жыл
  - б) 1987 жыл
  - в) 1989 жыл
  - г) 1990 жыл
2. КСРО-ның бұрынғы республикаларынан ТМД-ны құру жөніндегі құжаттарға қол қоймаған республика:
  - а) Тәжікстан
  - ә) Қырғызстан
  - б) Өзбекстан
  - в) Грузия
  - г) Өзірбайжан
3. Қазақстан Республикасының халық пен мемлекеттік билік бірлігінің конституцияның мызғымастығының нышаны әрі кепілі:
  - а) мәжіліс
  - ә) мәслихат
  - б) сенат
  - в) мемлекет
  - г) Президент
4. Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы болып атала бастаған жыл:
  - а) 1992 жыл
  - ә) 1993 жыл
  - б) 1990 жыл
  - в) 1991 жыл
  - г) 1989 жыл
5. Қазақстандағы тұңғыш бүкілхалықтық Президент сайлауы өткен мерзім:
  - а) 1991 жылғы 1 желтоқсан
  - ә) 1991 жылғы 16 желтоқсан
  - б) 1992 жылғы 22 наурыз
  - в) 1990 жылғы 25 қазан
  - г) 1993 жылғы 28 қаңтар

## §51. Тәуелсіз Қазақстанның саяси дамуы


**1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау.** КСРО-ның ыдырау барысын тездеткен 1991 жылғы тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. *1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жөнінде Конституциялық Заң қабылдауы үлкен айтыс-тартыстың арқауы болды.* 1991 жылдың соңғы 4 айының ішіндегі саяси үдерістер тығырықтан шығудың табиғи жолына бастап әкелді: Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. «Мұндай заңды көп ұлтты Қазақстан халқы көптен күткен еді, – деп мәлімдеді республиканың халық депутаты С. Сартаев, – егер де оны біздің халқымыздың көптеген ұрпақтары жақындата түсті десем, ақиқатқа қарсы айтқан болмас едім. Тәуелсіздік үшін күрес үздіксіз дерлік жүргізіліп келді».

Қабылданған құжаттың *1-бабында* Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық, унитарлық және құқықтық мемлекет деп анықтама берілген. Ол өз аумағында барлық өкімет билігін толық жүзеге асырады, ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізеді, басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынасын халықаралық құқық қағидалары негізінде құрады. Қазақстан аумағы біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғылмайтын болып табылды.

Заңның *2-бабында* республика азаматтары ұлтына, діни сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстығына, шыққан тегіне, әлеуметтік және мүлктік жағдайына, кәсібіне, тұрған жеріне қарамастан барлық құқықтар мен міндеттерді, бостандықтарды пайдалана алатыны атап көрсетілді. Егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттіліктің қайнар көзі республика азаматтары болып табылады. Республика аумағынан кетуге мәжбүр болған және басқа мемлекеттерде тұратын қазақтарға өздері азаматтары саналатын мемлекеттің заңдарына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының азаматтығын да қоса алу құқығы берілді. Республика аумағынан жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру, басқа да адамгершілікке қайшы әрекеттер барысында қашып шыққандар мен олардың ұрпақтарының елге оралуына қолайлы жағдайлар жасалды.

Мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі қазақ ұлты және Қазақстанда тұратын басқа ұлттар мен ұлт өкілдері мәдениетінің қайта өрлеуі мен дамуына қамқорлық жасау болып табылады. *3-бапта* Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өкімет органдарының құрылымы анықталды. Қазақстан Республикасының және оның атқарушы өкіметінің басшысы – Президент болып табылады. Республика мемлекеттік тәуелсіздігінің экономикалық негіздері анықталған *4-бапта* республиканың тәуелсіз мемлекет мәртебесіне сәйкес келетін және меншіктің барлық түрлерінің көпқырлылығы мен теңдігіне негізделген дербес экономикалық жүйесінің болатыны атап көрсетілді. Жер мен оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи байлықтар,

## Қазақстандағы саяси үдерістер



ғылыми-техникалық және экономикалық мүмкіндіктер Қазақстан Республикасының меншігіне жатады.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі, ол өзінің тәуелсіздігін қорғау мен ұлттық мемлекеттілігін нығайту шараларын қабылдайды. Республиканың ажырамас құқығын құрайтын мәселелерді шешуге кез келген сырттан қолсұғушылық оның мемлекеттік тәуелсіздігіне нұқсан келтіру ретінде бағаланады. Қазақстан Республикасының өз мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң тарихи маңызды құжат және егеменді, демократиялық қоғам қалыптастырудың негізі болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңды қабылдау жөніндегі хабарды республика халқы қуана қарсы алды. *1991 жылғы 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні болып жарияланды.* Бұл күн 1986 жылғы желтоқсан құрбандарын еске алудың бес жылдығымен тұспа-тұс келді. Алматыда өткен митингіде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев, академик С. Зиманов, желтоқсан оқиғасына қатысқандар, алыс және жақын шет елден келген қонақтар сөз сөйледі. «1986 жылы желтоқсанда екі күш – жас, қатайып үлгермеген демократия мен тоталитарлық жүйе қақтығысты, – деді митингіде сөз сөйлеген М. Шаханов. – Алматыдағы оқиғалардан соң көптеген демократиялық бой көрсетулер болып өтті, тоталитарлық жүйе күйреді. Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттердің қатарынан өз орнын алуында 1986 жылғы желтоқсанның баға жетпес еңбегі бар».

Көп ұзамай Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзінің жетекші елдері таныды. *1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүшелікке қабылданды.* Республика өзіне Ұйымның Жарғысын бұлжытпай орындау міндеттемесін алды. Қазақстан адам құқығының БҰҰ ортақ декларациясымен бекітілген құқықтары мен бостандықтарының басымдығын мойындай отырып, дүниежүзілік қауымдастыққа



лайықты түрде қосылуға ұмтылатынын, алған міндеттемесін мүлтіксіз орындайтынын нық мәлімдеді.

1992 жылы қаңтарда Қазақстан өзінің тұңғыш алтынын шығарып, Мемлекеттің алтын қорын жинауды бастады.

Республиканың мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен *1992 жылғы қаңтарда Ішкі істер әскері құрылды*. Армия қатарына шақырылған жастар Қазақстан аумағында әскери борышын өтеу мүмкіндігіне ие болды. Бұрын, ұзақ жылдар бойы әскерге шақырылғандар туған жерінен неғұрлым алыс аумақтарда қызмет етуге тиіс болатын. 1992 жылы тамызда Республика Президенті әскери қызметшілер үшін әскери анттың жаңа мәтінін бекітті.

**2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері.** Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік рәміздерін қабылдауды талап етті.

*1992 жылы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы республиканың жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті*. Сол жылғы 11 желтоқсанда Республика Өнұранының жаңа мәтіні қабылданды.

1936 жылы бекітілген Қазақ КСР-інің мемлекеттік туы мен елтаңбасында Кеңес елінің идеологиялық бағытын (тап күресі, «кеңес» халқының бірлігі, коммунизм идеясын дүние жүзіне тарату) бейнеленген және республиканың этникалық-мәдени ерекшелігін ескермеген рәміздер енгізілген еді. *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы* – мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. Тудың жобасын сәулетші, суретші Ш. Ниязбеков жасаған. Тудың ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Тік бұрышты көгілдір матаның ағаш сабына бекітілген тұсында ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. Бірыңғай көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Күн – уақыт, замана бейнесі. Ұланбайтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін паш етеді.

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының негізі шаңырақ*. Ол елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ мемлекеттің түп негізі отбасының бейнесі. Шаңырақ күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар дала дүлдүлі, ер-азаматтың сәйгүлігі. Ол жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, қажырдың, тәуелсіздікке ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторлары Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Мемлекеттік Ту мен Елтаңба жөніндегі арнайы заңда Қазақстан Республикасының азаматтары және Республика аумағындағы басқа да азаматтар Ту мен Елтаңбаны құрметтеуге міндетті екендігі атап көрсетілді. 1992 жылы маусымда «Қазақстан Республикасы Өн-

ұранының музыкалық редакциясы туралы» Заң, кейіннен өнұран мәтіні қабылданды.

*Ал 2006 жылы қабылданған қазіргі Өнұран сөзінің авторлары Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев. Өнін жазған Шәмші Қалдаяқов. Халық арасында ыстық ықыласқа, сүйіспеншілікке бөленген Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әні ХХ ғасырдың ортасында, Хрущевтің өкімшілік реформалары кезінде шыққан. Бұл өн Қазақстан тұтас ел және жерінің бір шөкімін де өзгеге бермейді деген өжет дауылпаз ұран. «Менің Қазақстаным» әнінің рухы жаңа заманда Жаңа Қазақстанды орнатып жатқан халқымыздың рухани талап-тілегіне толық сай келеді.*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздерінің бірі. Өнұран салтанатты рәсімдерде, мемлекеттік органдар өткізетін өзге де шараларға байланысты орындалады.

Ел рәміздерін қабылдау аса маңызды тарихи оқиға болды. Көп жылдар бойы Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатын анықтау мүмкіндігінен айырылған еді. Енді жаңа рәміздерді қабылдау тарихи сахнаға жаңа мемлекеттің, жаңа бейбітшілік сүйгіш державаның шығуын білдірді.

**3. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы. 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елдің Негізгі Заңын – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдады. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық қазақстандықтар еңбегінің жемісі болып табылады.** Бұл маңызды құжаттың жобасын талқылау барлық жерде азаматтардың, әр түрлі саяси партиялар мен қозғалыстар өкілдерінің жиналыстарында, баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жүргізілді. Талқылау барысында бір-біріне мүлдем қарама-қарсы көзқарастар да айтылды. Қазақстандағы этнос өкілдерінің басым көпшілігі ел болашағына кепілдік беретін Ата заңның жобасын қолдады. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаты Александр Княгин Конституция жобасындағы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы ұсынысты табанды түрде қолдады. Республикамыздағы өзірбайжан ұлтының өкілі Асылы Өлиқызы Осман да бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы қажеттілігін дәйекті түрде насихаттады. Азаматтар мен заңгерлер талқылау барысында көптеген ескертулер мен толықтырулар енгізді. Жаңа Конституцияның ерекшелігі – оның Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастықтың ажырамас бөлігі деп жариялауы еді. Осылайша Қазақстан халықаралық нормалар мен демократиялық және құқықтық мемлекет құруға бағыт алғанын барша әлемге жария етті.

*Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы 4 бөлімнен, 21 тараудан тұрды. Конституцияның құрамдас бөлігі Қазақстанның қоғамдық даму ерекшелігін бейнелейтін өтпелі кезең жағдайларына арналған тарау. Өтпелі кезеңнің мақсаты бұрынғы және жаңа конституциялық заңдылыққа, мемлекет пен оның органдары мен институттарына қатысты кейбір жағдайларын байланыс-*

тыру, үйлестіруі тиіс болды. Конституция баптарының көпшілігі Отанымызда ұлтаралық жарасымдылықты сақтауға арналған. Онда Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының тең құқықтылығын қамтамасыз ететіні мәлімделді. Сондықтан да Негізгі Заңның ең басты назар аударған нысаны адам және оның өміріне байланысты мәселелер болды. Елдегі атқарылатын істердің бәрі Заң бойынша тек азаматтар мен қоғамның мүдделеріне сай жүргізілетін болып белгіленді.

Қазақстандық және кеңестік іс-тәжірибеде тұңғыш рет адам құқығы мен бостандығының басымдылығы танылып, Қазақстан халқы дүниежүзілік қауымдастықтың ажырамас бөлігі екендігі бекітілді. Конституцияда тілге байланысты проблемалар өз шешімін тапты. Конституция бойынша республикадағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ал орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі деп жарияланды. Мемлекет өз тарапынан ұлтаралық қатынас тілін, олардың еркін қолданылу салаларын сақтау мен еркін дамуына кепілдік берді. Мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қатынас тілін білмеушілік себептері бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынды. Конституцияның тілдер жөніндегі баптары дүние жүзі, сонымен бірге ТМД елдерінің ішіндегі неғұрлым демократияшыл баптар болып табылады.

Негізгі Заңда Қазақстан Республикасының жері біртұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды деп атап көрсетілді. Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі Қазақстан халқы екендігі жарияланды. Мемлекеттік билік Конституция және республика заңдары негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының ең жоғарғы заңдық күші бар. Конституцияның орындалуына Республика Президенті кепіл болады.

*Конституцияның тұтастай тараулары мен баптары азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне, қоғамға, оның негізгі құрылымына, отбасына, қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіруге арналды.*

Бұған әр адамның өмір сүру, меншік иесі болу құқығы, жиналыстар өткізу, бірлестіктер құру құқықтары жатады. Қазақстан азаматтары Конституцияны, республика заңдарын сақтауға, әрбір адамның ар-намысын, абыройын құрметтеуге тиіс. Бұған қоса республика азаматтары мемлекеттік рәміздерді – Елтаңба, Ту, Әнұранды қастерлеуге тиіс. Отанды қорғау әрбір азаматтың абыройлы борышы. Республика азаматтары заңмен белгіленген салықтар мен алымдарды төлеуге міндетті.

Үшінші бөлім мемлекет пен оның органдары мен институттарының құқықтық нормаларын айқындауға арналған. Төртінші бөлім Конституцияны сақтау кепілдіктеріне, Конституцияның тұрақтылығын қамтамасыз ету және оның ережелерін қорғауға арналған. Оқиғалардың бұдан кейінгі даму барысы көрсеткендей, республика Парламентінің Қазақстан Конституциясын қабылдауы тарихи маңызы бар оқиға болды. Конституция мемлекеттің өркениетті дамуының

негіздерін қалап қана қоймай, адам құқықтарын қорғау ісінде сенімді кепілге айналды. Осы аса маңызды құжатты қабылдау арқылы Қазақстан әлемнің тарихи сахнасына тағы бір демократиялық мемлекеттің шыққанын мәлімдеді.

**4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы.** 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Ата заңда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды. Жаңа Конституцияның 1-бабында Қазақстан өзін «демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жариялады. Жаңа Конституцияда идеологиялық және саяси көп-түрлілік жарияланды.

Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлы, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Басқару нысаны бойынша Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып анықталды. Қазақстанның негізгі демократиялық қағидалары адам құндылығы, адам құқығы мен бостандықтары, идеологиялық және саяси әр алуандылық (плюрализм) заң алдындағы теңдікке негізделді.

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының жаңа кезеңі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын қабылдаудан басталды. Жаңа Конституция негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі мемлекетті басқару жүйесі қалыптасты. Мемлекеттік құрылым, еңбек ету құқығы – баршасы заңға бағындырылды.



Сайлау құқығы, унитарлық мемлекет, Мемлекеттік әнұран, Мемлекеттік елтаңба, Мемлекеттік ту, Конституция

### Назар аударыңдар!

**Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!**



**Сайлау құқығы** – азаматтардың өкіметтің өкілдік органдарын сайлау және оларға сайлану құқығы.

**Унитарлық мемлекет** – федерациядан өзгеше, өз құрамында федерациялық бірліктер (штаттар, жерлер, автономиялар, автономиялық республикалар мен округтер) болмайтын, тек әкімшілік-аумақтық бірліктерге (аудан, облыс т.б.) бөлінетін мемлекеттік құрылымының формасы.

**Мемлекеттік әнұран** – мемлекеттің ресми символы, халықты ерлікке, елдікке, бірлікке, бауырластыққа үндейтін асқақ әуенді ұран, сазды жыр.

**Мемлекеттік елтаңба** – мөрлерде, мемлекеттік органдардың іс-қағаздарында, ақша белгілерінде т. б. бейнеленетін мемлекеттің ресми эмблемасы.

**Мемлекеттік ту** – мемлекеттік биліктің ресми символы, мемлекеттің егемендігін білдіреді. Мемлекеттік тудың сипаттамасы Конституцияда жазылады.

**Конституция** (лат. *constitutio* – құрылым) – мемлекеттің қоғамдық құрылысын, биліктің өкілдік органдарын құру қағидасы мен тәртібін, сайлау жүйесін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын негізгі заңы. Конституция – барлық ағымдағы заңдардың негізі.



## ДӘУІР ҚҰЖАТЫ

### СҮЙІНШІ, ХАЛҚЫМ, СҮЙІНШІ!

Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстанды БҰҰ-ға мүшелікке қабылдауға Бас Ассамблеяға ұсынуға шешім қабылдады.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың атына Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Бутрос Галиден жеделхат келіп түсті. Онда, қаңтардың 23-інде Қауіпсіздік Кеңесі өзінің мәжілісінде дауысқа салмай-ақ Бас Ассамблеяға Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдауға ұсынатын қарарды мақұлдағаны хабарланған. Осыған байланысты Б. Гали өзінің жеке құттықтауын білдіріп, Қауіпсіздік Кеңесінің мәлімдемесін жолдады.

Қазақстан Республикасы. 10 жыл шежіресі. – Алматы, 2001, 30–31-б.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



#### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қашан қабылданды?
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Заң анықтаған мәртебесі қандай?
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін атаңдар.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?
5. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қай жылы, қай күні қабылданды?
6. Конституциялық заңдар мен нормалардың сақталуына кім кепіл болады?
7. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қашан қабылданды?



#### Шығармашылық тапсырмалар

1. Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:

- Қазақстан Республикасы Конституцияларының тарихы.
  - Біріккен Ұлттар Ұйымы және Қазақстан.
2. *Кестені толтырыңдар.*

### Тәуелсіз Қазақстан

ҚР-ның тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет құзыретін реттеген заң	ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылданған жылы, айлары	ҚР Конституцияларының қабылданған жылдары



### Тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторлары:
  - а) Ш. Уәлиханов, Ш. Ниязбеков
  - ә) Ж. Мәлібеков, Ш. Уәлиханов
  - б) М. Әлімбаев, Ш. Ниязбеков
  - в) М. Әлімбаев, Ж. Мәлібеков
  - г) Ш. Ниязбеков, Х. Наурызбаев
  
2. Жоғарғы Кеңестің сессиясында Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаның бекітілуі:
  - а) 1989 жыл
  - ә) 1992 жыл
  - б) 1990 жыл
  - в) 1991 жыл
  - г) 1993 жыл
  
3. 2006 жылы қабылданған қазіргі Әнұран сөзінің авторлары:
  - а) М. Әлімбаев, Ш. Ниязбеков
  - ә) Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев
  - б) Ш. Ниязбеков, Х. Наурызбаев
  - в) Ш. Уәлиханов, Ш. Ниязбеков
  - г) Ш. Қалдаяқов, М. Әлімбаев

## §52. Егемен Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі

**1. Қоғамдық-саяси өмірдегі жаңалықтар.** Тәуелсіз мемлекетке айналған Қазақстан, отаршылдық езгіге түскен соңғы 200 жылдан астам уақыттан кейін *Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын* өткізуге мүмкіндік алды. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы 1992 жылы 29 қыркүйекте Алматыда ашылды. Құрылтайға түрлі кезеңдерде Отанынан кетуге мәжбүр болған дүние жүзінің 33 елінен келген қазақтар қатысты. Мұндай жиынды өткізу өз отандастарының алдында кешігіп болса да атқарылған гуманизмнің жоғарғы көрінісі болды. Отандастар әр түрлі жағдай-

ларға байланысты, негізінен мемлекет тарапынан жасалған күш көрсетудің нәтижесінде, туған жерлерін тастап, шет елдерді мекендеуге мәжбүр болған еді.

Қазақстаннан тыс жерлерде қоныс аударушылар кемсітушілікке де ұшырап, көптеген қиыншылықтар көрді.

Қонақтардың арасында көрнекті діни қайраткерлер, ғалымдар, кәсіпкерлер мен студенттер болды. Құрылтайға көптеген елдерден, үлкен қазақ диаспорасы бар Ресейден, Өзбекстаннан делегациялар келді. Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ө. Назарбаев, көрнекті ақын және қоғам қайраткері О. Сүлейменов, Түркиядан келген дінтанушы ғалым Халифа Алтай, Ресейден келген қонақ Аман Төлеев т.б. сөз сөйледі.

Қоғам күштерін барынша жұмылдыру мен халықтар достығын нығайтуда *1992 жылғы желтоқсанның ортасында өткен Қазақстан халықтарының форумы* үлкен рөл атқарды. Форумда интернационализм, тату көршілік қатынастарды дамытудың қағидалары жаңа тұрғыдан қарастырылды. Өзінің форумда сөйлеген сөзінде Н. Ө. Назарбаев Қазақстанды мекендеген халықтардың ұлттық келісім саясатын бекем және ақырына дейін жүргізетініне, олардың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрлерін дамыту үшін сенімді құқықтық кепілдіктерді құрудың қажеттігіне ерекше тоқталып өтті.

*1993 жылдың соңы Қазақстанда Кеңестердің жаппай өзін-өзі таратуымен де есте қалды.* Кеңестер көп жылдар бойы КОКП-ның өз билігін жүзеге асыруға пайдаланған шымылдық-пердесі болды. КОКП тарап, басқару жүйесі негізінен аудандық, қалалық, облыстық әкімшіліктер болып құрылған соң, Кеңестер өздерінің бұрынғы мазмұнынан айырылды. Көптеген Кеңестерде айтарлықтай елеулі жұмыстар жүргізілмеді, сан мыңдаған депутаттар корпусы немен айналысуын білмеді. Сондықтан «Кеңестерге не істеу керек?» деген сұрақ қоғамның кең топтарының арасында айтыс-тартыс нысанына айналды. Кеңестердің өзін-өзі тарату идеясы туындады.

Өзін-өзі тарататыны жайлы алғаш рет Алматы қаласы Алатау аудандық кеңесінің депутаттары мәлімдеп, басқа депутаттарды өздерінен үлгі алуға шақырды. Өз әріптестеріне арнаған үндеуде олар мұндай шешім қабылдау себебін ескі кеңестердің бүгінгі заманда елдегі саяси және экономикалық үдерістерде елді дағдарыстан шығаруға ықпал ете алмайтындығымен түсіндірді. Қараша айының соңына таман өзін-өзі тарату жөнінде Алматы қалалық және облыстық кеңестері, жүзге тарта жергілікті кеңестер мәлімдеді. Бірқатар халық депутаттары Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің де өзін-өзі таратуы жайлы мәселе көтерді.

Осындай жағдайда 1993 жылғы 8 желтоқсанда Алматы қаласында республика Жоғарғы Кеңесінің XI сессиясының екінші кезеңі өз жұмысын бастады. Сессияның жұмысына Республика Президенті Н. Ө. Назарбаев, Министрлер Кабинетінің мүшелері, облыстық өкілдер қатысты.

Негізгі мәселе Кеңестердің болашағы жөнінде депутаттардың көзқарастары екі ұдай болды. Депутаттардың басым көпшілігі жергілікті кеңестердің өкілеттілігін жаңадан сайланған жергілікті өкілдік органдары жұмыс істей бастағанға дейін, мерзімінен бұрын тоқтатуды жақтады. Барлық ұйымдастыру-құқықтық істер өкімшілік басшыларына тапсырылды. Бұған қоса Парламент «Қазақстан Республикасының сайлау туралы кодексін» қабылдап, Орталық сайлау комиссиясын құрды. Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарату туралы шешімін жариялады. Мемлекеттегі заң шығаратын жоғарғы өкілдік орган Сенат пен Мәжілістен тұратын қос палаталы Парламент болды.

**2. Республикада көппартиялы жүйенің өріс алуы. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар.** Қазақстанның зайырлы және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасу барысы *республикада көппартиялы жүйенің өріс алуына жол ашты.*

Көппартиялы жүйе қоғамдағы әр түрлі мүдделер мен көзқарастарды мойындауды білдірді. 1993 жылдың соңына қарай Қазақстанда ресми тіркеліп, әрекет еткен үш саяси партия – Социалистік партия, Қазақстанның Республикалық партиясы, «Қазақстанның халық конгресі» және ядролық жарылысқа қарсы «Невада–Семей», «Азат» азаматтық және басқа қоғамдық қозғалыстар, 11 республикалық ұлттық-мәдени топтар болды. Сонымен бірге республикада 300-ден аса қоғамдық-саяси бірлестіктер, олардың ішінде ондаған әр түрлі қорлар жұмыс істеді.

Қазақстандағы ықпалды саяси қозғалыстардың бірі – өз қатарына әр түрлі әлеуметтік топтардың, негізінен, интеллигенттердің бір бөлігі мен басшыларды біріктірген «Қазақстанның халық бірлігі» одағы еді.

«Қазақстанның халық конгресі» партиясы республиканың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, саяси партиялар, жергілікті өзін-өзі басқару, оппозиция, Қазақстан Республикасындағы сот реформасының тұжырымдамасы жөніндегі заң жобаларын қабылдау мен талқылауға, Жоғарғы Кеңестің сайлауына қатысты. Партия басшысы О. Сүлейменов еуразиялық интеграция идеясын жақтаушы ресейлік «Азаматтық одақ» және «Демократиялық реформалар қозғалысы» сияқты қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатты.

Қазақстанның Социалистік партиясы (ҚСП) өзін ұйымдық жағынан нығайту, материалдық-техникалық базасын жақсарту жолында біраз жұмыстар атқарды. Осы мақсатпен ҚСП саяси атқару комитеті партияны қолдайтын кәсіпкерлер мен коммерциялық құрылымдардың республикалық мәжілісін өткізді.

«Отан» республикалық саяси партиясы 1999 жылы құрылды. 2006 жылы оныншы съезде партияның атауы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы деп өзгертілді. Төрағасы – ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Төрағаның қазіргі бірінші орынбасары – Бауыржан Байбеков. Партияның Қазақстанның барлық



облыстарында, Астана және Алматы қалаларында бөлімшелері бар. Партияның әлеуметтік негізін бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, студенттер, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, шағын және орта бизнес өкілдері құрайды. Басты мақсаты: партия қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформалардың жүзеге асуына белсенді түрде жәрдемдесу, әлеуметтік әділеттілікті бекіту және елдегі тұрақтылықты сақтау, ұлтаралық және конфессияаралық келісімдер нығайту т.б. деп жариялады.

Ғани Қасымовтың төрағалығымен құрылған «Қазақстан Патриоттар партиясы» – Республика халықтарының ұлттық өркендеуін, қоғамның әлеуметтік белсенді бөлігін мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатыстыруды, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді т.б. көздейді.

Қазақстан социал демократиялық «Ауыл» партиясы 2002 жылы құрылды. Төрағасы – Ғани Қалиев. Партия аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді және қолдауды күшейтуді, ауыл еңбекшілерінің мүдделерін қорғауды т.б. мақсат етіп алған.

«Қазақстан Коммунистік Халық партиясы» 2004 жылы тіркеуден өткен. Бірінші хатшысы Владислав Косарев. Партияның саяси тұғынамасына сай ҚКХП қызметінің негізінде қоғамдық дамудың жаңа жағдайларына бейімделген маркстік-лениндік идеология жатыр.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы Әлихан Бәйменовтің төрағалығымен құрылып, 2002 жылы тіркеуден өткен. Партияның мақсаты – тәуелсіз, гүлденуші, демократиялық және еркін Қазақстан. Партия Қазақстанды одан әрі демократияландыру бойынша ұсынымдар жасау жөніндегі келісу комиссияларының жұмысына белсенді араласады.

«Азат» қозғалысы мен Қазақстан Республикалық партиясы тактика жағынан көп қиыншылыққа ұрынды. Бірқатар басшылар өкіметті әлсіздігі, батылсыздығы үшін айыптап, оған үнемі қысым көрсету жолын берік ұстанса, басқалары келісімпаздық тактикасына ойысып, қоғамның эволюциялық дамуын жақтады. Мұндай алшақтық кейіннен дербес ұйымдардың құрылуына алып келді.

Өз төңірегіне негізінен республикадағы славян халықтары өкілдерін топтастырған «Лад» республикалық қозғалысы өз қатарын нығайту жөнінде белсенді жұмыс жүргізді. *Осылайша қоғамдық-саяси қозғалыстар республикада нақты саяси күшке айналды.* Қазақстанда ресми түрде тіркелген 12 саяси партия, 5820 әр түрлі үкіметтік емес ұйымдар, 3340 қоғамдық қор қызмет атқаруда. Қалыптасу кезеңінен өткен саяси партиялар күнделікті қызметінің түрлері мен әдістерін жетілдіріп, қызмет аумағын едәуір кеңейтті және өздерінің саяси күреске араласа алатынын көрсетті. Қозғалыстардың басшылары бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалана бастады. Осы аталған және азаматтық қоғамның басқа да құрылымдары елді демократияландырудың маңызды бағыттары болып табылады.

**3. Қазақстан халқы Ассамблеясы.** Қазақстан Республикасы тағдыры ортақ этностардан тұратын унитарлы мемлекет ретінде құрылды. Республикамызды мекендейтін этникалық топтарды біріктірудің сара жолы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болды. Өлемде теңдесі жоқ жаңа құрылымды ұйымдастыру аймақтарда кіші Ассамблеялар құрудан басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы Елбасының бастамасымен 1995 жылы құрылды. Ассамблея Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерін біріктіреді. Мақсаты – республикадағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз ету; өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этникалық топтардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. 2008 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды. 2013 жылы 24 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан–2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті.



Құрылтай, форум, Ассамблея

**Назар аударыңдар!**

**Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!**



**Құрылтай** – ресми кеңес, қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты басқосу жиылысы.

**Форум** – алқалы жиын, мәслихат.

**Ассамблея** – Халықаралық ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы.



**ДӘУІР ҚҰЖАТЫ**

**Қазақстан Республикасының Президенті,  
Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев  
«Қазақстан–2050» Стратегиясы:  
бір халық – бір ел – бір тағдыр»**

**Қымбатты Отандастар!  
Қадірлі қауым!**

Қасиетті қазақ жерін татулықтың талбесігі етіп, бейбітшілікке бөлеген Қазақстан халқы Ассамблеясы биыл кәмелетке толды.

Ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде, бірлігіміздің бастауы болсын деп қолымызбен құрған Ассамблеяның дүниеге келгеніне 18 жыл.

Осы аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды.

Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды.

Осы жылдар ішінде Ассамблея көмелет жасына жетіп, ұлтымыздың аса маңызды жалпыазаматтық институтына айналды.

Қазақстан этностық жанжалдардан азат аймақ.

Бүгін біз Ассамблея – тұтастай Қазақстан халқы деп толық негізбен айта аламыз.

Барлық он жеті миллион!

Бүгін Ассамблея – тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы. Ассамблея тарихы – ел тарихы, халық тарихы.

«Егемен Қазақстан», 25 сәуір, 2013 жыл.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы қай жылы өтті?
2. Құрылтайға әлемнің қанша елінен өкілдер қатысты?
3. Қазақстанда Кеңестер жаппай өзін-өзі қай жылы таратты?
4. Парламент палаталары қалай аталады?
5. 1990 жылдары республикада қандай саяси партиялар мен бірлестік, ұйымдар жұмыс істеді?



### Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы.
- Қоғамдық қозғалыстардың, одақтардың, партиялардың құрылу тарихы, олардың мақсаты мен міндеттері.



### Тест тапсырмалары

1. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткен жыл:
  - а) 1999 жыл
  - ә) 2003 жыл
  - б) 1992 жыл
  - в) 1990 жыл
  - г) 1991 жыл
2. Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары:
  - а) Сенат пен Халық жиналысы
  - ә) Жоғарғы Кеңес
  - б) Қазақстан халқы Ассамблеясы
  - в) Жоғарғы Кеңес пен Ұлттар Кеңесі
  - г) Сенат пен Мәжіліс

## §53–54. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер

**1. Нарықтық жүйеге көшудің қиыншылықтары.** Экономикалық реформаларды жүзеге асыруда Қазақстан үлкен қиыншылықтарға кездесті. *Экономиканы әміршіл-әкімшіл басқарудан нарықтық жүйеге көшу аса қиын әрі күрделі болып шықты.* Бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуі, келісім тәртібінің нашарлауы салдарынан көптеген кәсіпорындардың жұмысы тоқтап қалды. Жағдайды Қазақстанның 1992 жылға дейін Ресеймен бір экономикалық кеңістікте болғаны қиындата түсті.


Тұтынушылық рынок мәселесі барынша шиеленісті, азық-түлік, киім жетіспеді, алыпсатарлық пен жемқорлық өрістеді.

*1992 жылдың басында* Егор Гайдар үкіметінің Ресейде бағаны босатуы жағдайды қиындата түсті. Ресей әрекетін Қазақстан да қайталауға мәжбүр болды. Қалыптасқан жағдайда Республика Президенті Жоғарғы Кеңес Президиумымен келісе отырып, республика аумағында *1992 жылғы 6 қаңтардан бастап бағаны босату туралы Жарлық қабылдады.* Еркін баға енгізілуімен тауарлардың барлық түрі бірден қымбаттады. Қабылданған нарыққа өту бағдарламасын кәсіпорындардың, сауда орындарының бірқатар жетекшілері өнім бағасын шектен тыс қымбаттату деп түсінді. Тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетудің жаппай қысқаруы, кей реттерде мемлекеттік кәсіпорындардың толық тоқтатылуы бағаның күрт жоғарылауына әкеп соқты. Тек бағаны босатудың алғашқы кезеңінде (1992 жылғы қаңтар) ол 186,4 есе, ал сәуірдегі (1991) реформадан кейін – 554,6 есе өсті.

Азық-түлік және өндірістік тауарлар бағасының өсуіне ықпал еткен факторлар – энергия ресурстары бағасына бақылаудың алынуы, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу құнының өсуі, сонымен бірге көтерме бағаның алты есе өсуі болып табылады. Жұрттың жалақысы түгелдей азық-түлік алуға кетті. Күрделі тұрмыстық, мәдени және шаруашылық техникалары бағасы қымбат болғаны соншалықты, көпшілік оларды сатып ала алмады. Қаңтар мен тамыз аралығында азық-түлік бағасы бірнеше есе қымбаттады. Мемлекеттің көмектесу, қарайласу саясатына қарамастан, нан өнімдері бағасы едәуір өсті.

Енді түсірген пайдасына, табысына қарай адамдар бөліне бастады. Нарыққа көшу саясатының бұрмалануынан өз жағдайын алыпсатарлық, делдалдық, пара алумен түзеп алған адамдар тобы пайда болды. Жемқорлық, әсіресе шенеуніктер арасында күшейді. Байлықты негізгі өндіретін халықтың жалақысы бір айлықтан екіншісіне дейін зорға жетті. Әсіресе, көп балалы отбасылар мен зейнеткерлер қиын жағдайда қалды. Тұрмыс жағдайының одан әрі нашарлауы тұрғындардың жаппай наразылығын тудырды. Мұғалімдер, зейнеткерлер мен дәрігерлер жалақысын көбейтуді талап етіп, ереуіл өткізді.

## Қазақстан экономикасындағы өзгерістер



1992 жыл өте күрделі жағдайда өтті. Еңбекшілердің әлеуметтік жағдайының нашарлауына Ресейде жасалған реформаны сол қалпында қайталау да біршама әсер етті. Саудада, қоғамдық тамақтандыру мен қызмет көрсету саласында меншікті жекешелендіру баяу жүрді. Еңбек өнімділігі төмендеп, тәртіп едәуір нашарлады.

**2. Нарықтық экономиканы қалыптастыру.** Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформа экономиканы басқару құрылымын, мемлекеттік органдардың қызметі мен рөлін түбірлі өзгертуді қарастырды. *Жаңа нарықтық қатынас жағдайында министрліктер қызметі түбірімен өзгерді.* Ендігі олардың міндеті кәсіпорындарды басқару емес, саланың дамуын үйлестіру, техникалық прогрестің маңызды бағытын таңдауды және өндірісті дамытуды негіздеу болды. Өзара пайдалы ынтымақтастық, икемді өндірістік құрылым жасау мақсатымен терең экономикалық реформа жағдайында 1992 жылға қарай 35 тұрақты қоғам, 75 салааралық және сыртқы экономикалық қауымдастықтар, 30 концерн мен консорциум, 30-дан аса коммерциялық банк құрылды.

Нарықтық құрылымның дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жоспары жасалды.

Тәуелсіздігін баянды етуге ұмтылған кез келген мемлекеттің ішкі саясатындағы маңызды мәселе – меншік түрлеріне қатысты мәселені дұрыс шешу болып табылады. Сондықтан *Қазақстанда нарықтық құрылымның дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы жасалды.* Экономика саласын реформалаудың алғашқы жылдарында республикадағы

негізгі қордың 80%-ы мемлекеттік меншік үлесіне тиісті болды. Жекешелендіру экономикалық дағдарыстың тереңдеуімен қатар келді. Республикада ірі кәсіпорындардың үлестік салмағы жоғары болатын. Шикізат шығаратын және өңдеуші өнеркәсіп саласы басым еді. Сондықтан жекешелендіруге өтуде республиканың экономикалық даму ерекшелігін ескеру қажет болды. Ең бірінші кезекте өзін-өзі ақтамаған мемлекеттік секторларды жекешелендіру міндеті қойылды.

«Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заң мемлекеттік меншік түрлерін төмендегідей өзгертуді қарастырды. Олар: мүлікті жалға беру; жалға берілген мүлікті сатып алу; мүлікті еңбек ұжымдары мүшелерінің сатып алуы; мүлікті конкурс немесе аукцион арқылы сатып алу; мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамға айналдырып қайта құру еді.

Меншік құрылымдары түрлерінің артықшылығымен қатар кемшіліктері де болғанын айтып өту керек. Орта және ірі мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруде акционерлік қоғам құру (АҚ) басым болды. Ұсақ және орта кәсіпорындарды жекешелендіруде сауда, қоғамдық тамақтану мен тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері тікелей сатуға шығарылды.

*Қазақстандағы жекешелендіру төрт кезеңде өтті.*

*Бірінші кезеңде (1991–1992 жылдар)* жекешелендіру белсенділік байқату сипатында жүзеге асырылды. Мемлекеттік органдар белгілі бір кәсіпорынды жекешелендіру мәселесін кәсіпорын ұжымынан өтініш түскеннен кейін ғана шешті. Онан соң аукцион, конкурс өткізу арқылы сатылды немесе өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым еңбек ұжымына ақысыз берілді. Осы төртіппен 4,5 мыңнан астам мекеме жекешелендірілді, оның ішінде 0,5 мың совхоз ұжымдық меншікке берілді.

*Жекешелендірудің екінші кезеңі (1993–1995 жылдар)* «Қазақстан Республикасында 1993–1995 жылдары мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын» бекітуден бастау алады. Бұл бағдарлама – бәсекеге қабілетті тұтынушы нарығын құру, кәсіпкерлікті дамыту, өндіріс тиімділігін арттыруды мақсат етіп қойды. Қазақстан экономикасының базалық саласын қамтитын: өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, құрылыс мекемелерін, банк ісін, сондай-ақ халық тұтынатын тауарлар шығарушы салаларды, ірі және орта мемлекеттік кәсіпорындарды кең көлемді жекешелендіру қарастырылды. Екінші кезеңнің өзіндік ерекшелігі мемлекет иелігінен алу, монополияға қарсы шаралар қолдану принципінде еді.

Кәсіпорындарды акционерлік қоғамдарға айналдыру жұмысы қатар жүргізілді. Алғаш рет жеке жоба бойынша Алматы темекі комбинаты мен Шымкент кондитер фабрикасы сатылды. Осы кезеңде айтарлықтай қиын жағдайда тұрған «Қарметкомбинаты» тек ірі көлемді инвестиция құтқара алатын еді. Комбинат сатылып,

оның жаңа меншік иелері еңбекақы бойынша қарыздарды бірден жапты. Домна пештеріне жөндеу жұмыстарын жүргізді, маңызды технологиялық жобаларды қайта жаңғыртып, цех құрылысына ыстық мырыштау мен алюминдеу үдерісін енгізді.

1995 жылы «Жезқазғантүстіметалл» комбинаты банкротқа ұшыраудың алдында тұрды. Кәсіпорынның 170 миллион доллар қарызы болды, оның 10 миллионы еңбекақы үшін қарыз еді. 1996 жылы «Жезқазғантүстіметалл» комбинаты акциясын сатып алу бойынша өткен тендерде «Самсунг» компаниясы жеңіске жетті, комбинатқа жүздеген миллион доллар инвестиция салды.

Жекешелендірудің *үшінші кезеңі* (1996–1998 жылдар) – электр қуаты мен мұнай-газ саласын жекешелендірудің басталуы, секторлық бағдарламаларға өту кезеңі.

1999 жылдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып отырған *төртінші кезең* мемлекеттік меншікті реттеу мен жүйелеуге қатысты мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттілікті бөлудің жаңа әдістерімен сипатталады.

Нарықтық экономикаға көшудің құқықтық негізін құру мақсатында Республика Парламенті көптеген заңдар мен нормативтік актілерді қабылдады, олардың ішінде мынадай: «Қазақстан Республикасындағы меншік туралы», «Қазақстан Республикасындағы шетел инвесторлары», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкершілікті дамыту және шаруашылықтағы қызмет бостандығы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер туралы» т. б. маңызды заңдар болды.

Мемлекеттік монополия электр энергиясы, темір жол салу мен пайдалану, қорғаныс қажетін қамтамасыз ететін салаларда, ғарыштық жұмыс пен зерттеуде, сонымен бірге магистральді құбыр жүйелерінде, коммуникациялар мен байланыс желілерінде уақытша сақталды. Әр түрлі банктерді біріктіретін жаңа банктік құрылым жүйесі жасалды. Бірақ жасалған құрылымдық өзгерістер республиканың материалдық қиын жағдайын тез арада жақсартпа алмады. 1993 жылдың өн бойында Н. Ә. Назарбаев Парламент пен Үкіметтің бар күшін ТМД елдері экономикасын интеграциялауға бағыттады. Ол өзара пайдалы ынтымақтастықтың артықшылығын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін еді. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолын іздеген Қазақстан жаңа типтегі сом аймағын құруды ұсынды. Қазақстан Ресей басшылығының тең құқықты негіздегі жаңа сом аймағы құрылатыны туралы мәлімдемесін бірнеше рет алды.

Қарашаның басында республика Премьер-Министрі С. Терещенко бастаған Қазақстан делегациясы Қазақстанның бірыңғай сом аймағына енуі туралы шартқа қол қою мақсатымен Мәскеуге барды. Алайда келіссөздер барысында Ресейдің жаңа талаптары көбейе берді, түптеп келгенде олар Қазақстанды экономикалық егемендігінен айыруға дейін жеткізетін талапқа тірелді. Сонымен бірге көрші мемлекеттерден Қазақстанға ескі үлгідегі сомдардың көптеп

төгілуі 1993 жылғы қарашаның соңына қарай республиканың ақша жүйесін тұралатты, инфляцияны өршітті. Осы жағдайлардың бәрі тұрғындардың тіршілік деңгейіне мүлде кері әсер етті.

**3. Ұлттық валютаны енгізу.** Қалыптасқан жағдайды жан-жақты талқылап, Қазақстан Республикасының басшылығы өз валютасын енгізу керек деген шешім қабылдауға тоқталды. Республика Президенті Қазақстан Республикасы тұрғындарына үндеу жариялады. Қазақстан Ресейді, басқа да ТМД мемлекеттерін осындай қадамы туралы уақытында хабардар етті. Өз валютасын енгізерде Қазақстан өзге мемлекеттердегі ақша реформасы мен ұлттық валютаны енгізу тәжірибесін есепке алды. Ұлттық валюта енгізудің сынағы мен болжамы анықталып, жаңа ақша белгісінің үлгілері жасалды. Қазақстан Үкіметі мен Ұлттық банк ұлттық валюта банкноттарын дайындауға кірісті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен *ұлттық валюта – теңге 1993 жылы 15 қарашада айналымға енгізілді.*

Ұлттық валютаны одан өрі нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы шықты. Онда тұрғындар мен мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау жөнінде іс-шаралар белгіленді. Бірақ инфляцияға қарсы күрес бағыты өндірістің құлдырауы мен жұмыссыздықтың көбеюіне әкеліп соқты. 1995 жылы өнімдер мен тұтыну тауарлары өндірісі нашарлай берді. Машина жасау мен жеңіл өнеркәсіпте едәуір артта қалу жалғасты. Өндірістік кәсіпорындарда өзіндік қаржы айналымы жетіспеушілігі қатты сезілді, инвестициялық белсенділік төмендеді. Түскен табыс мемлекет алдындағы салық міндеткерлігін, сабақтас кәсіпорындар арасындағы өзара төлемге және қызметкерлерге жалақы төлеу бойынша қарызды жабуға да жетпеді. 1995 жылғы 1 қазанда жалақы бойынша қарыз 25 100,8 млн теңгеге, ішкі жалпы өнім көлемінің 23,97% -ына жетті.

Бұл үдерістер жұмыссыздықтың көбеюімен қоса жүрді. 1995 жылдың ішінде жұмыспен қамту қызметтері 153 мың жұмыссызды ресми түрде тіркеді, бұл 1994 жылмен салыстырғанда 1,9 есе көп еді.

**4. Ауыл шаруашылығын нарық талабына сай қайта құру.** Ауыл шаруашылық рыногы жағдайы бірқатар факторлармен – елдегі жалпы әлеуметтік-экономикалық саясатпен де, жеке проблемалармен де байланысты айқындалады. *Нарықтық экономиканың қалыптасуы меншік пен шаруашылық жүргізудің әр түрлі тәсілдеріне негізделген көпқырлы экономиканы орнықтырумен тікелей байланысты екені белгілі.* Осыған байланысты республикада колхоздар мен совхоздарды қайта құру, меншік түрі мен агрокәсіпорындар құрылымын өзгерту, жаңа типті меншік иесі жұмыскерді қалыптастыру, оған өндіріс құралдарын, өнімі мен табысын еркін пайдалану құқығын беру кең көлемде жүргізілді. 1995 жылдың басында 30168 әр түрлі агроқұрылымдар, соның ішінде 2946 совхоздар мен басқа да мем-



лекеттік кәсіпорындар, 1082 ұжымдық кәсіпорын, 295 акционерлік қоғам, 434 колхоз, 487 ауыл шаруашылық кооперативтері, 22401 шаруа қожалығы, 150 жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен 592 ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмыс істеді. 1995 жылдың бірінші жарты жылдығында 1671 совхоз шаруашылық жүргізудің мемлекеттік емес нысанына айналдырылды, бұл 1992 жылдың 1 қаңтарындағы барлық шаруашылықтың 78,8%-ын құрады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындары мал, астық және басқа өнімдерін жанар-жағармайға, қосалқы бөлшекке, еңбекшілердің жалақысын төлеуге т.б. өткізе бастады. Айырбас операциялары жабдықтаушылардың талабымен орындалды. Республика ауыл шаруашылығы алдында тағы да онға тарта проблема туындады. Нарықтық инфрақұрылымның қалыптаспаған кезіндегі өнім өткізудің қиындығы, салықтың жоғарылығы, өтем қабілетінің төмендігі, ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың болмауы және т.б. ауыл шаруашылығының жедел дамуына кедергі келтірді.

*Алайда жүргізілген реформалар өз жемісін де бере бастады.* Ол, әсіресе, 90-жылдардың соңында айқынырақ байқалды, ал ХХІ ғасырдың басында түбегейлі өзгеріс орнады. Тауар рыногы мөлейіп, кезекке тұру жоғалды, жәрдемақы, еңбекақы уақытында берілетін болды. Теңге едәуір нығайды. Совхоздар мен колхоздар меншігі келмеске кетті. Жекешеге берілген мыңдаған орташа және ірі кәсіпорындар жұмыс істей бастады. Қарапайым азаматтардың тіршілігі біршама жақсарды. Қаңырап бос қалған көптеген ауыл мен селолар жандана бастады.



Инфляция, баға, жекешелендіру, экономикалық дағдарыс, аукцион, акция

### Назар аударыңдар!

Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Инфляция** (лат. inflatio – желбуаз) – ақшаның құнсыздануы – ақша айналысы арналарының тауар айналымы қажеттерінен артық мөлшерде толуы.

**Баға** – заттың құны, нарқы. Бағаны босату – заттың өзіндік құнын белгілеу еркіндігі.

**Жекешелендіру** – меншік қатынастарын реформалау арқылы мемлекеттік меншікті меншіктің басқа нысандарына айналдыру үдерісі.

**Экономикалық дағдарыс** – өндірістің бүкіл қайшылықтарының аяқ астынан пайда болуын сипаттайтын экономикалық цикл фазасы. Сұраныс қабілетінің аздығына қарамай тауардың артық өндірілуі, өндірістің шұғыл қысқаруы және өндірістік аппараттың толық пайдаланылмауының күшеюі, өндіргіш күштердің бүлінуі, бағаның құнсыздануы, жұмыссыздықтың өсуі, жұмысшылардың нақты жалақысының және еңбекші шаруаның

табыстарының төмендеуі, ұсақ өндірушілердің жаппай күйзеліске ұшырауы.

**Аукцион** – көпшілік алдында кім бағаны асырса, соған сатылатын бәсеке сауда.

**Акция** – акционерлік қоғам қаржысына белгілі бір үлес қосқанын және соның табысына ортақ екендігін куәландыратын бағалы қағаз.



## ДӘУІР ҚҰЖАТЫ

### Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 29 қазандағы қаулысына сәйкес **қаулы етемін:**

1. Қазақстан Республикасының аумағында 1993 жылғы 15 қарашада сағат 08.00-ден бастап (жергілікті уақыт) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілсін.

2. 1993 жылғы 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап (жергілікті уақыт) теңге Қазақстан Республикасындағы бірден-бір заңды төлем құралына айналады. Теңге 100 тиыннан тұрады. Қазақстан Республикасында қолдағы ақша банкноттар мен монеталар түрінде айналыста болады.

3. Теңгені Қазақстан Республикасының аумағында меншік нысандарына қарамастан барлық жеке заңды тұлғалар төлемдердің барлық түрінде, сондай-ақ ешқандай шектеусіз салымдар мен шоттарға қосу үшін банктер қабылдауға міндетті.

4. Осы Жарлық қол қойылатын сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті Н. Назарбаев.

Алматы қаласы,

1993 жылғы қарашаның 12-сі.

Қазақстан Республикасы. 10 жыл  
шежіресі. – Алматы, 2001, 170-б.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



#### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Экономикалық реформаларды одан әрі жетілдіру жағдайында өзара пайдалы ынтымақтастық, икемді өндірістік құрылымдар құру мақсатымен не жасалынды?

2. Нарықтық экономикаға өтудің құқықтық негізін қалау үшін Парламент қандай заңдар қабылдады?

3. Жұмыссыздық пен оның өсуінің себебі не?

4. Инфляция үдерісі мен оның салдарына сипаттама беріңдер.

5. Ұлттық валюта айналымға қашан енгізілді?



## Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- Нарықтық экономиканың алғашқы кезеңіндегі экономикалық реформалар.
- Ұлттық валюта енгізудің экономикалық және саяси маңызы.
- Бағаны босату және оның салдарлары.
- 90-жылдардағы ауыл шаруашылығының жағдайы.



## Тест тапсырмалары

1. Республика аумағында бағаны босату туралы Жарлық шыққан жыл:
  - а) 1994 жыл
  - ә) 1992 жыл
  - б) 1990 жыл
  - в) 1991 жыл
  - г) 1993 жыл
2. Мемлекет меншігінен алу мен жеке меншікке беру дегеніміз:
  - а) шаруашылық есеп
  - ә) жекешелендіру
  - б) коммерцияландыру
  - в) национализациялау
  - г) меншікті жалға беру
3. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша ұлттық валюта – теңге айналысқа енгізілді:
  - а) 1993 жылғы 15 қыркүйекте
  - ә) 1993 жылғы 15 қарашада
  - б) 1993 жылғы 15 желтоқсанда
  - в) 1993 жылғы 15 тамызда
  - г) 1993 жылғы 15 қазанда

## **§55. «Қазақстан–2030» және «Қазақстан–2050» стратегиялары – Қазақстан Республикасын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламалары**

**1. «Қазақстан–2030» стратегиясы: қабылдануы және маңызы.** Кез келген мемлекет өз дамуының негізгі бағыттарын алдын ала айқындап алуы керек. Негізгі басымдықтарға сәйкес құрылған жүйелі бағдарламасыз алға қарай дамудың қиынға түсері анық. Сондықтан Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін-ақ кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастады. Елдегі өтпелі кезеңнің ауыртпалықтары азайып, кезеңдік реформалардың күрделі даму мерзімі аяқталар тұста дербес төл стратегиялық бағытымызды айқындау мақсаты қойылды. Елбасы алғаш

рет 1996 жылы 8 қазанда Қазақстан халқына *«Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы»* атты Жолдау жасады. Бұл Жолдауда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің тәуелсіздік алғанынан бергі бес жыл уақыт аралығында жүзеге асырылған саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша реформаларға жан-жақты тоқтала отырып, терең талдаулар жасады. *1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан–2030» даму стратегиялық бағдарламасын ұсынды.*

Президенттің 1997 жылғы 1 қазандағы *«Қазақстан–2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы»* атты Қазақстан халқына Жолдауы тәуелсіз еліміз тарихындағы мемлекетіміздің жаңару бағытын айқындаған маңызды құжат болып табылады. Стратегиялық бағдарламада Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мәнді жеті негізгі ұзақ мерзімді басымдық белгіленген-ді.

Стратегияның «Біз бүгін қай жердеміз», «Қазақстанның мұраты» деп аталатын тараулары қазақстандықтардың реформаға артып отырған мүдделері мен үміттерін, көздейтін мақсаттарын саралап көрсетуге арналды. Ал барлық қазақстандықтардың күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын стратегия мен тактика қызметіне құжаттың үшінші тарауы арналды.

Стратегияда ұлттық қауіпсіздік бірінші орынға қойылды. Тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігі азаматтардың гүлденіп көркеюі мен жүргізіп жатқан реформамыздың табысқа жетуінің басты кепілі және негізгі басымдық ретінде көрсетілді. Оны қамтамасыз етудің алғышарты – қоғамның ынтымағы мен ішкі саяси орнықтылығы.

Әлеуметтік тұрғыдан ішкі орнықтылық пен тұрақтылықтың іргетасы орта тап екені белгілі. Стратегиялық бағдарламада орта тапты қалыптастыруға шешуші маңыз берілді.

Елбасы даму стратегиясын белгілеуде келешек мүмкіндіктеріміздің қандай екенін, оның қалай жүзеге асатынын, қалай пайымдайтынын ортаға салып, халыққа сенім арты. Әуелі қоғамды қиын жағдайдан шығарып алудан кейін, қайта өрлеу жолында еңбектенуге шақырды. Осы себептен де, «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасы адам факторын дамытуды ең жоғарғы орынға қояды.

«Қазақстан–2030» стратегиясы ел азаматтарының кемел прагматизмге сүйеніп қана атқара алатын келелі мәселелерді айқындап көрсетті. Елбасы жеке меншіктің, шетелдік инвестиция, ашық қоғамның, саяси плюрализмнің, кәсіби үкіметтің, қылмысқа жол бермеудің өткір мәселелерін батыл көтеріп қана қоймай, жемқорлыққа, экономикалық бойкүйездікке қарсы белсенді күреске шақырды. «Қазақстан–2030» даму стратегиясы ұзақ мерзімді қамтыған, халықтың мүмкіндіктері мен қабілетін толық ескерген, басым бағыттары шынайылыққа негізделген байыпты бағдарлама

болып табылады. «Қазақстан–2030» стратегиясынан кейінгі Елбасының жасаған Жолдаулары осы бағдарламаның заңды жалғасы болып табылады.

**2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары.** Елбасының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі *«Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа»* атты Қазақстан халқына Жолдауында сол кездегі халықаралық саяси жағдайға, әсіресе көршілес Ресей мен ТМД-ның оңтүстік аймақтарындағы мемлекеттердегі шиеленісті оқиғаларға, оның Қазақстанға ықпалына тоқталды. Мемлекетіміздің экономикасын және халықтың әл-ауқатын көтерудің жолдары айқындалып, осы мақсаттарға жету жолында атқарылатын іс-шараларды нақты көрсетті.

Елбасының 1999 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы *«Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі»* деп аталады. Жолдау қазақ халқының сан ғасырлық тарихындағы маңызды кезеңдеріне, тәуелсіз ел болу жолында жүріп өткен ұлы күрес шежірелеріне шолумен басталды.

Жолдауда Қазақстанның саяси тұрақтылығын, ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерлер, соның ішінде лаңкестік, діни экстремизм мәселелеріне баса назар аударылды. Елбасының Қазақстан халқына арнаған бұл Жолдауында ұлттық қауіпсіздік мәселесі жан-жақты қамтылды және осы бағытта жүзеге асырылатын маңызды іс-шаралар жоспары айқындалған. Ел дамуының жаңа бағыттары, соны істердің оңды қырлары көрсетілді.

Елбасы 2000 жылғы 24 қарашадағы *«Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға қадам басайық»* атты Қазақстан халқына Жолдауында егемендік алғаннан бергі он жыл уақыт ішінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамып, қалыптасуына егжей-тегжейлі тоқталды. Алдағы уақытта республиканың саяси-экономикалық, әлеуметтік даму жағдайын барынша дамытып, жетілдіре түсу жолдарын айқындап көрсетті.

2001 жылы 3 қыркүйекте ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына *«Елдегі жағдай туралы және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттары туралы»* Жолдауын жасады. Мұнда басты назар сыртқы саяси басымдықтарға бағытталған. Елбасы сыртқы саясат және ел қауіпсіздігін нығайту аясында бірқатар маңызды мәселелерді шешу қажеттігін атап көрсетті. Жолдауда Елбасы 2010 жылға дейін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму бағыттарының негізгі басымдықтарын айқындап берді.

Елбасының 2002 жылғы 29 сәуірдегі *«Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы»* Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік әкімшілік ісін жүргізудің жаңа қағидаттарына және бюджет аралық қатынастардың тиісті үлгісіне көшу туралы айтылды. Жолдаудың тұтас табиғатынан халық өмірі,

елдің ішкі және сыртқы саясаты, оны дамыту мен нығайтудың алғышарттары кеңінен көрінеді.

Елбасының 2003 жылғы 4 сәуірдегі *«Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары»* атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің 2004 жылға арналған ішкі және сыртқы саясатының, әсіресе әлеуметтік-экономикалық, мәдениет пен білім, рухани даму салаларын дамыту жолдарының басты бағыттары айқындалған.

Жолдауда Астананы дамыту *«Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі»* бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатыны және Астананың болашақта да қарқынды дамып, көркейе түсуіне бар мүмкіндіктерді жасау қажеттігіне ерекше мән берілді.

Елбасының 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы *«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін»* деген сөздермен басталады. Жолдаудағы басты мәселе бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруға арналды. Ырықтандыру және бюрократиясыздандыру, әлемдік экономикаға интеграциялану, индустриялық-инновациялық даму, индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келу керектігі айтылады. Жолдауда тұрғын үй, білім және денсаулық сақтау мәселелері жеке-жеке қарастырылды.

Елбасы 2005 жылғы 18 ақпандағы *«Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында»* Жолдауында мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік-саяси даму бағыттарына ерекше тоқталды. Жолдау Қазақстан халқының әл-ауқатын, экономикалық дамуын, оның саяси жағынан күшейе түсуіне бағытталған маңызды іс-шараларды жүзеге асыруды нақты айқындады. Еліміздің барлық салаларының бір уақытта қатар дамып, нығая түсуін мақсат етті.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев 2006 жылғы 1 наурыздағы *«Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы»* деп аталатын Жолдауында нақты жеті басымдықты атап көрсетті. Қазақстанның алдында тұрған стратегиялық мақсат – әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу екендігіне зор маңыз берілді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бұдан кейінгі Жолдаулары да Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саяси дамуына қатысты әрбір міндеттен алынатын нәтижелер сол белгіленген жылға ғана емес, болашақтағы маңызды мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталған. Мұны Жолдаулардың атынан-ақ айқын байқауға болады:

- 2007 жыл – *«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (1 бөлім); «Қазақстан – 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі. Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыт» (2 бөлім);*

- 2008 жыл – *«Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты».*

- 2009 жыл – «Дағдарыстан жаңару мен дамуға».
- 2010 жыл – «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері».
- 2011 жыл – «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз».
- 2012 жыл 27 қаңтар – «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты».
- 2012 жыл 14 желтоқсан – «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары – Қазақстанның қазіргі тарихындағы елеулі оқиғалар. Өйткені, ондағы қойылған міндеттер және жасалынған пайымдаулар мен тұжырымдамалар әр жыл сайын бір-бірімен жалғастық тауып, мемлекеттің тұтастай дамуын жаңаша деңгейге көтеруді айқындап отырады. Нақты көрсеткіштерге негізделген мақсат-міндеттер қойылады. Мемлекетіміздің жыл сайын барынша қуатты дамып, көркеюінің және халықтың хал-ахуалының көтерілуінің басты кепілдігі болып табылады.

**3. «Қазақстан–2050» стратегиясы.** 1997 жылы қабылданған «Қазақстан–2030» бағдарламасы негізгі базалық өлшемдері бойынша мерзімнен бұрын орындалды. Енді ел дамуының ұзақ мерзімге арналған жаңа кезеңін айқындау қажеттігі туындады. 2012 жылы 14 желтоқсанда Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев республика халқына арналған жаңа жолдау жариялады. Ол «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталды. «Қазақстан–2050» стратегиясында мемлекеттің болашағы көрініс тапты. Жолдауда «қалыптасқан мемлекет» деген жаңа ұғым қолданылды. Бұл өткен 20 жыл ішінде тәуелсіздіктің баянды болып, ел іргесі қаланып, Қазақстан әлемдегі 50 іргелі, мықты мемлекеттің бірі болды деген саяси тұжырым. Мемлекет басшысы енді бұл бағдарламада Қазақстанды 2050 жылы дамыған 30 елдің қатарына жеткізу міндетін қойды.

Елбасы Жолдауда осыған жету жолында іске асырылуы тиіс 7 саяси бағытты айқындап берді:

1. Пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне, экономикалық прагматизмге негізделген экономикалық саясат жүргізу.

2. Ұлттық экономиканың жетекші күші болатын кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау.

3. Әлеуметтік кепілдіктермен және жеке жауапкершілік сияқты жаңа қағидаттарға негізделген әлеуметтік саясат.

4. Заманауи білім беру жүйесін, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарын түзу.

5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.

6. Ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік беретін дәйекті және болжамды сыртқы саясат жүргізу.

7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

Елбасы Жолдауда 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құруды, қасиетті Отанымызды «Мәңгілік ел» етуді мақсат етіп қойды.

Бұл Жолдау еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыттарын белгілеп берді. Бұл барша Қазақстан халқына үлкен серпіліс оятқан бастама болды. Әрине, бұл межеге жету оңай емес. Қазақстан дамушы елдер арасында осындай биікке көтерілу үшін бәсекелестіктің қатал сынына төтеп беруі керек.



Басымдық, прагматизм, плюрализм, инновация, интеграция

### Назар аударыңдар! Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Басымдық** (лат. dominans – басымдық, үстемдік ету) – 1) үстемдік етуші идея; бір нәрсенің негізгі бөлігі немесе оның маңызды құрамдас бөлігі; 2) физиологияда – адамның және жануарлардың орталық жүйке жүйесіндегі белгілі бір аймағының күшті қызу нәтижесінде басқаларына уақытша басымдық танытып, үстемдік көрсетуі; 3) музыкада – мажор мен минордағы тональды дыбыстардың тониканы күшейту қызметі.

**Прагматизм** – 1) іс жүзінде пайдалы нәтиже беретінді ғана ақиқат деп білетін философиялық бағыт; 2) іс жүзіндегі, қажеттілік тұрғысындағы мүдделерді көздейтін қарекет, ойлау салты, мінез-құлық.

**Плюрализм** – 1) дүниенің өзара бірлігін жоққа шығаратын, оның негізінде тек бір-біріне тәуелсіз көптеген бастамалар жатады деп уағыздайтын философиялық ілім; 2) көптеген әдістердің, көзқарастардың, партиялардың, бағыттардың болуы заңды деп танушылық.

**Инновация** – жаңалық енгізу, жаңарту.

**Интеграция** – 1) шоғырлану, бірігу, ықпалдасу (мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы); 2) мат. белгілі функцияның интегралын табу.



### ДӘУІР ҚҰЖАТЫ

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауынан үзінді

#### Құрметті отандастар!

Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді.

Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді.



Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер.

Мемлекет басшысы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. Өлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым. «Болашақ» бағдарламасын құрдым.

Қазір мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде.

Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар – сіздердің ата-аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер.

Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз – ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын қабылдау қажеттілігі неден туындады және оның негізгі басымдықтары қандай?
2. Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларының мәні мен мазмұны неде?
3. Жолдаулардың мемлекеттік стратегияны дамыту мен жүзеге асыру кезеңдері ретіндегі мәні қандай?
4. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қай жылғы Жолдауында айтылды?
5. «Қазақстан–2050» стратегиясында қандай міндеттер белгіленді?



### Шығармашылық тапсырмалар

1. Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:
  - ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларының тарихи маңызы.
  - «Қазақстан – 2030» стратегиясы – мемлекеттің даму бағдарламасы.
2. Кестені толтырыңдар.

«Қазақстан–2030» стратегиясының негізгі бағыттары	«Қазақстан–2050» стратегиясы	ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары (жылы мен атауы)	Жолдаулардың қысқаша мазмұны



## Тест тапсырмалары

1. «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасы қабылданған жыл:

- а) 1995 жыл
- ә) 1997 жыл
- б) 1999 жыл
- в) 2000 жыл
- г) 2001 жыл

2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы бойынша Қазақстанның алдында тұрған стратегиялық міндет:

- а) Әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру.
- ә) Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болып ену
- б) Халық санын 20 млн-ға жеткізу
- в) Өндірістік кластерлер құру
- г) Жаңадан өндіріс орындарын ашу

## §56. Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы экономикалық дамуы

**1. Экономикалық жағдайдың жақсаруы. ХХІ ғасырдың басына қарай Қазақстан қол жеткізген басты жетістік – экономикалық жағдайдың түбірімен жақсаруы болды.** Белгіленген бағдарламаларды дәйекті түрде жүзеге асыру экономиканың жан-жақты құрылымдық өзгерістеріне жеткізді. Нарықтық қайта құруларға бейімделмеген совхоз-колхоздар жүйесі жойылды, жеке меншік енгізілді, шағын және орта бизнестің әр түрлі нысандары қалыптасты, оларда 2001 жылға қарай 1 млн 600 мың адам жұмыс істеді. Мыңдаған кәсіп-орындар жеке адам қолына өтті. «Шеврон», «Самсунг» т.б. ірі компаниялар Қазақстан экономикасына берік орнықты. Ескі жүйе догмасынан арылған адамдар билік пен бизнеске келді. Қазақстан экономикасының көркеюіне мұнай бағасының көтерілуі де жағымды әсер етті. Ел экономикасына шетелдік аса ірі компаниялар тартылды. 1993–2000 жылдары Қазақстан 14,7 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция алды. Дегенмен, ең басты ғаламдық өзгеріс адамдар санасында жүрді: олар нарықтың артықшылығын сезінді, мемлекет мәжбүрлемей-ақ жақсы табыс тауып, жақсы өмір сүруге болатынын түсінді.

**2. Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы.** Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енуі» және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдаулары негізінде Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Бұл бағдарлама 2015 жылға дейінгі жұмыс тетігі деп жоспарлануда.

Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мамандандырылған нысандар құрылды. Бүгінгі күні «Теңіз аймағы Ақтау»; «Астана – жаңа қала», «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) қызмет етеді. Қарағанды облысы мен Астанада индустриялды аймақтар құрылды. Бұл жерлерде жоғары технологиялық өндіріс құрылымдары жұмыс жүргізуде. Мәселен, қазіргі уақытта АЭА аумағында «Ақпараттық технологиялар паркінде» 21 компания жұмыс істейді. Мұндағы өндірілген өнімнің жалпы мөлшері 928 млн теңгені құрайды.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы аясында Қазақстан кластерінің негізі 2005 жылы салынды. Жобаның мақсаты – Қазақстан экономикасының басымды, мықты секторларының бәсекеге қабілеттілігін анықтау және олардың дамуы бойынша нұсқаулар жасау. Қазақстан экономикасының мұнай өндіру мен шикізат саласына бағыныштылығынан айыру үшін және оның жоғары индустриялық дамуы үшін жеті кластерлер анықталды. Олар: «Туризм», «Тамақ өнеркәсібі», «Мұнай-газ машина жасау», «Текстильді өнеркәсіп», «Транспорттық логистика», «Металлургия», «Құрылыс материалдары». Кластерлік жүйеге көшу Қазақстан өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсуде.

**3. 2000 жылдардағы өндірістің дамуы мен жетістіктері.** Бүгінде Қазақстан экономикасы тұрақтанып, даму жолына түсті. Елімізде орта және шағын бизнес жанданып келеді. Үкімет орта және шағын бизнесті дамытуға ерекше мән беріп отыр. 2007 жылы мемлекеттік бюджеттен орта және шағын бизнеске көмек ретінде 155 миллиард теңге бөлінді.

Қазақстанның ішкі өнімі соңғы 10 жылда жан басына шаққанда 700 АҚШ долларынан 3 мың 600 доллар деңгейіне көтерілді.

Қазақстан өнеркәсібінде тау-кен саласы жетекші орында екені белгілі. Бұл сала елдің өнеркәсіп өндірісінің 60% -ын құрайды, ал мұнай мен газ 80% -ын иеленеді. Қазақстан мұнай өндірісі бойынша ТМД ішінде Ресейден кейінгі 2-орынды алады. Қазіргі уақытта 110-ға жуық мұнай, мұнайгаздық, мұнай-газ конденсаты шығатын кен орындарын игеру жүріп жатыр.

Қазақстанның химиялық және мұнай-газ саласы кәсіпорындары пластмасса түрлерін, химиялық маталар және жіптер, автокөліктер мен ауыл шаруашылығы көліктеріне доңғалақтар, технологиялық бұйымдар, хромдық қосылулар, кальций карбиді, каустикалық содалар т.б. шығарады. Фосфор рудаларынан сары фосфор алатын, минералды тыңайтқыштар, синтетикалық жуу-тазалау құралдарын өндіретін ірі кешен жұмыс істейді.

Құрылыс өнімдерін шығару өнеркәсіп саласының 5% -ынан астамын құрайды. 2005 жылдан елімізде осы салада көлемді ірі жобалар іске асырылып жатыр. 2004 жылы Қарағанды қаласында бояу материалдарын шығаратын Француз – Ресей – Қазақстан бірлескен «Alian Paint» ЖШС-і ашылды.

XXI ғасырда Қазақстан өндірісінде жыл сайын жаңа кәсіпорындар іске қосылуда. 2006 жылы Семейде трактор жинаумен айналысатын біріккен кәсіпорын бой көтерді. Қазақстан, Ресей, Белоруссия және Өзбекстан елдерінің қатысуымен ашылған зауытта «ТТЗ-80» доңғалақты трактор жинау бойынша конвейерлік желі іске қосылды. Сонымен қатар Семейде сол жылы «Қазэлектромаш» кабельдік-өткізгіштік өнім шығаратын технологиялық құрылым жұмыс істей бастады. Қалада қуаты 30 млн дана керамикалық кірпіш шығаратын жаңа кәсіпорын ашылды.

2006 жылы құрылған «Полихим» ЖШС-і қолға алған Ақтаудағы геосинтетикалық материалдар зауыты 2007 жылдан өнім бере бастады. 2007 жылы Талдықорған қаласының шығысында «Метакон ТК» ЖШС-і зауытында 35–1150 кв-тық кернеулі электрөткізгіш желісі үшін мырышпен қапталған металды тіректердің барлық түрлерін шығаратын автоматтандырылған жаңа жүйе іске қосылды. 2007 жыл Шымкент қаласында Қазақстандағы аса ірі фармацевтикалық кәсіпорын – «Химфарм» АҚ (SANTO) дәрілік формалар өндіру жөніндегі осы заманғы жаңа кешен ашылды.

«30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы Қазақстан экономикасын жаңа сипатта алға бастырудың басты қадамдарының бірі болып табылады. 2007 жылдан осы бағдарламаға қатысты іс-шаралар жоспары белсенді жүзеге асырылуда. Қарағанды облысында бағдарлама аясында 2007 жылы 400 мың тонна металл прокатын шығаратын қуатты өндіріс, 2008 жылы осы облыстағы сұрыпты прокат өндірісі іске қосылды.

Өлемдік қаржы дағдарысына байланысты орын алған барлық қиыншылықтарға қарамастан, 2008 жыл Қазақстан индустриясы үшін табысты болды. Жыл ішінде жалпы құны 194 млрд теңгеден асатын 126 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 10237 қазақстандықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етті. Оңтүстік Қазақстан облысында «Ютекс» АҚ дайын тігін бұйымдарын шығарады. 2008 жылы Өскемен қаласында екі жоба: тантал өндіретін Үлбі металлургия зауыты және «Қазцинк» АҚ қалайы ерітетін электрлизді зауыттың құрылысы іске қосылды.

2008 жылы республиканың әрбір өңірінде 3–4-тен жаңа кәсіпорындар пайдалануға берілді. Жетісу жерінде ТМД-да теңдесі жоқ жылына 29 мың тонна сапалы өнім шығаратын, «ҚазРосБройлер» құс фабрикасы ашылды.

2009 жылы Астана қаласында локомотив құрастыру зауыты іске қосылды. Жобаның қуаты бойынша зауыт жыл сайын 150 тепловоз шығарады. *2009 жылы барлық 14 облыста және Алматы қаласында жалпы көлемі 114 млрд теңгені құрайтын 16 индустриялық жоба іске қосылды. Оның нәтижесінде 4 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды.* Қазірдің өзінде ядролық технологиялар паркінде Оңтүстік Корея, Ресей және Украинаның серіктестерімен бірлескен 4 кәсіпорын құрылған. Жобалардың жалпы құны 2,9 млрд теңгені құрайды.



Отандық алғашқы локомотив. Астана, 2009 жыл.

Ел экономикасының қарыштап дамуына әсер ететін бірнеше фактор бар. Солардың бірі – жол. Осы орайда, Қазақстанның батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін жалғастыратын және іргелес мемлекеттермен сауда-саттық, транзиттік бағыттарда жиі пайдаланылатын жолдардың талапқа сай болуына аса зор мән беріліп отыр.

*Автокөлік саласын дамытудың 2006–2012 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша республикалық маңыздағы 25665 км, облыстық және аудандық маңыздағы 18089 км жол жөндеуден өткізілді.* «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы құрылысы жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары мұнай мен мұнай өнімдерін және магистральді құбырлар бойынша газ тасымалдау, әуе жолы тасымалы саласы біршама дамыды. Мемлекеттік даму болашағының басты факторларының бірі телекоммуникация және байланыс саласында да ірі жетістіктерге жеттік.

**4. 2000 жылдардағы ауыл шаруашылығы.** 2002 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 552 млрд теңгені құрады. Бұл 2001 жылмен салыстырғанда 2,7% артық көрсеткіш.

Дәнді дақылдардың, күнбағыстың және көкөністің ең жоғарғы түсімі 2000–2003 жылдары жекелеген шаруашылықтардан алынса, қант қызылшасы, картоп және мақта шаруа қожалықтарынан алынды. 2003 жылы бидайдың жалпы өнімі 1991 жылмен салыстырғанда 1,7 есе, күнбағыс 3 есе, мақта 33% өсті. Агроөнеркәсіптік кешеннің қызметін реттеп отыратын Орман, Су және Жер кодекстері мен 370-тен астам заң актілері қабылданды. Қазір елімізде жерді тұрақты және уақытша пайдаланатын құрылымдар мен жеке меншік мекемелер қатар жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығына белгіленген 156,5 мың га жер ауылдық меншікке сатылды. Бұл кірістер

Қазақстанның Ұлттық қорына 4 млрд теңге түсірді. Су қатынастары жүйесі нарықтық талаптарға сәйкестендірілді.

2003–2005 жылдары Мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламаны жүзеге асыру аяқталды. Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы тұрақтанды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің көлемі және оның өнімдерін өңдеу өсті. Агрокәсіпорындардың ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуына мол мүмкіндіктер жасалды.

*2003–2005 жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы дағдарыс жағдайынан толық шығып, қалыпты қызмет етуге кірісті.* 2001 жылмен салыстырғанда ірі қараның саны 24,3% -ға, қой 30,8% -ға, жылқы 22,5% -ға, құс 22,3% -ға өсті.

Қазір мал шаруашылығы өндірісінде топтастыру мен мамандандыру үдерісі, яғни оны өндірістік негізге бейімдеу жүріп жатыр. Осы мақсатта құрылған «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ-ның түрлі облыстарда арнайы жабдықталған бірнеше дайындау пункттері бар. Корпорация мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 60-тан астам жергілікті кәсіпорындармен бірлесіп жұмыс істейді. Бүгінгі күні бұл корпорацияның Қытай мен Ресейде өкілдіктері ашылған. Сондай-ақ олар өздерінің өнімдерін Италия, Германия, Түркия, Қытай, Ресей, Украина, Беларусь, Қырғызстан және Өзбекстанға экспорттайды.

Соңғы жылдары ауылды жандандыру жұмыстары жүргізілуде. 2004–2012 жылдары ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған «Мемлекеттік бағдарлама» аясында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет нысандарын қаржыландыру және елді мекендерді таза сумен қамтамасыз ету ісі жүйелі түрде іске асырылып жатыр.

**5. Қазақстан жаһандық экономика жүйесінде.** Қазақстан да өлемдік экономикада өзінің нақты орнын алуға тиіс. Оның басты шарттары – Қазақстанның экономикалық кеңістікке халықаралық стандарттарды енгізуі және либералды экономикалық жүйені қалыптастыруы, Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болуы болып табылады. БСҰ-ға (Бүкіләлемдік сауда ұйымы) мүше болуға өтініш берілген 1996 жылдан бері 17 жыл өтті. Қазақстан Республикасының бұл ұйымға енуі БСҰ мүшелері саналатын басқа елдермен қатар елдің тұрақты экономикасын қалыптастыруға, аграрлық және өндіріс секторларын мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында Қазақстанның алдағы уақытта өлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру міндеті қойылғаны белгілі. Бұл міндет Қазақстан экономикасы дамуының жаңа кезеңін ашты.

2007 жылдың тамыз айында басталған Америка Құрама Штаттарындағы ипотекалық дағдарыстан кейін барлық бағыттағы нарықтар жабылды. Дағдарыс өлемдік қаржы нарығына айтарлықтай кері ықпал етті. Сырттан қомақты қарыз алған қазақстандық банктер бірқатар қиындықтарды бастан өткізді.

Президент тапсырмасымен қысқа мерзімде дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жедел түрде екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін қолдау бойынша шаралар қабылданды. 2008 жылы дағдарыстың екінші кезеңі басталған кезде Үкімет, Ұлттық Банк және Қаржы қадағалау агенттігі Ұлттық қор мен бюджеттен жалпы көлемі 10 млрд доллар бөлді. Ол қаржы секторы, құрылыс, орта және шағын бизнес, ауыл шаруашылығы өндірісі мен инновациялық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша негізгі бес бағытта жұмсалды. Жобада халық мүддесі алдыңғы орынға қойылды.

Елбасының білікті саясатының арқасында еліміз әлемдік дағдарыстан қиналмастан шықты. 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында Президент Н. Ә. Назарбаев еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың өзекті тұстарын нақты айқындап берді: *«Қазір бүкіл әлем жұртшылығы экономикалық дағдарыстың қиындықтарын бастан өткеруде. Дағдарыс салқыны бізді де айналып өткен жоқ. Мемлекет дағдарыстың алдын алудың барлық шараларын жасауда. Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады».*



Кластер, стандарт

**Назар аударыңдар!**

**Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!**



**Кластер** – бір салада жұмыс істейтін, олардың үйлесуіне жол салатын, бір-бірімен байланысты және жақын орналасқан кәсіпорындар.

**Стандарт** – 1) қалып, үлгі; 2) өлшеуіш.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының мәні неде?
2. 2000 жылдары шынайы экономика дамуының үдерістері мен нәтижелері қандай болды?
3. Ауыл шаруашылығының жетістіктері мен проблемалары қандай еді?
4. Қазақстан БСҰ-ға кіру қарсаңында қандай шараларды жүзеге асырды?



Шығармашылық тапсырмалар

Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, қызыл-ақ тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:

- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы.
- Қазақстан жаһандық экономика жүйесінде.



## Тест тапсырмалары

1. 2007 жылы мемлекеттік бюджеттен орта және шағын бизнеске көмек ретінде бөлінген қаржы көлемі:

- а) 10 млн
- ә) 30 млн
- б) 45 млн
- в) 155 млрд
- г) 170 млн

2. Ипотекалық қаржы дағдарысы басталған ел:

- а) Франция
- ә) Ресей
- б) АҚШ
- в) Англия
- г) Германия

### §57. Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты

1. 1990 жылдардағы әлеуметтік сала. Нарықтық қатынасқа өтудің алғашқы кезеңінде халықтың өмір сүру деңгейі нашарлап, кедейшілік белгісі біліне бастады. Отбасына берілетін әлеуметтік жәрдемге қатаң бақылау қойылып, мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы жыл сайын қысқарды. Ол әлеуметтік жағдайы төмен адамдар үшін ауыр тиді.

1990 жылдардың басында республиканың экономикалық жағдайы нашарлап, мемлекеттік еңбекпен қамту мекемелеріне 70,5 мың жұмыссыз адам тіркелді. Азаматтардың еңбек жағдайы қиын халде еді. Әсіресе, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісіндегі хал-ахуал сын көтермеді. Материалдық игілік өндіру саласындағы төртінші қызметкер зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеді. Тау-кен, металлургия, химия өнеркәсібіндегі әрбір үшінші, көптеген жағдайда әрбір екінші адамның жұмыс орнындағы еңбек жағдайы санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес келмеді. Еңбек қауіпсіздігінің талаптарына толық жауап бермеді.

1991–1995 жылдары экономика салаларындағы жалпы еңбекпен қамтамасыз етілгендердің жылдық көрсеткіші 3,7% -ға төмендеді. Зейнетақы, жәрдемақы мен жалақы төлемсіздігі созылмалы сипат алды. Дегенмен, қанша қиыншылықтар болғанымен нарықтық қатынастарға өтудің басқа жолы болған жоқ. Экономиканы тығырықтан ұлттық мүддені ескере отырып жасалған жүйелі реформалар ғана алып шығуы мүмкін еді. Осындай дағдарысты кезеңде мемлекет Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік жағынан қолдау шараларын іздестіріп, осы саладағы дағдарыстан шығудың жолдары мен нақты бағдарламаларын ұсынды. Ол бірнеше кезеңдермен жүзеге асырылды.

1991–1994 жылдарды қамтитын бірінші кезең – егеменді еліміздің алғашқы қадамдары, өндірістің жаппай құлдырау кезі.



Елдегі экономикалық дағдарыс бағаны еркіне жіберуге, ақшаның құнсыздануына, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді.

Қалыптасып отырған ахуал еңбекті қорғаудың жаңа механизмін құруды қажет етті. 1992 жылы 4 желтоқсанда ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев «Көп балалы отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі шаралар туралы», 1993 жылы 12 қаңтарда дағдарысқа қарсы әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету мақсатында «Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесін құру туралы» Жарлықтарға қол қойды. Еңбекті қорғаудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Еңбекті қорғау туралы» Заңы болып табылады.

Қазақстан Үкіметі 1992–1994 жылдары кездескен қиындықтарға қарамастан, экономиканы ырықтандыруға, нарықтық қатынастардың заңдық және құрылымдық бағасын жасауға, нарықты тұтыну тауарларымен толтыруға ұмтылды. Ұлттық теңгенің енгізілуі 1994 жылы-ақ гиперинфляцияны бәсеңдетуге, ал 1995 жылдан инфляция үдерісін ауыздықтауға мүмкіндік берді.

Екінші кезең 1995–2000 жылдар аралығын қамтыды. Мемлекет тұрғындарды әлеуметтік қорғау, яғни еңбекке жарамды, өздігімен қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын адамдарға жағдай жасау секілді өзге де әлеуметтік саясат тетіктерін қарастыра бастады.

Қазақстанда 1996 жылдың соңына қарай 391,7 мың жұмыссыз тіркелді. Қиын да күрделі кезең алыс-жақынға да, үлкен-кішіге де әсер етті. Елді осындай дағдарысты жағдайдан алып шығатын Үкіметтің әлеуметтік саладағы ауқымды шараларының бірі – шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау саясаты еді. Осы мақсатта Үкімет әлеуметтік-экономикалық және құқықтық шараларды жүзеге асырды. Экономикалық еркіндік әркімнің сауда жасауға, тапқан табысын жинақтауға немесе өз қалауымен жұмсауға еркіндік берді. Нәтижесінде, *2000 жыл – республиканың экономикалық тұрақты дамуға бетбұрыс жылы, яғни әлеуметтік реформаларды іске асыруға қолайлы жағдай туған кезеңі болып табылады.*

**2. 2000 жылдардағы әлеуметтік саланың дамуы. 2001–2007 жылдары әлеуметтік саясат тұрақты экономикалық өсу жағдайында жүргізілді.** Зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлеріне, көп балалы аналарға, толық емес отбасына, жағдайы төмен тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету басты мақсат болды. Экономика өркендеуінің арқасында еліміз жыл сайын өз азаматтарының зейнетақысы мен жалақысының мөлшерін өсіре бастады. Елімізде кедейшілікті тықсырып, орта таптың басым түсуін қамтамасыз ету мақсат етілді. Бұл бағытта батыл қадамдар жасалды.

2002 жылдан елімізде «Мемлекеттің атаулы әлеуметтік көмегі туралы» Заңы енгізілді. Қазіргі күні мемлекет өзінің әлеуметтік саясатын білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғауға бөлінетін қаржыны ұлғайтуға бағыттап отыр.

Республикадағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған Үкіметтің 2000–2002 жылдары кедейшілік пен жұмыссыздықпен күрес бағдарламасы жасалды. Бағдарламада 2002 жылға қарай жұмыссыздық деңгейін 9% -ға қысқарту мақсатында 400 мың жаңа жұмыс орындарын ашу белгіленді. Сондай-ақ аз дегенде әр отбасындағы бір адамды еңбекпен қамтамасыз ету мақсат етілді. Осындай бағдарлама әр аймақ бойынша жасалып, түрлі елді мекендегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың картасы әзірленді. Республика бойынша 2000 жылдың басынан осы категориядағы адамдарға 8,8 млрд теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету мақсатында қабылданған 2005–2007 жылдарға арналған Бағдарлама аясында әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесі құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты халыққа Жолдауына сәйкес республикада зейнетақының, шәкірт-ақының, бірқатар халыққа төленетін төлемдердің көлемі артты. *Жұмыс орындары көптеп ашылып, 2009 жылғы III тоқсанда республика экономикасында 8,0 млн адам жұмыспен қамтылды.* Ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту мақсатында Президенттің 2003–2005 жылдарға арналған ауылды дамыту бағдарламасы қабылданды. Осы жылдар аралығындағы аграрлық саясат ауылды көркейтуге, экологиялық ахуалы нашар аймақтарды қолдауға бағытталды.

2008 жылы желтоқсанда Қазақстан халқының құрамында жастар 4,5 млн адамды, яғни 29,5% -ды құрады. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жастар мәселесіне де көп көңіл бөлінуде. Жастардың әр деңгейлі топтарының әлеуметтік мүдделерін қорғайтын жастар бірлестіктері мен ұйымдары бар. Жастар ұйымдары мен қозғалыстарының ішінде «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясының жастар қанаты үлкен беделге ие.

Елімізде ана мен баланың денсаулығын жақсартуды көздеген шаралар жыл сайын іске асырылып, оң нәтижесін бере бастады. 2005 жылдан балалар дәрі-дәрмекпен, ал жүкті әйелдер құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз етілетін болды. 2010 жылдан бастап «Алтын алқа» наградасымен 7 баласы бар аналар, ал «Күміс алқамен» 6 баланы тәрбиелеген аналар марапаттала бастады.

Мемлекетіміз өз азаматтарының денсаулығын жақсарту ісіне әрдайым ерекше зор мән беріп отырады. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары Қазақстан едәуір экономикалық өсуге қол жеткізгендіктен, денсаулық сақтау саласын қаржыландыру да елеулі түрде өсті. Тууды, өлім-жітімді, өмір сүрудің орташа ұзақтығын тұрақтандыруға қол жеткізілді.

**3. Зейнетақы жүйесінің реформасы.** «Жол картасы. Тұрғын үй саясаты. Республикада табысы аз тұрғындардың ширек бөлігін зейнеткерлер мен мүгедектер құрайды. Зейнеткерлердің өмірін жақсарту мақсатымен 1995 жылы зейнетақы көлемі үш рет қаралып, нәтижесінде 1,9 есе өсті.

1997 жылдың 20 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заң қабылданды. *Жаңа реформаға сәйкес зейнетақы жасы ерлер – 63 жас, әйелдер – 58 жасқа ұзартылды.*

1998 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік зейнеткерлікке шығу ережелері мен тәртіптері белгіленген және зейнетақы жинақ қоры жүйесін реттеуші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы күшіне енді. Осы заңға сәйкес республикалық негіздегі жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен қоры құрылып, зейнетақы көлемі жылдан-жылға арттырылып келеді.

Ел экономикасын дамытудың бір тетігі тұрғын үй құрылысы екені белгілі. Тұрғын үй құрылысы саласында жаңа саясат 2005 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Жаңа саясаттың мәні тұрғын үй шаршы метрінің құнын арзандату, несиелердің мерзімін ұзарту, алғашқы төленетін жарнаның көлемін азайту, тұрғындардың басым көпшілігінің баспанамен қамтамасыз етілуіне жол ашу болып табылады. Тұрғын үй саласындағы саясат әлеуметтік жағдайы орта деңгейдегі тұрғындар үшін қолайлы болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Үкімет «Жол картасын» қабылдады. «Жол картасы» – өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын белгілеп, оны жүзеге асыруға бағытталған. «Жол картасын» қаржыландырудың жиынтық сомасы бүгінде 191,0 млрд теңгені құрайды.

«Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2009 жылы еліміздің көлік және коммуникация саласында 55 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Осы жылы Ақтөбе қаласында «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында салынған, ауысымында 500 адамды қабылдайтын жаңа қалалық емхана ашылып, халыққа қызмет ете бастады. 2009 жылдың 1 қазанындағы деректерге қарағанда, «Жол картасының» 3621 жобасы бойынша жұмыс толық аяқталды. «Жол картасы» бағдарламасы бүгінде одан әрі жалғасуда.



Жаңару, категория, препарат, амбулатория, награда

**Назар аударыңдар!**  
**Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!**



**Жаңару** – саяси жүйе, ел өмірінің саны мен сапасына байланысты өзгеру.

**Категория** – санат, сапа және сан категориясы.

**Препарат** – дәрі-дәрмек.

**Амбулатория** – емхана, емханалық емделу.

**Награда** – марапат, ұзақ және адал еңбегі үшін берілетін марапат.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. 1990 жылдары өлеуметтік саладағы дағдарыстың көріністері қандай еді?
2. Мемлекеттің 2000 жылдардағы өлеуметтік саясатының ерекшелігі неде?
3. Зейнетақы жүйесін реформалау қашан басталды және қалай жүргізілді?
4. Мемлекет тарапынан тұрғын үй мәселесін шешу бойынша қандай шаралар қабылданды?
5. Денсаулық сақтау жүйесі республикамызда қалай дамып келеді?
6. «Жол картасы» бағдарламасының мазмұны мен нәтижесі қандай?



### Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- Еліміздегі өлеуметтік саланың даму барысы.
- «Жол картасы» бағдарламасы.



### Тест тапсырмалары

1. 2009 жылы республикамыздағы жұмыспен қамтылған адамдар саны:
  - а) 2 млн
  - ә) 4 млн
  - б) 5 млн
  - в) 8 млн
  - г) 10 млн
2. «Қазақстан Республикасында «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңның қабылданған жылы:
  - а) 1991 жыл
  - ә) 1993 жыл
  - б) 1995 жыл
  - в) 1997 жыл
  - г) 1998 жыл

## §58. Қазақстанның әлемдік қауымдастық қатарына енуі

1. Егемен Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымы. 1992 жылғы қаңтардың ортасына қарай Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің 30-дан астам мемлекеті таныды. Олардың арасында мынадай елдер болды: Түркия, АҚШ, Қытай, Иран, Пәкстан, Швейцария, Канада. Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып Түрік Республикасы таныды.


Осының бәрі республикаға, оның азаматтарына және ел басшысының жүргізіп отырған салмақты да сындарлы саясатына, биік халықаралық беделіне көрсетілген құрмет еді. 1991 жылы тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан мемлекеттілігін құрудың қиын жолына түсті. Қысқа мерзім ішінде сыртқы саяси басымдықтар айқындалды. Республиканың сыртқы саясатының негізгі ұстанымына жақсы көршілік қатынас пен өзге мемлекеттің ішкі ісіне араласпау, тең құқылық, туындаған мәселелердің бәрін бейбіт жолмен шешуге ұмтылыс принциптері алынды. Елге инвестиция тарту үшін Қазақстан ірі компаниялармен келіссөздер жүргізе бастады.

Теңіз мұнай алабын шетел фирмаларымен бірлесіп барлау басталды, жаңа мұнай кеніштерін игеруге «Бритиш петролеум», «Бритиш Газ», «Эльф-Акитен», «Аджип» т. б. ірі компаниялар тартылды.

Аймақтық достастықтың жаңа түрлерін қарастыру тәуелсіз мемлекеттер басшыларын интеграцияның жаңа жолдарын іздеуге итермеледі. *Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев 1994 жылдың басында Еуразиялық мемлекеттер Одағын құру идеясын ұсынды.* Сол жылы маусымда «Еуразиялық мемлекеттер Одағын құру туралы» жоба баспасөзде жарияланды. Бұл жаңа құрылым құжаттарда тең құқықты тәуелсіз мемлекеттер одағы ретінде анықталды. Оның қызметі әрбір қатысушы елдердің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталатыны айқындалды. Одақтың мақсаты елдердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі әлеуметтік экономикалық жаңғырту үдерістерін ойдағыдай қамтамасыз ету деп жарияланды. Одақты ұйымдастыру барысында мұндай бірлестіктердің демократиялық принциптері қарастырылды.

*Екіжақты қатынастар деңгейінде Украинамен, Белоруссиямен, Кавказ елдерімен, сондай-ақ Балтық жағалауы мемлекеттерімен ынтымақтастық жандандырыла түсті. Қазақстанның байланыстары, әсіресе Орта Азия аймағындағы жақын көршілер – Өзбекстан, Қырғызстанмен, ал экономикалық блок шеңберінде – Түрікменстан, Тәжікстанмен қарқынды түрде дамыды.*

Қазақстан дипломатиясы Азия бағытында елеулі табыстарға жетті. Бұл аймақта экономикалық жағынан жақсы дамыған Қытай, Үндістан, Вьетнам, Жапония т.б. кіретін елдер бар. Бұл жағдайда Қазақстанға планетаның осы үлкен кеңістігіндегі экономикалық даму динамикасынан қалып қоймау зор маңызға ие болды. Қазақ-



Қазақстанның сыртқы саудасы. 2003 жыл.

станның азиялық Тынық мұхит үдерісіндегі интеграцияға араласуы оның Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымы қызметіне қатысуына маңызды жағдай туғызды. 1995 жылы Индонезия, Пәкстан, Түркия басшыларымен жоғары деңгейдегі кездесулер өтті.

**2. Қазақстанның геосаяси жағдайы.** Экономиканы одан әрі интеграциялау мақсатымен Қазақстан 1995 жылы 28 қаңтарда Ресей Федерациясы және Белоруссиямен Кедендік Одақ құру туралы шартқа қол қойды. Одаққа Қырғызстан мен Тәжікстан қосылғаннан кейін Еуразиялық Экономикалық Одақ болып қайта құрылды, кейін Орталық Азиялық экономикалық қауымдастық дүниеге келді. 2005 жылға қарай Қытаймен, Өзбекстанмен және Ресеймен шекара мәселесі шешілді.

1995 жылы желтоқсанда Қазақстан «Ислам конференциясы» ұйымына толық құқықты мүше болып енді, ал бұл қаржы, жаңа технологиялар алмасуға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасына инвестиция тарту мақсатымен 2000 жылы 26–28 сәуірде Алматыда «Еуразия-2000» экономикалық саммиті болып өтті. Оның жұмысына ықпалды халықаралық қаржы орталықтары қатысты.

Қазақстан сыртқы саясатта көп қырлы, сындарлы саясат ұстанып отыр. Астана халықаралық басқосулар өткізудің орталығына айналды. 2001 жылдың 22 қыркүйегінде Рим Папасы II Иоанн Павел Қазақстанда болып қайтты. Бұл Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш держава ретіндегі рөлін мойындаудың көрінісі еді. Қазақстан астанасында аса маңызды басқосу – Өлемдік және дәстүрлі дін


басшыларының съезін өткізу де дәстүрге айналып отыр. Алғашқы съезд 2003 жылдың 24 қыркүйегінде болып өтті. Бұл басқосуға 17 конфессия өкілі қатысты. Қазақстан Республикасының Президенті съезде сөйлеген сөзінде: «Материалдық игіліктермен ешқандай байланыспайтын даусыз ұлы құндылықтар бар, олар адам үшін әрдайым басым және негіз қалаушы болып қалады.

Олардың бастылары – руханият, адамгершілік. Бұларды өз бойына негізгі жинақтаушы дін болып табылады, ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық және діни дәстүрлерді, әр халықтың төлтума тарихи және мәдени тәжірибесін сақтап келеді» деп атап көрсетті.

Астанада 2006 жылдың 1 қыркүйегінде Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының екінші съезі қарсаңында, бірінші съезде туындаған ғимарат салу идеясы іске асты. Бейбітшілік және Келісім сарайы салтанатты түрде ашылды. Сарайды ашу рәсімінде Президент Н.Ә. Назарбаев «Шығыс пен Батыс мәдениеті мен стилінің үйлесімі біздің жас астанамыздың келбетімен керемет жарасым тапқанын» атап өтті.

2006 жылдың 12–13 қыркүйегінде өткен екінші съездің басты тақырыбы «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» мәселесі

### Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты



болды. Съезд жұмысына 20-дан астам елден 43 өкіл қатысты. Құрметті қонақ ретінде көрнекті саясат және қоғам қайраткерлері шақырылды, олардың ішінде – ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Коичиро Мацууру, БҰҰ бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе т.б. болды.

Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының 2009 жылы үшінші, 2012 жылы төртінші съезі өтті. Астана жаңа идея мен өркениеттер сұхбатының орталығына айналды. Халықаралық сарапшылардың пікірінше Шығыс пен Батыс арасындағы ынтымақтастықты дамытуда Қазақстан баға жетпес еңбек етіп келеді.

Қазақстанның әлемнің барлық елдерімен сауда байланысы қалыптасқан. Алайда экспорт құрылымында дәстүрлі түрдегі шикізаттық тауарлар басым болып отыр. Еліміз дамыған мемлекеттермен технологиялық, энергетикалық көлік саласындағы техникалық реттеу, сауда-экономикалық, шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастықты одан әрі жетілдіре түсуді көздейді.

**3. Ядролық қарудан бас тарту және оның тарихи маңызы.** Қазақстанның ядролық қаруды таратпаудағы алғашқы қадамы – 1991 жылы Семей ядролық сынақ полигонын жабудан басталды. КСРО өмір сүріп тұрған кездің өзінде жасалған бұл батыл қадам – Қазақстанның әлем алдындағы абыройын асқақтатып, беделін өсірді. Қазақстан өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. Бұл Президент Н. Ә. Назарбаевтың елімізді әлемдік қауымдастыққа мойындатқан оң шешімі болды.

Республикамызда 1992 жылдан Қауіпті бірлесіп қысқарту бағдарламасы іске асырыла бастады. Бұл бағдарлама аясында Қазақстан аумағында қалған ядролық, химиялық және биологиялық қарудың нысандары мен инфрақұрылымдарын жою және залалсыздандыру жөніндегі жобалар кешені, стратегиялық шабуыл қаруын бөлшектеу жүйесін құру жүзеге асырылды.

Қазақстан 1993 жылы ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылды. *1994 жылы Қазақстан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке (МАГАТЭ) мүшелікке қабылданды.* 1995 жылы Қазақстан аумағынан ядролық қару өкетілді және барлық ұшыру қондырғылары мен Семей полигонындағы соңғы ядролық заряд жойылды. Осы жылдан бастап Қазақстан шын мәнісіндегі ядролық қарусыз мемлекетке айналды.

Семей полигонының жабылуы ерекше мән-мағынаға ие. Оның басты себебі, бұл әлемдегі ең ірі полигон еді. Семей полигонында жасалған ядролық сынақтардың зардабы Екінші дүниежүзілік соғыста АҚШ-тың Жапонияға тастаған ядролық бомбасының зардабынан 1000 есе жоғары болды. Демек, ядролық сынақ – адамзаттың қасіреті, ұлт пен ұрпақ үшін мәңгілік жазылмас жара, бедергі таңба еді.





Елшілік, преамбула, МАГАТЭ

## Назар аударыңдар! Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Елшілік** – бір мемлекеттің екінші мемлекеттегі елші басқаратын тұрақты дипломатиялық өкілдігі.

**Преамбула** – заң немесе басқа құқықтық актілердің, сондай-ақ декларация немесе халықаралық шарттағы барлық мақсат пен міндеттер көрсетілген кіріспе бөлімі.

**МАГАТЭ** – атом энергиясын бейбіт мақсатқа қолдану жөнінде 1957 жылы құрылған халықаралық агенттік.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



#### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Теңіз мұнай аймағындағы жаңа кен орындарын игеруге қандай компаниялар тартылды?
2. 1992 жылға қарай Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде қанша мемлекет таныды?
3. «Ислам конференциясы» ұйымына Қазақстан қай жылы мүше болып енді?
4. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуына не себеп болды?
5. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін ядролық қарудан бас тартудың мәні қандай?



#### Шығармашылық тапсырмалар

1. *Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*
  - Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихы.
  - Мемлекеттердің Еуразиялық Одағы құрылуы және қызметі.
  - Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуының тарихи маңызы.
2. *Кестені толтырыңдар.*

#### Тәуелсіз Қазақстан әлемдік қауымдастық мүшесі

1.	1992 жылы Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде таныған елдер	
2.	Қазақстанның геосаяси жағдайы	
3.	1994 жылы Қазақстан қандай халықаралық агенттікке мүшелікке өтті	



## Тест тапсырмалары

- 1992 жылы Қазақстанды қанша мемлекет таныды:
  - а) 5
  - ә) 20
  - б) 30
  - в) 8
  - г) 14
- Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының бірінші съезі өткен жыл:
  - а) 1990 жыл
  - ә) 1992 жыл
  - б) 1991 жыл
  - в) 1989 жыл
  - г) 2003 жыл

### §59. Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық байланыс

**1. Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас.** Қазақстан өзінің сыртқы саясат тұжырымдамасында көрші мемлекеттермен өзара қарым-қатынасқа айқын басымдық береді. Республика тәуелсіздігінің азғана кезеңінде Ресеймен ынтымақтастықтың барысында үлкен істер бастады, екі жақтың экономикалық қарым-қатынастарын реттейтін, ғарыш кеңістігін игерудегі ынтымақтастық, жаңа типтегі армия құру сияқты бірнеше келісімшарттарға қол қойылды. Азаматтық мәселесіне ерекше мән берілді. Қазақстан мен Ресейдің «қоян-қолтық» араласып, ынтымақтастықта болуына себепші бірнеше фактор бар, бұл ортақ тарих, 7 мың шаршы шақырымға созылған шекара, ұқсас діл т.б. Барлық халықаралық мәселелерде Қазақстан мен Ресей ұқсас әрі жақын көзқарастар ұстанады.

*Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың тереңдеп дамуына 1998 жылдың 6 шілдесінде Мәскеуде қол қойылған «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы» Декларацияның маңызы зор. 2005 жылы қаңтарда Ресей мен Қазақстан арасындағы 7591 шақырымды қамтитын мемлекеттік шекара белгіленген тарихи маңызды құжатқа қол қойылды. Қазақстан мен Ресей президенттері екі ел арасындағы өзекті мәселелерді өзара тиімді түрде шешіп отырады. КСРО тарағаннан бергі кезеңдерде жүргізілген екіжақты ынтымақтастық нәтижесінде Қазақстан мен Ресейдің сан ғасырлық тарихында бұрын-соңды болмаған жаңа деңгейдегі қатынастарды орната алды.*

*Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдан орныға бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 1993 жылдың 18–20 қазан аралығында Қытайға жасаған ресми сапарында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті. Келіссөздердің*

нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында достық қарым-қатынастар туралы бірлескен Декларацияға, әуе қатынастары, тұрғындарға визаларды рәсімдеу тәртіптері, халықаралық автокөлік қатынастары т.б. бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды.

1994 жылғы 25–28 сәуірде ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн ресми сапармен Қазақстанға келді. Бүгінгі таңда екіжақты қатынастардың барлық бағыттарын ілгерілетуде сауда-экономикалық ынтымақтастық жетекші орын алуда. 2008 жылы екіжақты тауар айналымы 8 млрд доллардан асты. Екі ел арасында мәдени-гуманитарлық шаралар да жүзеге асырылуда. Бейжің қаласында Абайдың 150 жылдығын тойлау (1995 жыл), Қазақстанның Қытайдағы Мәдениет күндері (2001 жыл), Шанхайдың Алматыдағы Мәдениет күндері (2005 жыл) т.б. мәдени іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.

## **2. Қазақстанның сыртқы саясаттағы көпвекторлық ұстанымы.**

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы қызметі саяси-құқықтық жағынан жүйеленді, сыртқы саясат тұжырымдамасы жасалды. Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі сыртқы саясатының ерекшелігі көпвекторлық пен теңгермелілікті, әріптестердің сыртқы саясаттағы ұстанымдарында тәуелділіктің болмауын, кез келген аймақтың даму жағдайын, әлемдік нарықтағы конъюктуралық өзгерістерді ескеріп отыруды көздейді.

*Көпвекторлық – тәжірибе жүзінде біздің көршілерімізбен (ТМД мемлекеттері), сондай-ақ Батыстың, Азия мен Таяу Шығыстың алдыңғы қатарлы елдерімен өзара ынтымақтастықты білдіреді.*

Қазақстан Республикасы үшін АҚШ-пен ынтымақтастық аса маңызды. Қазақстан АҚШ-пен қарым-қатынастарында 1994 жылы ақпанда қол қойылған басты құжат «Демократиялық әріптестік туралы хартияның» ережелерін негізге алады. 1994 жылы көктемде елде жүргізіліп жатқан жекешелендіруге АҚШ-тың компаниялары тартыла бастады. Қазақстан нарығына бірінші болып келген «Шеврон» мұнай компаниясы еді.

АҚШ-тан Қазақстан экономикасына көптеген инвестициялар алынды. 1994 жылы АҚШ-тың Қазақстанға берген экономикалық несие көмегі 311 млн долларды құрады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа 1997 жылғы қараша айында жасаған сапары барысындағы келіссөздер нәтижесінде 18 құжатқа қол қойылды. Оның ең бастысы «Экономикалық серіктестік туралы іс-қимыл» бағдарламасы болды. АҚШ-пен өзара қарым-қатынаста экономикалық ынтымақтастыққа баса назар аударылды. Еліміз үшін Американың кен өндіру және өңдеуші компанияларымен ынтымақтастықтың маңызы жоғары. АҚШ Қазақстанға мәдениет пен білімді дамыту саласында да үлкен қолдау көрсетеді.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында – Еуропалық Одақтың алатын орны ерекше.

*Қазақстан Еуропа мемлекеттерімен де өз байланыстарын жемісті дамытып келеді.* 1993 жылдың 2 ақпанында Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасында дипломатиялық қатынас орнатылды. Қазақстан Республикасы Президенті мен Германия және Франция басшылары арасындағы келіссөздер Қазақстанның сыртқы саясатындағы еуропалық бағытты жандандырды. Мәселен, *Герхард Шредер Астанаға келген сапарында: «Қазақстан Орта Азиядағы маңызды ел және Германияның басты экономикалық әріптесі» деп атап көрсетті.* 2003 жылға қарай республикада неміс банкі және ірі компанияларының 145 өкілдігі мен бөлімшелері жұмыс жасады, ал тіркелген Қазақстан-герман біріккен кәсіпорындарының саны 266-ға жетті. Танымал неміс компаниясы «Сименс» пен «Қазақтелеком» арасында байланыс және халықаралық тасымалдаушы «Қазақстан темір жолымен» құрал-жабдық тасымалдау, Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының бірнеше министрліктері арасында қазақстандық менеджерлердің біліктілігін көтеру және негізгі экономикалық ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

Республика Президентінің Германия үкіметінің басшысы Гельмут Кольмен, Франция президенті Жак Ширакпен жүргізген келіссөздері Қазақстанның Еуропа бағдарындағы сыртқы саяси бағытын жандандыруға елеулі үлес қосты.

1995 жылы тамызда Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқасында республика Сыртқы істер министрі Қ. К. Тоқаев атап өткеніндей, «Шығыс Еуропа елдеріндегі Қазақстан сыртқы саясатының қамалы рөлін Венгриядағы елшілік атқарды». Қазақстан Республикасы Президентінің Венгрияға сапары барысында екі ел арасындағы саяси және экономикалық тығыз ынтымақтастыққа берік негіз қаланған көптеген келісімдерге қол қойылды. Қазақстан Болгариямен, Чехиямен, Румыниямен екіжақты тиімді қарым-қатынастар орнатты.

Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы ірі сауда және инвестициялық серіктестігі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы толыққанды тәуелсіз, егеменді мемлекет ретінде әлемнің бірқатар елдерімен екіжақты қарым-қатынас орнатқан. Азиялық бағытта Қазақстан Республикасының Монғолия, Корея Республикасы, Жапония, Катар, Үндістан, Сингапур, Пәкстан, Малайзия, Иран, Ирак, Бахрейн, Израиль, Оман Сұлтанлығы, Кувейт, Сауд Арабиясы Корольдігі, Біріккен Араб Әмірліктері, Палестина, Ауғанстан, Сирия, Египет, Иордания, Марокка, Ливия, Тунис, Оңтүстік Африка Республикасы және т.б. елдермен шарттық-құқықтық негізде екіжақты саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатылды.

Сондай-ақ Қазақстан Түркі әлемі елдері – Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзірбайжанмен толыққанды екіжақты

қарым-қатынастар орнатып, сауда-экономикалық, саяси, мәдени байланыстар жүргізуде.

**3. Қазақстан және түркі елдері әлемі.** 1991 жылдан бері Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар, өзара сыйластық пен сенімділік ахуалы негізінде тұрақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жан-жақты тығыз ынтымақтастықты одан әрі тереңдетумен ерекшеленді. Мысалы, Қазақстан аумағында жүздеген қазақ-түрік бірлескен кәсіпорындары пайда болды. Алматыда қысқа мерзім ішінде «Анкара» қонақ үйі тұрғызылды. Қазақстан делегациясы Түркияда өткізілетін конференциялар мен кездесулердің тұрақты қатысушысына айналды. Жүздеген жігіттер мен қыздар Стамбұл және Анкара университеттерінде оқиды. Қазақстанда қазақ-түрік оқу орындары мен мерзімді басылымдар ашылды.

Тұрғыт Өзалдың ұсынысымен 1992 жылдан түркі тілдес елдер мемлекет басшыларының жыл сайын жоғары дәрежелі басқосуын өткізу дәстүрге айналған. Екіжақты қатынастардың бастамасы 1994 жылы қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы өзара достық және ынтымақтастық шартынан» басталды.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2003 жылы мамырда Түркияға жасаған ресми сапары барысында Астана мен Анкара арасындағы қатынастардың ұзақ мерзімдік әріптестік деңгейге жеткендігі айтылды.

2007 жылы қазанда Түркия президенті А. Гүлдің Қазақстанға сапарында Н. Ә. Назарбаев түркі тілдес елдердің Парламентаралық ассамблеясын құру туралы өз ұсынысын білдірді. Қазақстан мен Түркия арасында сауда айналымы берік жолға қойылып, ол бүгінде 1,5 млрд долларды құрап отыр. Қазақстан нарығында түрік капиталының қатысуымен 2 мыңдай кәсіпорын жұмыс істейді. Сонымен бірге екі ел арасында мәдени ынтымақтастық та жақсы жолға қойылған. Мәселен, *1992 жылы көктемде Стамбұл қаласында түркі тілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің 1-кездесуінде Түріксойдың негізі қаланды.* Ұйымды құрушы мемлекеттер қатарында: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан мен Түркия және Өзбекстан Республикалары бар.

1992 жылы Қазақстан мен Әзірбайжан мемлекеттері арасында дипломатиялық байланыстар орнатылды. Содан бері екі ел арасында өзара достық, ынтымақтастық қарым-қатынас дамып келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан қаланған сыртқы саяси келісімдер Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу үдерісін жеңілдетіп, оның егемендігі, қауіпсіздігі, аумақтың тұтастығын қамтамасыз ету жолында елеулі рөл атқарды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы бүгінгі күнге дейін елдің ішкі экономикалық-әлеуметтік реформаларына тиімді ықпал етуде.



## Серіктестік, көпвекторлық

### Назар аударыңдар! Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Серіктестік** – бірлестік, мүдде бірлестігі негізінде құрылған серіктестік.  
**Көпвекторлық** – белгілі бір мәселені шешудің алуан түрлі бағыты.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



#### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. 1990 жылдардың басындағы Қазақстанның халықаралық жағдайы қандай еді?
2. Қазақстанның әлемнің жетекші елдерімен өзара байланысының ерекшеліктері неде?
3. Қазақстанның Ресей, Қытаймен ынтымақтастығы қандай рөл атқарады?
4. Қазақстанның АҚШ-пен, Еуропа, Азия елдерімен қарым-қатынасының бағыттары қандай?
5. Қазақстанның түркі елдерімен өзара қатынасы қалай дамуда?



#### Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- Қазақстанның Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынасы.
- Еуропалық Одақ елдерімен стратегиялық одақтастық.
- Егемен Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымы.



#### Тест тапсырмалары

1. 1998 жылы 6 шілдеде «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы» Декларацияға Қазақстан мен қай елдің арасында қол қойылды:
  - а) АҚШ
  - ә) Қытай
  - б) Өзбекстан
  - в) Ресей
  - г) Грузия
2. Түріксойдың негізі қаланған жыл:
  - а) 1991 жыл
  - ә) 1993 жыл
  - б) 1992 жыл
  - в) 1995 жыл
  - г) 1990 жыл

## §60. Қазақстан және халықаралық ұйымдар

**1. Қазақстан ТМД және Орталық Азия кеңістігінде.** Қазақстан өз қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін ең жақын және тарихи дос көрші мемлекеттермен де, Таяу және Орта Шығыс Батыс елдерімен де берік байланыстар орнатты. Қазақстан Республикасының Сыртқы саяси тұжырымдамасында ТМД шеңберіндегі ынтымақтастыққа басымдық берілген. Қазақстан Республикасы ТМД кеңістігінде экономика саласында ықпалдасуды өзара қарым-қатынастың іргелі қағидасы ретінде ұстануда. Сауда-экономика саласындағы ынтымақтастық Достастық елдерінің экономикалық мүдделерін үйлестіруге мүмкіндік береді. ТМД елдерінің даму деңгейі әр түрлілігінен, олардың экономикалық тұрғыдан бірлесу үдерісінің оңай шаруа еместігі аңғарылады.

Кедендік Одақты құру және қаржылық ықпалдастықты дамыту мәселелері қарама-қайшылыққа толы күрделі жағдайға жүзеге асырылуда. Дегенмен, бірқатар нақты іс-шаралар атқарылды. Мәселен, 1994 жылы ТМД елдері Еркін сауда аумағын құру туралы келісімшартқа қол қойды, келесі жылы Қазақстан, Ресей және Белоруссия мемлекеттері арасында Кедендік Одақ құрылды. Кедендік Одаққа 1996 жылы Қырғыз Республикасы және Тәжікстан Республикасы қосылды. Кедендік Одақты құрудағы негізгі мақсат тауарлардың, көрсетілген қызметтің, капиталдың, жұмыс күшінің, валютаның ортақ нарқын белгілеу болды. Кедендік Одақ шеңберінде салық заңнамасы мен көлік саласына қатысты бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан ТМД шеңберінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ынтымақтастықты кеңінен жүзеге асырып келеді. Қазақстан үшін өткір де өзекті мәселе – халықаралық лаңкестік және экстремизммен күрес болып табылады. Еліміз ТМД елдерінің біріккен әскери жаттығуларына, лаңкестікке қарсы орталық қызметіне, халықаралық лаңкестік және экстремизммен күрес бағдарламасына, есірткіге қарсы шараларға қатысып, тәжірибе алмасып келеді. Қазақстан ТМД, ШЫҰ, Кеден Одағы сияқты аса ірі аймақтық ұйымдарды құрудың бастауында тұрды.

*Қазақстан Республикасы мәртебелі халықаралық ұйымдар мен қауымдастық мүшесі. Қазақстан 1992 жылдан бастап беделді халықаралық ұйымдармен (БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ) байланыстарын нығайтты. Қазақстан БҰҰ Даму бағдарламасымен және тағы басқа құрылымдарымен ынтымақтастық негіздегі қарым-қатынас өрісін кеңейтті. Қазақстанда БҰҰ жүйесінің 16 ұйымы қызмет жасайды. Олар – БҰҰ Даму бағдарламасы, БҰҰ Балалар қоры, БҰҰ Халық қоныстану қоры (ЮНФПА), БҰҰ есірткі және қылмыс мәселелері жөніндегі басқармасы, БҰҰ Жоғары комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы, БҰҰ Еріктілер, БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік*

денсаулық сақтау ұйымы және т.б. Қазақстан 1992 жылы ЕҚЫҰ-ға мүше болып қабылданып, онымен ынтымақтастық барысында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. ЮНЕСКО-ның қолдау көрсетуі арқасында Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы тойланды. Орталық Азиядағы осы ұйымның бір ғана өкілдігі Алматыда ашылды.

Қазақстан 2011 жылы өз тәуелсіздігінің 20 жылдығын кең көлемде атап өтті. Тиянақты да бейбітшілік сүйгіш саясатының арқасында Қазақстан дүниежүзілік мемлекеттер қауымдастығындағы ірі-ірі халықаралық ұйымдар қатарына қабылданды.

XXI ғасырда Қазақстан әлемнің аса ірі халықаралық ұйымдарын басқарып, өзінің тарихында ең жоғары халықаралық мәртебеге ие болды. *Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда «Біздің ірі жетістіктеріміздің қатарында 56 мемлекетті біріктіретін ЕҚЫҰ-ға төрағалықты және 1,5 млрд-тан астам халқы бар 57 ел қатысушы мемлекеттің қолдауына ие болған ИБҰ (Ислам ынтымақтастығы ұйымы) төрағалығын» айтуға болады. Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросының 157 мүшесінің дауыс беруі нәтижесінде «ЭКСПО–2017»-ні ұйымдастырушы елге айналды.*

2012 жылы Қазақстан Республикасы өз елінде халықаралық көрме өткізу құқығын үлкен бәсекелестікте жеңіп алды. Париж қаласында Халықаралық көрмелер бюросының 152-Бас ассамблеясына қатысушы 161 мемлекеттің 103-і Астананы қолдап дауыс берді. Бұл Қазақстанның зор табысы болды. Астана қаласында өтетін бұл көрме әлемдік экономика тарихында «Экспо–2017» деген атпен қалатын болады. «Экспо–2017» Орталық Азия өңірі және ТМД аумағында өткізілетін алғашқы бүкіләлемдік көрме болады. Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросының мүшелігіне 1997 жылы қабылданған болатын. Экспо көрмесі – бұл мәні жағынан бүкіләлемдік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемнің ең танымал спорт жарыстарымен теңдес ауқымды оқиға.

**2. Қазақстан ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСПК қарым-қатынас жүйесінде.** Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң, халықаралық аренада өзін сенімді түрде мәлімдеді. Тиянақты да бейбітшілік сүйгіш саясатының арқасында Қазақстан дүниежүзілік мемлекеттер қауымдастығындағы ірі-ірі ұйымдар қатарына қабылданды. Еуразиялық экономикалық қауымдастық 2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында халықаралық ұйым ретінде Кедендік Одаққа қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа сәйкес құрылды. ТМД шеңберінде Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың қалыптасуы Достастық елдері ықпалдастығының жаңа деңгейге ұмтылғанын көрсетті. Бұл ұйымға Қазақстан, Белоруссия, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Молдова республикалары мүше, ал Украина бақылаушы мемлекет болып табылады. ЕурАзЭҚ құру негізіне



«Кедендік Одақты және Біртұтас экономикалық кеңістікті тиімді қалыптастыру» мақсатында қалыптастырылған сауда-экономикалық ынтымақтастық тұжырымы алынды. 2003 жылы мамыр айында БҰҰ ЕурАзЭҚ-ты халықаралық ұйым ретінде мойындады.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы келесі қадам – *Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ)*. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы 1992 жылы ТМД шеңберінде Достастық елдерінің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әскери-саяси ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылды. *Ұйымға ТМД-ның алты мемлекеті – Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан қол қойды*. Кейіннен Белоруссия қосылып, Өзбекстан ұйым құрамынан шықты. Ұйымның жоғарғы органы – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі. Сонымен бірге өкілетті өкілдерден тұратын Тұрақты Кеңес, Сыртқы істер министрлер кеңесі, Қорғаныс министрлер кеңесі, қауіпсіздік кеңесі хатшылық комитеті, ұйымның бас хатшысы, ұйым хатшылығы қызмет етеді.

Бүгінде Қазақстан Республикасы ТМД, ЕурАзЭҚ ұйымдары шеңберінде экономикалық мәдени-гуманитарлық байланыстарын қалыптастырды. Аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруда ҰҚШҰ-ның маңызы зор.

Қазақстан тек Орталық Азия аймағында ғана емес, Еуразия аймағында да ықпалдастыққа ұмтылуда. Әсіресе, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) алатын орны ерекше. 1996 жылы 26 сәуірде Шанхайда бес мемлекет – Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан «Шекара аймағында әскери салада сенімді бекіту туралы келісімшартқа» қол қойып, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының негізін қалады. *ШЫҰ – бұл әскери одақ емес, ол аймақтық қауіпсіздік саласындағы ықпалдастықпен қатар, экономика саласындағы байланыстарға ұмтылатын ұйым болып табылады*.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру туралы идеяны ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев 1992 жылы 5 қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында ұсынды. Ұйымның негізгі мақсаты – Азия аймағындағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты көпжақты қарым-қатынастарды орнату және осы мәселелерді шешу барысында ынтымақтастықты нығайту. АӨСШК аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторына айналды.

ШЫҰ мен АӨСШК – тұрақтылық пен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жағынан мақсаттары мен міндеттері ұқсас құрылымдар. Бірақ бұл екі ұйым бірін-бірі қайталамайды әрі бір-біріне қайшы келмейді. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы оған мүше мемлекеттердің нақты құқықтары мен міндеттемелеріне негізделген. Ал АӨСШК өзекті де өткір мәселелерді еркін талқылауға және оның шешу жолдарын іздеуге арналған кеңейтілген форум болып табылады.

2003 жылы қыркүйекте Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттері Бірыңғай экономикалық кеңістікті (БЭК) құру туралы келісімге қол қойды. Алайда Украинаның ұстанымы құбылмалы болды. БЭК Достастық кеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықты жүзеге асырудың бір жолы. ТМД құрамына кіретін үш мемлекет ықпалдастықтың жоғары деңгейіне көшу туралы шешім қабылдады. 2010 жылдың 1 қаңтарынан Ресей, Қазақстан және Белоруссия арасында Кедендік үштік одақ құрылып, өз жұмысын бастады. БЭК қызметіне экономикалық сипат тән.



Кеден, валюта, интеграция

### Назар аударыңдар!

Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Кеден** – шекарадан өтетін тауарларды тексеретін және осы тауарлардан салық алып тұратын мекеме.

**Валюта** – бір мемлекеттің тұрақты ақша бірлігі.

**Интеграция** – шоғырлану, бірігу мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. ТМД-ның халықаралық ұйым ретіндегі ерекшелігі неде?
2. Қазақстанның өңірлік интеграция үдерістеріндегі рөлі қандай?
3. Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы қандай деңгейде?
4. ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСПК секілді өңірлік құрылымдардың сипаты неде?
5. Қазақстан қай жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті?
6. ИЫҰ деген қандай ұйым?



Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- БҰҰ және Қазақстан.
- ШЫҰ-ның құрылуы.
- Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі.



Тест тапсырмалары

1. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға мүше болып қабылданған жылы:
  - а) 1991 жыл
  - ә) 1992 жыл

- б) 1993 жыл
- в) 1996 жыл
- г) 2000 жыл

2. БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы:

- а) ЮНФПА
- ә) ТРАСЕКА
- б) ЮНЕСКО
- в) НАТО
- г) ЕҚЫҰ

## **§61–62. Қазақстанның ХХ ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті**

**1. Орта білім мен жоғары білім беру ісі.** Осы кезеңде мектептерде мемлекеттік стандартқа сәйкес бағдарламаны жаңартуға ерекше көңіл бөлінді. Жалпы білім беру мектептеріндегі оқу жүйесі 1984 жылдан бастап 11 жылдыққа көшірілді. 1984 жылғы мектеп реформасы бойынша балалар мектепке 6 жастан баратын болды. 1–4-сыныптар бастауыш, 5–9-сыныптар орта, 10–11-сыныптар толық орта және кәсіби білім беретін сыныптар болып белгіленді. *1985–2000 жылдар аралығында орта білім мен жоғары білім беру саласы түпкілікті өзгеріске ұшырады.* 1990 жылдан бастап Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің баламалы жүйесі – отбасылық, коммерциялық және мемлекеттік білім беру мекемелері қарқынды дами бастады. Жалпы білім беретін баламалы мектептер, соның ішінде төлемақысы жоғарылығына қарамастан жеке меншік мектептер көбейді. Ана тілінде оқытатын мектептер (өзбек, ұйғыр т.б.) саны да артты. Бірқатар мектептерде өзірбайжан, грек, корей, түрік, поляк, татар тілдері ана тілі ретінде оқытыла бастады және олар оқу жоспарына енгізілді. Барлық мектептер ағылшын, француз, араб тілдерін міндетті пән ретінде оқытуға кірісті. Осы жылдардағы мектептегі түбірлі өзгеріс – кеңес мектептеріне тән идеологиялық бірсарындылықтан арылды. Қазақстан тарихы мен мәдениеті толық, жүйелі түрде оқытыла бастады. Қайта құру мен тәуелсіздік тұсында ғана жұртшылық сталинизмнің қорқынышты жылдарының шындығы, ұжымдастыру кезеңдегі миллиондаған адамның қырылу трагедиясы, Екінші дүниежүзілік соғыстың ақиқаты туралы нақты мағлұмат ала алды.

*1991 жылдан бастап жаңа ұлгідегі мектептер мен арнаулы орта оқу орындары: лицейлер, гимназиялар, кәсіптік-техникалық мектептер, колледждер ашылды.* Жеке меншік мектептер мен колледждердің көптеп ашылып, олардың табысты жұмыс істеп жатқанына қарамастан, 1995 жылғы Конституцияда: «Қазақстанда азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті», – деп атап көрсетілді. 1999 жылғы маусымда қабылданған «Білім туралы»

Заң жалпы білім беретін мектептердегі оқытуды үш сатылық етіп бөлді: бастауыш (1–4-сыныптар), негізгі (5–9-сыныптар), орта (10–11-сыныптар). Мамандардың пікірінше, бұлайша бөлу оқушылардың білімді меңгеру қабілеттерін толық аша түседі. Дарынды балаларға көмектесу үшін арнайы «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, осы бағдарлама шеңберінде барлық облыс орталықтарында мектеп-интернаттар ашылды. Мұндай жүйені құру, шынында да, жоғары және арнаулы білім алу үшін дарынды жастарды іріктеп алуға мүмкіндік берді.

Алыс және жақын шетелдерден тарихи отанына оралған қазақтар саны артуы есепке алынып, 1996 жылдың соңында шетелдердегі отандастарға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары белгіленді. Бағдарлама оралмандар мен олардың балаларын қазіргі заманғы мектептерде оқыту және білімін жетілдіру мақсатын көздеді.

*Әлемдік өркениет жетістіктерін жылдам игеру мақсатында 1997 жылы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.* Мектептер (ауылдық мектептер де) аз уақыт ішінде компьютерлермен және керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді. Мектептерді компьютерлендіруге демеушілер мен халықаралық қорлар да көмектесті.

Мектептегі білім беру жүйесін реформалауда, оқытудың тиімділігін арттыруда, идеологиялық қасаңдықтан арылуда «Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенін дайындау және басып шығару туралы» бағдарлама шешуші рөл атқарды. Бұл бағдарлама қазақ және шетел тілдерін тиімді оқыту үшін жаңа технологиялар мен компьютер бағдарламаларын кеңінен енгізуді де мақсат етті. Мемлекет оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға белгілі ғалымдарды, өз саласында танылған мамандарды тартты. Оқулықтардың сапалы дайындалу деңгейін көтеру үшін баламалы негізде жазылған оқулықтар да ұсыныла бастады.

«Атамұра», «Мектеп» т.б. баспалардан қазақстандық жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері әзірленіп, басып шығарылды.

Мектептер мен онда оқитын балалар саны өсті. Мәселен, 2003 жылы Қазақстанда 8160 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істесе, олардың 2016-сы қалалық, 6144-і ауылдық жерде орналасты. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі оқушылар саны – 1 млн 684 мың бала, орыс тілінде – 1 млн 300 мың бала, өзбек тілінде – 87 мың 300 бала, ұйғыр тілінде – 21 мың 500 бала болды.

Мыңдаған бала қазақ-түрік лицейлерінде оқыды.

2005–2006 жылдары республикада орта білім беретін 7802 мемлекеттік мектеп, 133 мемлекеттік емес, 78 кешкі мектеп жұмыс жасады, онда 2,7 млн бала оқыды. 320 кәсіптік мектеп пен лицейде және 510 колледжде 559,6 жасөспірімдер білім алды. Кеңестік кезеңде қазақ мектептерінің саны күрт азайып, қазақ балаларының өз ана тілінде білім алу мүмкіндігі шектелген еді. Еліміз тәуелсіздігін

алғаннан бергі уақытта осы олқылықты толтыру мақсатында қазақ мектептеріне басымдық берілуде. 1991 жылдан қазақ мектептерінің саны 811-ге өсті, Қазақстандағы 3716 мектеп ұлттық мектептер. 2073 қазақ және орыс тілдерінде білім беретін аралас мектептер жұмыс істейді.

2009 жылы қаңтар айында Астанада Тұңғыш Президенттің бірінші интеллектуалдық мектебі ашылды.

*Жүргізілген ауқымды реформалар жоғары оқу орындары бейнесін де өзгертті.* Мәселен, 90-жылдар басынан бастап жеке меншік жоғары оқу орындары да ашыла бастады. 2003 жылдың басына қарай республикада 127 жоғары оқу орны болып, оларда 257 мың студенттер оқыды. Дегенмен студенттердің дені мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алды. Республика Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен жоғарғы кәсіби, білікті мамандар дайындайтын, сегіз жоғары оқу орнына ерекше мәртебе берілді. Қорғаныс және Ішкі істер министрліктері өз сұраныстары үшін маман кадрлар дайындауға кірісті. Республиканың жоғары оқу орындары осылайша біртіндеп нарықтық қатынастарға бейімделіп қайта құрылды. Жоғары оқу орындарына түскенде жемқорлыққа жол бермеу, талапкерлердің бәріне бірдей жағдай жасау мақсатымен 1999 жылдан бастап арнайы гранттар мен несиелер бөліне бастады. Қабылдау комиссиялары талапкерлер білімін тест тапсырмалары арқылы анықтауға кірісті. *2004 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді.* Студенттер оқу ақысын төлеу үшін инвестициялық немесе депозиттік банктерден несие ала бастады.

**2. «Болашақ» бағдарламасы.** 1993 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленді. 1994 жылы алғаш рет 187 қазақстандық студент АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция елдерінің жоғары оқу орындарына аттанды. Кеңестен кейінгі кеңістіктегі мемлекеттер тарихында бірінші рет талантты жастардың мемлекет есебінен шетелдерде білім алуына мүмкіндік туды. Егер 2004 жылы 785 студенттің әлемнің 13 елінде білім алуға мүмкіндігі болса, 2005 жылдан мемлекеттік стипендия саны 3000-ға көбейтілді және әлемнің 32 еліндегі 630 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік жасалды.

«Болашақ» бағдарламасының түлектері мемлекеттік қызметте, білім және денсаулық сақтау жүйесінде, ұлттық компанияларда қызмет етуде. 2008 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен «Болашақ» халықаралық стипендианттарының II форумы өтті.

**3. Баспа, бұқаралық ақпарат құралдары.** *Бұқаралық ақпарат құралдары қызметі саласындағы монополия өктемдігі жойылып, мүлде жаңа телеарналар, газеттер мен журналдар дүниеге келді.* Бұқаралық ақпарат құралдарының бұрынғы кезден түбірлі айырмашылығы бүгінгі күннің өткір проблемаларын халыққа еркін

жеткізе алуында. «Қазақстан» телеарнасы – «Күлтөбе», «Шынның жүзі»; «Хабар» – «Бетпе-бет»; «31 канал» – «Өзіндік пікір» атты бағдарламаларымен көрермендердің көңілінен шықты.

Баспалар да жаңаша жұмыс істей бастады. Тәуелсіз баспалар қалыптасты. Түрлі басылымдар, әсем безендірілген әрі мазмұнды кітаптар көп таралыммен шығарыла бастады. 2007 жылы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» қазақ тілінде 10 томы, орыс тілінде 8 томы басылып шықты. 2005 жылға қарай газеттердің, телеарналардың басым бөлігі жеке меншікте болды.

Қазақстан әлемдегі көп этникалық мемлекеттердің бірі. ҚР Конституциясында Қазақстанда ұлтына, мәдениетіне, нанымына және тіліне байланысты кемсітушілікке тыйым салынған. Қазақстан Республикасында өзіндік этникалық болмысының ерекшелігін, мәдениеті мен тілдерін сақтаған 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұрып жатыр. Бүгінгі күні Республикадағы этномәдени орталықтар саны 621-ге жетті, елімізде 46 этнос өкілінің орталығы бар. Елімізде газет және журналдар 11, радиохабарлар 8, телехабарлар 7 тілде тарайды. Қазақ және орыс тілдеріндегі БАҚ-ты қоспағанда, басқа ұлт тілдерінде шығатын басылымдардың жалпы таралымы 80 мыңнан асады. 88 мектепте оқу толығымен өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі. Қазақстандағы 22 этнос тілі 108 мектепте жеке пән ретінде оқытылады. Онан басқа 195 мамандандырылған лингвистикалық орталықта 30 этностың балаларына, сондай-ақ ересектеріне де тіл үйренуге барлық мүмкіндік жасалған. Қазір онда 7 мыңнан аса адам оқиды. *Қазақстанда қазақ пен орыс театрларынан басқа өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театры жұмыс істейді. Оның қшеуі ТМД көлеміндегі бір-бірден ғана театрлар.*

**4. Елдің рухани-мәдени өміріндегі жаңалықтар.** Егеменді еліміз мәдени салада жіберілген ағаттықтарды түзетуге мүмкіндік алды. Мәдениет пен өнер, әдебиет идеологиялық тыйым салу азабынан арыла бастады. Кеңестік жүйенің күйреуі мен нарықтық қатынастарға өту мәдениет пен спорттың дамуына зор ықпал етті.

Қайта құру жылдарында бюджеттен қаржыландыру едәуір қысқарды, көптеген ғылыми зертханалар мен спорт мектептері, клубтар, демалыс орындары жабылды немесе жеке меншікке берілді.

Қалыптасқан жаңа жағдайда нарықтық қатынастарға икемделе алған ұйымдар ғана өз жұмыстарын жалғастырды. Сондай мәдени ұйымдардың бірі 1974 жылы құрылған «Яшлық» ұйғыр эстрадалық ансамблі еді. Республикаға танымал сазгер Мұрат Ахмадиев іргесін қалаған бұл өнер ұжымы еліміздің көпұлтты музыка мәдениетін дамытуға лайықты үлесін қосуда. Ал сазгердің қызы Дильназ Ахмадиева елімізге белгілі эстрада жұлдыздарының біріне айналды.

*Қазақстан ғылымы дамуының жаңа кезеңі Ғылым мен жаңа технологиялар министрлігі құрылған 1992 жылдан басталды. 1993 жылы бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар жаппай сынақтан өткізілді. Мұндай тәсіл ғылымның*

болашағы зор салаларын анықтауға, маңызды ғылыми орталықтарға нақты көмек беруге мүмкіндік жасады. Университеттерде қазіргі заман талаптарын қанағаттандыра алатын жаңа мамандықтар ашылды. Нақты айтқанда, ғылымға жаңа – әлеуметтанушы, саясаттанушы, мәдениеттанушы кадрлар келді, компьютерлік техника, ақпараттық технологиялар, бизнес пен экономика саласы бойынша мамандар дайындала бастады. Жоғары Аттестациялық комиссия қайта құрылып, ғылыми дәреже беру шарттары қайта қаралды.

Республика ғалымдары Қазақстанның өткен кезеңін, ата тарихын зерттеуге елеулі үлес қосты. *Көне заманнан бүгінге дейінгі 5 томдық Қазақстан тарихы, академик Ә. Х. Марғұлланның 14 томдық еңбегі т.б. іргелі басылымдар жарық көрді.*

Елбасының тапсырмасы бойынша 2013 жылы 5 маусымда Қазақстанның ұлттық тарихын жаңаша зерделеу жөніндегі ведомстваралық жұмыс тобының кеңейтілген алқа отырысы өтті. Мемлекеттік деңгейде алғаш рет ұйымдастырылған тарих ғылымының мәселелеріне арналған ғылыми жиында заман талабына сай осы ғылымның алдында тұрған мақсат пен міндеттер сараланды. Ғылыми басқосуда «Тарих толқынындағы халық» деген атпен қабылданған тарихи зерттеулердің арнайы бағдарламасы тарихшылар тарапынан қолдау тапты.

ЮНЕСКО бағдарламасы шеңберінде Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуы республикада кеңінен атап өтілді. 1999 жылы сәуірде Парижде осы оқиғаға арналған халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Түркістанның 1500 жылдық мерейтойында «Қазақстан мен түркі әлемінің рухани тарихындағы Түркістан және Қожа Ахмет Йасауи» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Оған Қазақстан мен жақын және алыс шетелдерден 200-ден аса ғалым мен мамандар қатысты. 2001 жылы 12 шілдеде «Ғылым туралы» Заң қабылданды. 2003 жылы қазанда Ғылым академиясы жаңа заман талабына сәйкес қайта құрылды.

*Ғаламдық өзгеріс рухани салада да орын алды: діни сенім мен қасиетті орындарға зиярат етуге еркіндік берілді.* Алматыда, Павлодарда, Таразда, Көкшетауда, Шымкентте сәулеттік әсемдігімен ерекшеленетін мұсылман мешіттері жөнделді және жаңадан салынды. 2005 жылы сәуірде астана тұрғындары араб елдері көмегімен салынған Астанадағы Орталық мешіттің ашылуының куәсі болды.

Алматы, Петропавл қалаларында православие мен католик шіркеулері бой түзеп, Алматыда жаңа синагога салынды. Дінге сенушілер санасынан діни сенімі үшін мемлекет пен жазалаушы органдар алдындағы қорқыныш жойылды. Ұзақ жылдарғы тыйым салудан кейін дінге сенушілер қасиетті орындарға еркін барып, қажылық парызын өтей алатын болды. Жыл сайын мыңдаған мұсылмандар діни парызын атқаруға Мекке мен Мәдинеге аттанды. Діни орталықтар жанынан арнаулы медреселер ашыла бастады, мыңдаған

жас қазақстандықтар ірі теологиялық орталықтарда оқуға мүмкіндік алды. Қасиетті Құран қазақ, орыс тілдерінде басылып шықты.

Қазақстандағы экономикалық ілгерілеу мен саяси тұрақтылық әлеуметтік-мәдени салада реформаларды тиімді жүргізуге кеңінен жол ашты. 1998–2000 жылдарға арналған мемлекеттік мәдениетті қолдау бағдарламасы жасалып, еліміздің мәдениеті мен өнері мемлекеттік қолдауға ие болды. 2000 жыл Қазақстанда Мәдениет жылы болып жарияланды. *Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылып, халқымыздың тарихы мен мәдениеті жайлы іргелі еңбектер жарық көрді.*

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 1991 жылдары елімізде 48 кәсіби театр, 62 концерттік ұйым, 3539 кітапхана, 154 мемлекеттік мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 2259 клуб түріндегі мекеме, 42 луна-парк пен демалыс саябақтары, 4 хайуанаттар паркі жұмыс істеді.

1989 жылдан «Азия дауысы» халықаралық өн байқауы өткізіліп тұрды. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан қайта жаңғырған айтыс өнері жанданды. Айтыскерлер арасынан Манап Көкенов, Көкен Шөкеев, Әселхан Қалыбекова, Надежда Лушникова, Аманжол Әлтаев, Оразалы Досбосынов, Айнұр Тұрсынбаева, Бекарыс Шойбеков және басқа да таланттар танылды. Айтыс мектебі қалыптасты. Фольклорлық өнер ұжымдары, Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптық оркестр, «Отырар сазы» оркестрі, «Салтанат» би ансамблі өнер көрсетті.

2001 жылдың ақпан айында «Асыл мұра» атты Қазақстанның музыкалық мұрасы жобасының тұсаукесері Алматы қаласында өтті. Жоба мақсаты құнды ұлттық музыкалық мұраны табу, жүйелеу, қайта өңдеу және қазіргі аудиотаспаларға көшіру. Жоба аясында халықтық, классикалық және қазіргі Қазақстанның үздік мәдени мұра үлгілері қалпына келтірілді. Қазақтың дәстүрлі өн, күйлерінің толық антологиялық жинақтары жарық көрді.

Соңғы жылдары кеңестік тоталитарлық жүйеден босаған елдің ақын-жазушыларының шығармаларына XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ елінің өмірі арқау бола бастады. Б. Мұқай, Н. Айтұлы, Т. Жұртбай, С. Досановтардың XX ғасырдың көркем тарихын жасаған шығармалары жарық көрді.

Бүгінгі күні Қазақстанның елордасы – Астана қаласының мәдени инфрақұрылымы кеңейтілуде. Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры мен М. Горький атындағы орыс драма театры, К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры жұмыс істейді. Президенттің мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салынып іске қосылды. Мемлекеттік цирк, Бейбітшілік және келісім сарайы қолданысқа берілді. Бұл құрылыс нысанын салу идеясы 2003 жылы қыркүйек айында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының



бірінші съезінде көтеріліп, пирамида пішіндес сәнді ғимарат салуды жиналғандар бірауыздан қолдаған болатын. Жобаның авторы британ сәулетшісі Норман Фостер. Биіктігі 77 метр, аумағы 25,5 мың шаршы метр ғимарат 2006 жылы пайдалануға берілді. Елімізде отандық авторларды көркемдігі жоғары туындылар жасауға тарту, сондай-ақ өнерді дамыту мақсатында жыл сайын «Астана–Бәйтерек» ұлттық байқауы өткізіледі.

2003 жылы «Астана–2003» қазақ әндерінің бірінші халықаралық байқауы өткізілді. Қазақстанда жыл сайын еліміздің талантты жастарына арналған «Жас қанат», «Жігер», «Алтын алма», «Шабыт» және басқа да фестивальдар өтіп тұрады.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 2004 жылғы 13 қаңтарда «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Бағдарлама қабылданғаннан кейін тарих пен мәдениеттің 51 ескерткіші қайта жаңғыртылып, Қазақстан аумағындағы 39 қалашық, қоныс, тұрақ, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қытайға, Түркияға, Монғолияға, Ресейге, Жапонияға, Египетке, Өзбекстанға, Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне 15 ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері жөнінде бұрын белгісіз болып келген 5000-ға жуық қолжазбалар мен басылымдар табылды. Тек Қытайға жасалған экспедицияның барысында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұрын зерттелмеген маньчжур тіліндегі 3 мың, қытай тіліндегі 300, шағатай тіліндегі 60, ойрат тіліндегі 70 дерек табылды. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет, өнертану, философия, тарих ғылымы, саясаттану, тіл білімі сияқты 16 бағыт бойынша бірнеше жүз томды құрайтын кітаптар шығарылды. 100 томдық «Бабалар сөзінің» 50 томы, «Қазақ философиясының» 16 томдығы, «Әлемдік философиялық мұраның» 18 томдығы, «Баласағұн» қалашығы, Отырар, Орхон ескерткіштерінің толық атласы жарық көрді. 2006 жылы қазақ тілінде 10 томдық «Тарих – адамдар ақыл-ойының қазынасы» сериясы шықты. «Қазақстанның электрондық кітапханасы» және «Мәдени мұра» интернет-порталдары жасалды.*

Қазақстанда халықаралық мәдени байланыстар жолға қойылып, табысты жұмыс істеуде. Қазақстан 49 таяу және алыс шетелдермен, халықаралық ұйымдармен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды. Ресейдегі Қазақстан жылы, Қазақстандағы Ресей жылы өткізілді. 2004 жылы өткен Түріксоy Тұрақты Кеңесінің ХХІ отырысы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымдарына мүше мемлекеттердің мәдениет министрлерінің жұмыс бабындағы екі кездесуінің өткізілуі Қазақстанның мәдени өміріндегі маңызды оқиға саналады.

2008 жылдың қыркүйек айында V «Еуразия» халықаралық кинофестивалі өтті. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының 10 жылдығына халықаралық музыкалық фес-

тиваль ұйымдастырылды. Түрікменстан, Катар, Египет және Иорданияның Қазақстандағы мәдениет күндері, Қазақстанның Монғолиядағы, Тәжікстандағы, Германиядағы мәдениет күндері ұйымдастырылды.

*Кино өнерінде, монументті кескіндеме жасауда өзіндік көркемдік ойы және идеялық принциптері бар жаңа ұрпақ келіп қосылды.* Қазақ режиссерлерінің көптеген фильмдері әлемдегі ірі фестивальдердің лауреаттары атанды. 1996 жылы Алматыда Тәуелсіздік монументі мен Ж. Жабаев ескерткіші, Астанада Кенесары Қасымов, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ескерткіштері салтанатты түрде ашылды.

2003–2005 жылдарда қазақ-американ кинематографистері (Голливуд, «Қазақфильм») «Көшпенділер» кинофильмін түсірді. Бұл алғашқы маңызды халықаралық жоба еді. *2011 жылы түсірілген Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың бала» фильмі бүгінгі қазақ киноөнеріндегі ірі жетістік саналады.*

**5. Спорттың дамуы.** Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік Ұлттық олимпиадалық комитет құрылды. Қазақстан спортшылары ірі-ірі халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетті. XI Азиялық ойындарға алғаш қатысқан қазақстандықтар жалпы командалық есепте 4-орынды иеленді, 77 медаль (25 алтын) жеңіп алды. Дәулет Тұрлыханов, Сергей Филимонов, Наталья Торшина, Бақыт Ахметов сияқты спортшылар Қазақстанды спорттық держава ретінде танытты. Қысқы олимпиада ойындарында көкшетаулық В. Смирнов (шаңғы), XXVI жазғы олимпиада ойындарында Ю. Мельниченко (грек-рим күресі), А. Парыгин (бессайыс), В. Жиров (бокс) чемпиондар атанды. XXVII олимпиада ойындарында (2000) Ольга Шишигина, Ермахан Ибрайымов, Бекзат Саттарханов чемпион болды. 2001 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 1-жаздық спартакиада өткізілді, оған еліміздің 1 млн-нан астам тұрғындары қатысты.

XXVIII олимпиада ойындарында (Афины) Бақтияр Артаев чемпион атанды. Ол олимпиаданың үздік боксшысы деп танылып, ең үздік спортшы ретінде оған Вэл Баркер кубогы табыс етілді. Штангашы С. Филимонов, боксшы Г. Головкин, палуандар Г. Цурцумия мен Г. Лалиев күміс медальдарды иеленді.

*Республикада бүгінгі күні ұлттық спорт түрлері: бәйге, жорға жарыс, тоғызқұмалақ кең тараған.* Спорттың осы түрлері бойынша федерациялар құрылып, ресми түрде жарыстар өткізіп тұрады.

Футбол, волейбол, бильярд секілді спорт түрлерімен халық кеңінен айналыса бастады. 2003 жылдан Қазақстан футболшылары Еуропа кубогы үшін жарыстарға қатысады, шағын футболдан жарыс тұрақты өткізіліп тұрады.

Қазақстан спортшылары 2006 жылы Доха қаласындағы (Катар) жазғы Азия ойындарында 85 медальға ие болды. Оның 23-і алтын, 20-сы күміс және 42-сі қола медаль. Алдыңғы Азия ойындарын-



Бейжің олимпиадасының (2008 ж.) чемпиондары  
И. Ильин мен Б. Сәрсекбаев.

да 20 алтын, 26 күміс, 30 қола медаль алып, жалпыкомандалық 4-орынға шықты. Испанияда өткен әйгілі «Вуэльта» веложарысында қазақстандық спортшылар Александр Винокуров пен Андрей Кашечкин жеңіске жетті. 2006 жылы нысана көздеуден және ауыр атлетикадан Ольга Довгун мен Илья Ильин әлем чемпиондары атанды. Илья Ильин жыл спортшысы ретінде танылды. Дмитрий Карпов көпсайыстан әлемнің үздік спортшысы атанды.

Қазақ спортшылары 2008 жылғы Бейжің олимпиадасында 13 медальға қол жеткізді: 2 алтын, 4 күміс және 7 қола. Медаль саны жағынан 205 мемлекеттің ішінде 19-шы, жалпы есепте 29-шы орынға табан тіреді. Біздің республикамыздан алтын медальды ауыр атлет Илья Ильин мен боксшы Бақыт Сәрсекбаев иеленді. Күміс медаль иелері: дзюдоист Асхат Житкеев, ауыр атлеттер Ирина Некрасова мен Алла Важенина, еркін күрестен Таймұраз Тигеев. Қола медальді грек-рим күресінен Нұрбақыт Теңізбаев және Әсет Мәмбетов, ауыр атлет Мария Грабовецкая, еркін күрестен Елена Шалыгина және Марид Муталимов, боксшы Еркебұлан Шыналиев пен таэквондошы Арман Шылманов алды.

Астана мен Алматы қалаларында 2011 жылы өткен VII Қысқы Азия ойындарында Қазақстан спортшылары 32 алтын, 21 күміс, 17 қола, барлығы 70 медаль алып бірінші орынға шықты. 2012 жылы Лондондағы XXX Жазғы олимпиада ойындарына қатысқан Қазақстан ұлттық құрамасы тамаша табысқа жетті. Лондон олимпиадасы Қазақстанның спорт тарихындағы ең жарқын беттердің

біріне айналды. Еліміз спортшылары осы жаһандық жарыста 7 алтын, 1 күміс және 5 қола медальға ие болып, Қазақстан құрамасы командалық 12-орынға шықты. Бұл Қазақстан үшін бұрын-соңды болмаған орасан зор жетістік еді. Штанга көтеруден ерлер арасында Илья Ильин, ал қыздар арасындағы осы спорт түрінен жарыста Светлана Подобедова, Майя Манеза, Зульфия Чиншанло алтын медальға ие болды. Жеңіл атлетикада Ольга Рыпакова, веложарыста Александр Винокуров, бокста Серік Сәпиев алтыннан алқа тақты. Илья Ильин екі дүркін Олимпиада чемпионы атанды.

Елімізде 2011 жылдан бері жыл сайын қазақша күрестен жұлде қоры өте қомақты «Қазақстан барысы» жарысы өткізіліп келеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы мәдениет пен спорттың дамуы барысында өмір барынша қызғылықты бола түсті. Қаржы жетіспеушілігіне қарамастан, мәдениет пен өнер, спорт дамуға жаңа серпін алды.



Реформа, балама, ескерткіш, теология

### Назар аударыңдар!

Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Реформа** (лат. reforme – қайта жасап отырмын) – өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, қоғамдық өмірдің (қалыптасқан тәртіптердің, институттардың, мекемелердің) кейбір жағын қайта өзгерту, құру.

**Балама** (лат. alter – екіншісі) – бірін-бірі бекерге шығаратын екі немесе бірнеше мүмкіндіктің біреуін ғана таңдап алу қажеттігі.

**Ескерткіш** – 1) кең мағынасында – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы; 2) тар мағынасында – ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды.

**Теология** – құдай жайлы ілім.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Баламалы білім беру жүйесі дегеніміз не?
2. «Болашақ» бағдарламасы қай жылы қабылданды?
3. Бірыңғай ұлттық тестілеу дегеніміз не?
4. Жалпыұлттық қандай мерзімді басылымдарды білесің?
5. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ғылымы қалай дамыды?
6. Қазақтың театр және дәстүрлі өнері қандай жетістіктерге жетті?
7. Қазақстандық спортшылар ел байрағын қандай мәртебелі жарыстарда асқақтатты?
8. Соңғы жылдары «Қазақфильм» студиясы қандай фильмдер түсірді?



## Шығармашылық тапсырмалар

1. Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:

- Қазақстандағы орта білім беруді реформалау: жетістігі мен кемшілігі.
- Қазақстан тарихын зерттеуге үлес қосқан ғалымдар.
- Белгілі қазақстандық спортшылар.
- Қазақ кино өнерінің дамуы.

2. Кестені толтырыңдар.

### Қазақстанның мәдени-рухани дамуы

1.	Қазақтың қандай ұлы тұлғаларының мерейтойлары ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді?	
2.	«Қазақфильм» мен Голливуд бірлесіп түсірген кинофильм	
3.	Б. Саттарханов, Б. Артаев, О. Шишигина, Б. Сәрсекбаев, И. Ильиндер қандай олимпиадаларда қай саладан чемпион атанды?	
4.	«Мәдени мұра» бағдарламасы қай жылы қабылданды? Қандай жұмыстар атқарылды?	



## Тест тапсырмалары

1. «Болашақ» бағдарламасы қашан қабылданды?

- а) 1989 жылы
- ә) 1993 жылы
- б) 1988 жылы
- в) 1992 жылы
- г) 1991 жылы

2. 1991 жылдары Қазақстанда жұмыс істеген кәсіби театрлар:

- а) 48
- ә) 42
- б) 52
- в) 30
- г) 38

3. Қазақ спортшылары 2008 жылғы Бейжің олимпиадасында қанша медальға қол жеткізді:

- а) 35
- ә) 27
- б) 13
- в) 15
- г) 22



## МӘТІНДІ КӨНІЛ ҚОЙЫП ОҚЫНДАР

*Тарих ғылымының археология саласын дамытуға маңызды үлес қосқан археолог туралы ауызша хабарлама жасаңдар.*



**МАРҒҰЛАН Өлкей Хақанұлы (1904–1985)** – белгілі ғұлама ғалым. Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі (1933), филология ғылымдарының докторы (1946), Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1958), профессор (1960), Қазақ КСР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері (1961). Ленинградтың Шығыс институтында, сонымен қатар Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқыды, бұларға қоса өнер тарихы институтында дәріс тыңдады. Ленинградта оқып жүрген кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақстан мен Алтайдың ендіргіш күштерін, халқын зерттеуге арналған экспедициясына (1926–30) қатысты. 1930 жылы Қазақстан Оқу Халық Комиссариатының жанындағы Жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер болды. 1946 жылдан Қазақ КСР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография секторының, 1955 жылдан этнография бөлімінің меңгерушісі болды.

Ө. Марғұлан 1943 жылдан Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Шу, Талас өзендері бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» (1950) деген монографиялық еңбек жазды. 1946 жылдан Орталық Қазақстанды зерттеді. Осының нәтижесінде «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» басылымын жазуға қатысып, оның редакциясын басқарды. 1957–1967 жылдары Ш. Уәлихановтың әдеби мұрасын жинай отырып, оның бес томдық шығармалар жинағын бастыруға басшылық етті. Оның Қазақстанның қола дәуіріне («Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті»), көшпелілер өмір сүрген дала дәстүрі мен тұрмысына («Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дөңдібай мәдениеті») арналған еңбектерін әлемнің ғылыми жұртшылығы жоғары бағалады. Ө. Марғұлан – тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер тарихы жайлы 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмысының, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалардың авторы. Оның ғылыми мұрасы 14 томдық еңбек болып жарық көрді. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Археология институтына Ө. Х. Марғұланның есімі берілген.

### **§63. Н. Ө. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті**

**1. Президент тағдыры – ел тағдыры.** XX ғасырдың 40-жылдарында өмірге келгендердің тағдыры оңай болмағандығы белгілі. Соғыс және одан кейінгі жылдардағы халықтың ауыр тұрмысы, көрген бейнеті, шеккен қасіреті сол кезеңдегі ұрпақтың санасына өзіндік ізін салды. Соғыстан кейін халық шаруашылығы қалпына келтірілді, жаңа қалалар мен зауыт-фабрикалар салынып, Темір-

тау сияқты жас қалалар бой көтерді. Осынау тарихи оқиғалар жас буынның өмірге құштар, батыл болмысты, қайратты болып жетілуіне әсер етті.

Тұңғыш Президентіміздің тұлға ретінде қалыптасуы білім алған Абай атындағы орта мектеп өмірімен, ондағы сыныптастар ортасымен және мектептен кейінгі еңбек жолымен сабақтасты болды. *Нұрсұлтан Әбішұлы мектепте үздік оқыды. Осыған орай, ЖОО-ға бөгетсіз түсуге деген мүмкіндігі болса да, металлург болу жолын таңдады. Жас Нұрсұлтанның бойындағы бірбеткей қалып, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білу қабілеті, ашық-жарқын, жайдары мінез бен дүниетанымдық деңгейдің кеңдігі жұртшылықтың назарын өзіне аударатын.* Днепродзержинск техникалық училищесінің бітіру кешінде қарт шебер Қазақстаннан келген балалармен қоштасып тұрып олардың әрқайсысына болашағы жөнінде былай деген еді: «Сен, – дейді ол біреуіне, – цехтың басшысына дейін көтерілесің, сен – директорлыққа дейін. Ал сен, – деді Нұрсұлтан Назарбаевтың бетіне мұқият үңілген шебер, – үкімет басында боласың». Училищеден кейін Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан Магниткасының цехтарында көрікші болып еңбектің ауыр сатыларынан өтті, партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтерді атқарды. 1984 жылдың наурыз айында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Сол кезде ол одақтас республикалардағы ең жас басшылардың бірі болды.

XX ғасырдың 90-жылдары КСРО-ның ыдырауы орталықтың тиімсіз басқару уақыты ғана емес, бұл азық-түлік пен киім-кешектің қалың жұртшылыққа тапшы кезеңі де еді. КСРО кеңістігінде ұлтаралық жанжалдардың орын алғаны да мәлім. Адамдардың бойын қорғансыздық, дәрменсіздік иірімі жайлағаны да шындық. Кезінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған немесе жұмыс іздеп келіп, орнығып қалған этникалық топ өкілдері өз Отандарына мыңмыңдап орала бастады. Осындай саяси белгісіздіктің, экономикалық күйреудің, қаржылық былықтың ауыр жағдайында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің жарқын болашағына жол сілтеді. Елдің ертеңгі күніне деген сенімді оятты. Нұрсұлтан Әбішұлы ескі жүйенің күйреу жағдайында жаңа зайырлы демократиялық Қазақстанды құру секілді аса күрделі бүгінгі ғана емес, кейінгі ұрпақтың қамы жолындағы жауапкершілігі мол жұмыстарды жүйелі бастап, батыл да табанды әрекеттерімен, абыройымен жалғастырып келеді.

**2. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы.** Нұрсұлтан Әбішұлының басшылығымен елдің саяси құрылысы мүлдем жаңа мәнді иеленді: алдымен бір, содан соң екі палаталы Парламент, бірегей Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Экономиканың қайта жаңғырту саясаты, ұлттық валюта – теңгені енгізу жаңа сипатқа ие болды. Қысқа мерзімде жекешелендіру жүргізілді. Тұралап қалған кәсіпорындар аяғынан тұрғызылды. Елбасы жаңа Қазақстанды құру, экономиканы күйретпей, дағдарыстан аман алып шығу, қоғамдық

жанжалдардың орнығуына жол бермеу сияқты кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің шешімін таба білді. Сол кезге Ата заңымыздың қабылдануы сәйкес келді. Ел Президенті тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларды қабылдады. Қазақстанның кең-байтақ даласының мемлекеттік шекарасы межеленді.

Нұрсұлтан Әбішұлы халықаралық ұйымдарды, ұлы держава-лардың басшыларымен достық байланыстарын, өзінің жоғары беделін пайдаланып, қысқа мерзім ішінде елімізге Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін таба білді. Қысқа уақыт ішінде Еуразия кіндігінде барлық қазақстандықтардың мақтанышы болған, әрі кейінгі ұрпаққа тарихи мұра болар – Астана бой көтерді.

*Тарих ғылымына «Қазақстан жолы» атты жаңа термин енгізілді. Бұл жолдың оңай әрі қателіксіз болмағандығы тұрғысында Президенттің өзі бірнеше мәрте айтқан болатын. Ең бастысы, Қазақстан бүгінгі таңда өзінің болашаққа деген ұмтылысымен ерекшеленіп отыр.*

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екендігін бүгінгі күні әлемдік көшбасшылар мойындайды. Осындай пікірмен еліміздің қоғамтанушы ғалымдары және қарапайым қазақстандықтар да келіседі.

*Нұрсұлтан Әбішұлының өмірі мен қызметі – ауылдан шыққан қарапайым ғана азаматтың әлемдік деңгейдегі, аса көрнекті мемлекет қайраткері мәртебесіне дейін көтерілу жолының үлгісі.* Елбасының тікелей қатысуымен Қазақстан қантөгіссіз, шығынсыз бұрынғы Кеңестер Одағының құрамынан шығып, дамудың эволюциялық жолын таңдау арқылы халықаралық қауымдастықтың толық мүшесіне айналды.

**3. Еуразиялық инициатива.** Егемендік пен сыртқы саясаттағы дербестіктің айқын көрінісі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы жоба түрінде ұсынған «Мемлекеттердің Еуразиялық Одағы» мен Еуразиялық бастамасы болды. «Еуразия Одағы» жобасы аймақтық мәселелерді парасатты тұрғыда өрі өзара тиімділікпен шешу мақсатын көздейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Еуразия Одағын» құру жөніндегі бастамасы кездейсоқ ұсынылған жоқ. Еуразиялық идеяның тарихи, интеллектуалдық, саяси, халықаралық алғышарттары бар. Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасының саяси алғышартына Еуразия кеңістігінде жаңа егемен мемлекеттердің пайда болуы жатады. 1993 жылы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегінде Қазақстанға әлемнің назары ауып отырғандығын тілге тиек етіп, еліміздің географиялық жағдайын, этно-демографиялық және басқа дамуын ескере отырып, көпвекторлық бағдар ұстанудың аса маңыздылығын тұжырымдаған еді. Президент жобасында «Еуразия Одағын» құру Қазақстан мен Ресей одағынан басталуы мүмкін екендігін түсіндірумен айқындады.



Қазіргі әлемдегі Қазақстанның Еуразиялық мемлекет ретінде ұстанған бағыты Президент Н. Ә. Назарбаевтың тұжырымының дұрыс әрі өміршең екендігін көрсетті. Бұған айқын дәлел ретінде 2011 жылдан Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасындағы Кедендік Одақ өз қызметін бастады. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Еуразиялық доктринасының өмірде шынайы жүзеге асуын көрсетеді.



Доктрина, интеллектуалдық, инициатива

### Назар аударыңдар!

Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Доктрина** – ілім, ғылыми, саяси теория, тұжырым, шешуші теориялық немесе саяси қағида.

**Интеллектуалдық** – парасат, ақыл, зерде, ой өрісі, рухани зияткерлік.

**Инициатива** – ынта, өзіндік бастама, көпшіліктің шығармашылық ынтасы.

### ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



#### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті өмірбаянының негізгі кезеңдерін атаңдар.
2. Мемлекет басшысының елді нығайту мен дамытудағы рөлі қандай?
3. Президенттің сыртқы саяси стратегияны қалыптастырудағы рөліне қандай баға бересіңдер?
4. «Еуразия Одағы» жобасының мәні неде?



#### Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

– Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жастық шағы.

– Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қалыптастырудағы саяси қызметі.



#### Тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың туған жылы:

- а) 1938 жыл
- ә) 1940 жыл
- б) 1943 жыл
- в) 1949 жыл
- г) 1945 жыл

2. «Еуразия Одағы» жобасының ұсынылған жылы:

- а) 1991 жыл
- ә) 1992 жыл
- б) 1994 жыл
- в) 1998 жыл
- г) 2000 жыл

## **§64. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы**

**1. Қазақстан Республикасы астанасының ауысуы.** Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі өзгерістердің бірі астананың ауысуы болды. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан жолы» атты еңбегінде астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылдамас бұрын ұзақ ойланғанын, барлық қадамдарын есептеп, тарихшылармен, саясаттанушылармен, мәдениеттанушылармен ақылдасқанын, басқа елдердің астаналарын көшіру тарихымен танысқанын айта келіп, астананы ауыстырудың негізгі себептерін былайша түйіндейді:

*Біріншіден*, астананы ауыстыру Қазақстанды геосаяси жағынан күшейтудің қажеттігінен туындады. Сондықтан елдің бас қаласының орнын анықтауға ерекше көңіл бөлінді. *Астана өзіне еуропалық және азиялық озық дәстүрлерді сіңіріп отырған Еуразия құрлығының орталығы болып табылады.*



Астана. Ақорда.

*Екіншіден*, бұл шешімді қабылдағанда қауіпсіздік мәселесі де еске алынды. Тәуелсіз мемлекеттің астанасы, мүмкіндігінше, сыртқы шекараларынан жырақта және елдің ортасында орналасуы тиіс.

*Үшіншіден*, астананың орнын ауыстыру Қазақстанның экономикасын сауықтыру қажеттігінен де туындады. Ол елдің экономикасы үшін тиімділікті қамтамасыз етті. Облыс орталықтары дами бастады, экономиканың құрылыс материалдары өндірісі, жол тесініштері, энергетика және машина жасау сияқты салалары аяғынан тік тұрды. Тұрғын үй құрылысы бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен дамуда.

*Төртіншіден*, астананы көшіре отырып, құрамы жағынан көп ұлтты біз, тұрақты полиэтникалық мемлекетті құру, Қазақстанды мекендеп отырған халықтардың арасындағы достықты сақтау бағытын да есте ұстадық.

Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 6 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының астанасын ауыстыру туралы» қаулысы тәуелсіз мемлекетіміз астанасының тағдырын шешті. 1995 жылы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» заң күші бар Жарлығы, 1997 жылдың 20 қазанында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығы шықты. 1997 жылы 8 қарашада Ақмолаға мемлекеттік билік атрибуттары – Ту, Елтаңба мен Президент байрағы әкелінді.

*1997 жылдың 10 желтоқсанында Президент Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен Парламент пен Үкіметтің біріккен мәжілісі өтті. Осы күннен бастап Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болып танылды.*

1998 жылдың 6 мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді. Қазақстан Республикасы астанасының ресми тұсаукесері 1998 жылдың 10 маусымында өтті. *1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Қазақстан астанасына «Бейбітшілік қаласы» мәртебесі беріліп, медаль табыс етілді.*

**2. Серпінді елдің сәулетті Астанасы.** 1995 жылы «Жаңа астана» арнайы қоры құрылды. Қаланы одан әрі дамытуда 1996 жылы Астананы еркін экономикалық аймақ деп жариялаған шешім маңызды рөл атқарды. Қаладағы құрылыс жұмыстары кең масштабпен құлаш жайып, Астана халықтың көз алдында жайнап сала берді. Астанадағы ірі архитектуралық-көркем композициялардың бірі «Астана–Бәйтерек» монумент ескерткіші. Оның биіктігі 97 метр. Монумент астананың барлық көрінісіне шолу жасауға болатын көру алаңшасы бар өзгеше ғимарат.

Сол жақ жағалауда «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының ғажайып ғимараты тұрғызылды. Көлік және коммуникациялар, Қорғанис, Сыртқы істер министрліктерінің және Ұлттық кітапхана мен мұрағаттың ғимараттары салынды.

ҚР Президентінің резиденциясы – Ақорда, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, Үкімет пен министрліктердің бірнеше ғимараттары бой көтерді.

Астанада көптеген су бұрқақтары мен саябақтар салында. 2001 жылдан бастап жабдықталуы бойынша теңдесі жоқ Республикалық клиникалық аурухана жұмыс істейді. Республикадағы білікті маман дайындаудың жетекші орталықтарының бірі – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ашылды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ашылған Халықаралық деңгейдегі Nazarbayev University – Назарбаев Университеті жемісті жұмыс жасауда.

Президенттік мәдениет орталығында тарихи мұражай, қоғамдық кітапхана мен органды концерт залы орналасқан. Астананың көрнекі «Атамекен» этномемориалдық паркінде Қазақстанның барлық облыстары макеттік түрде көрініс тапқан.

*Бүгінде Астана – елдің ірі мегаполисі, жаңа ұрпақтың қаласы, Қазақстанның үйлесімді дамып келе жатқан елордасы. 2008 жылдың 6 маусымында Астана қаласының он жылдық, 2013 жылы он бес жылдық мерейтойы аталып өтті. Астана барлық қазақстандықтардың мақтанышына айналды.*



Геосаясат, мегаполис

### Назар аударыңдар! Бұл сендердің білгірліктеріңді арттырады!



**Геосаясат** – мемлекеттердің немесе мемлекет блоктарының аумақтық-кеңістік ерекше жағдайларының жергілікті, аймақтық, құрлықтық және әлемдік халықаралық үдерістердегі орны мен нақты тарихи ықпалын түсіндіретін теория.

**Мегаполис** – көптеген қалалар мен елді мекендердің қосылуы нәтижесінде пайда болатын ірі қоныстану аймағы.



### ДӘУІР ҚҰЖАТЫ

#### Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті өкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына және «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» 1994 жылғы 6 шілдедегі Республика Жоғарғы Кеңесінің қаулысына сәйкес **қаулы етемін:**

1. Былай деп белгіленсін:

Республиканың Парламенті мен Үкіметі Ақмола қаласына көшірілгенге дейін Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласы болып табылады;

Республиканың Президенті резиденциясының тұратын жері Ақмола және Алматы қалалары болып табылады.

2. Жоғары және мемлекеттік органдарды Ақмола қаласында орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік комиссиясы құрылсын, оған осы мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру құқығы берілсін.

3. Республика Үкіметі:

Ақмола қаласын абаттандыру жөніндегі бюджеттен тыс қаражатты жинақтау мақсатында бюджеттен тыс «Жаңа астана» қорын тағайындасын.

Ақмола қаласының құрылысы мен инфрақұрылымын дамытуға қатысушы инвесторларға салық, кеден және өзге де жеңілдіктер беру жөніндегі ұсыныстарды дайындап, республика Президентінің қарауына енгізісін;

Осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде өзге де қажетті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ.**  
Алматы, 1995 жылғы қыркүйектің 15-і.  
«Егемен Қазақстан», 16.09.95.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ



### Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Елорданы ауыстыру туралы шешімнің себептері неде?
2. Астананың әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері қандай?
3. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы қай жылы атап өтілді?
4. Жаңа Астананың тарихи мәні неде?



### Шығармашылық тапсырмалар

*Бөлімнің қосымшасындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңдар:*

- Астана Еуразия құрлығындағы мегаполис.
- Жаңа Астананың келбеті.
- Астана қаласын салудың тарихи маңызы.



### Тест тапсырмалары

1. Астана қаласының бұрынғы атауы:
  - а) Әулиеата
  - ә) Қызылжар
  - б) Ақмешіт
  - в) Ақмола
  - г) Кереку

2. 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Астана қаласына берілген мәртебе:
- а) «Жаңа қала»
  - ә) «Бейбітшілік қаласы»
  - б) «Әлем қаласы»
  - в) «Ақ Орда»
  - г) «Алтын Орда»

### БЕСІНШІ БӨЛІМНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ СҰРАҚТАРЫ

1. «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қашан жарияланды?
2. «Қазақ КСР Президенті» қызметі қай жылы енгізілді?
3. Семей ядролық сынақ полигоны қашан жабылды?
4. Қазақстан тарихындағы Республика Президентін алғашқы бүкіл-халықтық сайлау қай жылы өтті?
5. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауы қай жылы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді?
6. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қашан қабылданды?
7. Қазақстан қай жылы БҰҰ-ның толық құқықты мүшесі болды?
8. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциялары қай жылы, қай күні қабылданды?
9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің авторлары кімдер?
10. Ұлттық валюта қай жылы енгізілді?
11. Қазақстанның екі палаталы Парламентіне сайлау қай жылы өтті?
12. Республика астанасы Ақмола қаласына қай жылы көшірілді?
13. Астана қаласының он жылдық мерейтойы қашан атап өтілді?
14. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы халыққа Жолдауы қалай аталады?
15. Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптасуының ерекшеліктері қандай?
16. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы қашан өткізілді?
17. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуына не себеп болды?
18. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін ядролық қарудан бас тартудың мәні неде?
19. Қазақстанның Ресей мен Қытай, Еуропа, Азия елдерімен қарым-қатынастарының бағыттары қандай?
20. Қазақстанның түркі әлемі елдерімен өзара қатынасы қалай дамуда?
21. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың мемлекетті қалыптастыру мен дамытудағы қызметіне қандай баға бересіңдер?
22. Жаңа Астананың тарихи маңызы неде?
23. «Қазақстан–2050» стратегиясында қандай мақсат, міндеттер қойылды?